Сыр бойы

№176-177
(20052-20053)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

21 қараша, сенбі 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz www.syrboyi.kz

ЭКОНОМИКА
3 «Облыстың өнеркәсіптік әлеуеті әлі де зор»

МЕРЕЙ
4 «Өмірімнің ұмытылмас дәурені Қызылордада өтті»

ШАБЫТ
6 Ақын ғашық болған кез

РУХАНИЯТ
12 Айтары бар кітап

ПРЕЗИДЕНТ

РЕСЕЙЛІК ДЕЛЕГАЦИЯМЕН КЕЗДЕСТІ

Мемлекет басшысы «Астана» халықаралық қаржы орталығының алаңында Ресей Үкіметі басшысының орынбасары Алексей Оверчук пен «Сбербанк» БАҚ президенті, басқарма төрағасы Герман Греф бастаған ресейлік делегациямен кездесті.

Іс-шара барысында ресейлік делегация өкілдері Қазақстан Президентіне цифрлық шешімдердің жобалары, цифрландыру саласындағы кешенді әзірлемелері жайында егжей-тегжейлі айтып, Sber экожүйесін пайдалану тәжірибесімен бөлісті.

Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Үкіметінің басшыларымен және ресейлік делегация өкілдерімен экожүйелерді технологиялық тұрғыдан дамыту, мемлекеттік қызмет көрсету саласын цифрландыру мәселелері бойынша екіжақты іс-қимыл жөнінде пікір алмасты.

Кездесу соңында Мемлекет басшысының қатысуымен Қазақстан мен Ресей тарапы цифрландыру саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

СЫНДАРЛЫ КЕЗЕҢ және ӨҢІР ӨРКЕНІ

Жыл аяқталуға жақын. 2020 жыл әлемді шарпыған дағдарыспен ерекшеленіп, ол бүкіл еліміздегі сияқты облыс тынысына кері әсерін тигізгеніне қарамастан, аймақта бірқатар макроэкономикалық көрсеткіштерді оңды сипатымен қорытындылауға негіз бар. Бұған үстіміздегі жылдың 9 айының қорытындысы дәлел бола алады.

МАКРОЭКОНОМИКА

Өңдеу өнеркәсібінде өнім өндіру осы жылдың 9 айының қорытындысымен 3,5 процентке, ауыл шаруашылығында 3,1 процентке артты. Жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 5,4 процентке өсіп, олардағы нәтижелі еңбектің үлесі біршама артқанын атап өткіміз келеді.

Аймақта аталған кезеңде 485 мың шаршы метрден астам тұрғын үй алаңы пайдалануға берілді. Бұл өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда біршама артық.

Өткен жылға қарағанда инвестиция көлемі төмендеді. Себебі өткен жылы бірнеше ірі инвестициялық жобаларды іске асыру кезеңі аяқталды. Олардың үлесіне жылдық инвестициялар көлемінің шамамен үштен бірі тиісті екенін ескерсек, енгізілген шектеулерге байланысты жалпы экономикаға инвестициялар көлемі қысқарғанын объективті себеп ретінде бағалуға болады. Оның құрылыс жұмыстарына да кері әсері болды.

ӨНЕРКӘСІПТІ ӨРКЕНДЕТУ ШАРАЛАРЫ ҚОЛҒА АЛЫНДЫ

Облыста, сондай-ақ, жұмыс істеп тұрған кен орындарының сарқылуына байланысты мұнай өндіру көлемінің азаю үрдісі сақталып отыр. 9 айда 750 мың тоннадан астам өнім кем өндірілді. Жер қойнауын пайдаланушылар болжамына сәйкес, жыл қорытындысы бойынша 1 млн тоннадан астам мұнай кем өндіріледі деп күтілуде. Осыған орай облыста "Шу-Сарысу" шөгінді бассейнінің жер қойнауын зерттеу бойынша жұмыстар басталды.

Облыста Индустрияландыру картасы бойынша 554 млрд теңгенің жобалары жүзеге асырылуда. Олар толық аяқталғанда 7 мың жұмыс орны ашылатын болады. Арал ауданында балықты терең өңдейтін цех іске қосылды. Жыл соңына дейін тағы бір балық зауыты, сондай-ақ кварц құмын байытатын комбинат пайдалануға беріледі. Алдағы жылы жеті жоба, оның ішінде шыны зауыты пайдалануға берілетін болады. Облыс бойынша маңызды жоба калцийленген сода өндірісі іске қосылмақ.

АГРОӨНДІРІС КЕШЕНІНІҢ ҮЛЕСІ АРТТЫ

Өндірістің өсуі ауыл шаруашылығы саласында да байқалады. Соңғы 5 жылда жалпыөңірлік өнімдегі агросектордың үлесі 4 процентке дейін ұлғайды. Бұл инвестициялардың өсім қарқыны мен жаңа технологиялардың енгізілуіне байланысты өріс алғанын атап өткіміз келеді.

2-бет

МЕРЕЙТОЙ ИЕСІН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Еңбек ардагері, «Темірбек Қараұлы Жүргенов» қоғамдық қорының төрағасы Сәпен Аңсатовты 80 жасқа толу мерейтойымен құттықтады. Аймақ басшысы мерейтой иесінің ғибратты ғұмыры өзгелерге үлгі, жастарға өнеге екенін айтып, ұзақ ғұмыр шығармашылығына зор табыс тіледі, деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

– Аймағымыздың қоғамдық-саяси өміріне белсенді араласып жүрген құрметті азаматтарымыздың бірісіз. Түрлі басылым беттерінде адами қасиеттерді ұлықтайтын, ұрпақ тәрбиесіне байланысты мақалалар, «Мәуелі мезгіл» ғұмырбаяндық және ата-бабалар ұстанымдары жайлы «Болмыс» атты кітап жазып, құнды мұрамызды толықтырдыңыз. Сіздің еңбек жолыңыз өскелең ұрпаққа өнеге болары анық. Бүгінгі мерейтойыңыз құтты болсын! – деді облыс әкімі.

Мұнан соң аймақ басшысы Еңбек ардагеріне облыстың Құрмет грамотасын табыстап, иығына шапан жапты. Кездесуде облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев пен облыстық мәслихат депутаты Шәкизада Әбдікәрімов мерейтой иесінің өмір жолынан естеліктер айтып, елге сіңірген еңбегінің орасан екенін жеткізді.

Өз кезегінде Сәпен Аңсатов құрмет көрсетіп, еңбегін елеген аймақ басшысына алғысын айтты.

Еске салайық, Сәпен Аңсатов 1940 жылы 21 қарашада Қармақшы ауданы, Жосалы кентінде дүниеге келген.

1975 жылы Қызылорда қаласындағы «Комсомол» совхозтехникумын техник-механик мамандығы бойынша, 1984 жылы Жамбыл су шаруашылығы құрылысы институтын инженер-механик мамандығы бойынша сырттай оқып бітірген.

1958-1976 жылдары Жосалы механикалық зауытында токарь, слесарь, мастер, механикалық цех бастығы, комсомол, кәсіподақ ұйымдарының жетекшісі болды.

1977-2000 жылдары Қызылорда ағаш өңдеу, силикат қабырғалық материалдар зауыттарында, мұнай базасында директор, «Қызылорда мұнай өнімдері» акционерлік қоғамының вице-президенті, «Сырдария мұнай өнімдері» акционерлік қоғамының президенті қызметтерін атқарды. 2000 жылдан бастап зейнетте.

Қармақшы ауданының және Қызылорда қаласының Құрметті азаматы. «Құрмет» орденінің иегері.

«СБ» ақпарат

COVID-19: МАМАН МІНБЕРІ

АУЫРМАЙТЫН ЖОЛ ІЗДЕЙІК

COVID-19 вирусының эпидахуалы әлем бойынша күрделеніп барады. Біздің елімізде де жағдай қалыпты емес. Бірқатар өңірлерде карантиндік шаралар күшейтілді. Біздің облыста ахуал тұрақты болғанымен, қауіпті кеселдің қашан, қайдан келетінін болжау қиын. Сондықтан жағдайға бейжай қарамай, сақтық шараларын қатаң ұстанудың маңызы зор.

№1 емхана бойынша індеттің алғашқы кезеңінде 240 науқас тіркелсе, 382 адам пневмониямен ауырды. Оған қоса 40 әріптесіміз пневмонияға шалдықса, 5-уі коронавирус инфекциясын жұқтырды. Қазан айында 2 адамнан аталған вирус анықталса, қарашада тағы 2 науқас тіркелді.

Емхана 40 мыңнан аса тұрғынға қызмет көрсетеді. Пандемия кезінде 5 мобильді топ жұмыс істеді. Сонымен бірге Call орталық ұйымдастырылып, қызмет атқарды. Мобильді топтың бір бөлігі науқастарды көрсеткішіне қарай провизорлық және карантиндік стационарларға тасымалдады. Келесі бір топ індеттің симптомсыз және жеңіл түрлерімен ауырған, сонымен бірге стационардан орташа және ауыр дәрежеде емделіп шыққан науқастарды бақыласа, үйдегі стационар бойынша ем тағайындалған пневмония диагнозы нақтыланған науқастарға да көмек берді. Қазіргі кезде 2 мобильді топ жұмыс істеуде. Егер қажет болған жағдайда олардың санын арттырамыз. Қазіргі кезде вирустың болжамды екінші толқыны туралы айтылып, дайындық жұмыстары пысықталуда. Осы орайда емхана қызметі де барлық санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, ұйымдастырылуда. Фильтр бөлімі бар. Науқастарды қабылдау алдын ала жазылу арқылы жүргізілуде. Жеке қорғаныш құралдары қоры жеткілікті мөлшерде жасақталған. Мамандарымыз арнайы курстардан өтті.

Қауіпті кесел әлем елдерін күн өткен сайын тығырыққа тіреуде. Мұны күнделікті жаңалықтардан көріп-біліп отырмыз. Аймағымызда ахуал тұрақты болғанына қарамастан, «ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын изде» деген халқымыздың тәмсілін естен шығармай, сақтық шараларын мұқият орындаудың маңызы зор. Олай болса, маска кию, арақашықтық сақтау, қолды жиі жуу, көпшілік жерге бармау секілді аурудан сақтанудың қағидасын қатаң ұстанайық.

Рахима СЕРАЛИЕВА,
№1 қалалық емхана бас дәрігері

БӘРЕКЕЛДІ!

АЙСАМАЛДЫҢ АЛТЫНЫ

«Сыр бойы» газеті өткен санында ғана Рахат Бекболаттың әлем кубогында алтын алғанын сүйіншілеген еді. Енді міне, Перуден тағы бір ақжолтай хабар жетіп, қызылордалық Айсамал алтыннан алқа тақты.

Айсамал жаһандық жарыста қыздар арасында 81 келіден жоғары салмақта сынға түсті. Жұлқа көтеруде 107, серпе көтеруде 137 келіні бағындырып, қоссайыс нәтижесінде 244 келімен Қазақстан қоржынына тағы бір алтын салды. Айта кетейік, ол өткен жылы Солтүстік Кореяның Пхеньян қаласында болған Азия чемпионатында 2 мәрте күміс жүлде иеленген.

А.Сансызбаева Шиелі ауданында дүниеге келген. Қазір Жалаңтөс Баһадүр атындағы олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжінде оқиды. Оған Арман Абдраев және Нұрсұлтан Бахрадин сынды бапкерлер тәлім береді.

Дүбірлі додада қазақстандық Жанәли Тұяқов үшінші орынды жеңіп алды. Осыған дейін Абылай Әуелханов пен Рахат Бекболат алтын алса, Гүлнұр Ыбырай қола жүлдеге қол жеткізген болатын.

Әлем кубогында ел намысын облысымыздан төрт спортшы қорғады. Олардың қатарынан Рахат Бекболат пен Айсамал Сансызбаева Әлем кубогінің жеңімпазы атанды. Ал Азамат Төлеген мен Мейрамбек Әбдіхалық 4-орынды иеленді.

«СБ» ақпарат

МЕМОРАНДУМ

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР – ИГІЛІК КӨЗІ

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалығымен инвестициялық жобалар бойынша мәжіліс өтті. Жиынға мемлекеттік орган өкілдері мен инвесторлар қатысты. Онда өңірімізде экспортқа бағытталған 2 инвестициялық жоба таныстырылып, жүзеге асырушы компания құрылтайшыларымен меморандумға қол қойылды деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

– Бүгін қарастырылып отырған екі жоба да салаға жаңа серпін береді деп санаймын. Пайдаланылған суды екінші рет қайта қолдану және жаңбырлатып, тамшылатып суару әдістерін кеңінен қолдану есебінен біз әртараптандыруға бағытталған жұмыстарымызды жетілдіре түсеміз. Сондықтан, бұл бағыттағы егін орналастыру көлемі мен малазықтық дақылдар үлесі ұлғайтылатын болады. Ұсынылған жобаларды қолдап, жүзеге асыруымыз қажет», – деді облыс әкімі.

Бірінші жоба – «Қызылорда AGRO PLUS» ЖШС-ның «Жаңақорған ауданында тамшылатып суару әдісімен 3 мың гектар жерге өндірістік негізде қызанақ дақылын өсіру» және куаттылығы жылына 15 мың тонналық қызанақ пастасын өндіретін зауыт құрылысын инвестициялау жобасы.

Жоба құны – 26,8 млн евро. Жалпы жобаны жүзеге асыру барысында 500-ге дейін жұмыс орнын ашу көзделуде. Мақсат – Қазақстанның өңірлерінде қойылтылған томат пастасын өндіру бойынша толық циклді зауыт құру. Құрылтайшысы – «Orbis Agro» компаниясы.

Аталған серіктестік – республикаға белгілі «Orbis Kazakhstan» ЖШС-ның ауылшаруашылық бағытында қызмет көрсететін еншілес компаниясы.

Екіншісі – Шиелі ауданында жаңбырлатып суару әдісімен 10 мың гектар жерге жоңышқа егу жобасы. Жүзеге асыратын – «Тың Өріс» ЖШС.

Жоба аясында Шиелі ауданында пайдаланылған ағын суды қайта қолдану арқылы жаңбырлату тәсілімен 10 мың гектарға жоңышқа дақылын егу қолға алынады.

Сонымен қатар жоба өңірімізге 10,6 млн АҚШ доллары шамасында инвестиция тартуға, өнімін экспортқа шығаратын өңдеу кәсіпорнын ашуға бағытталады деп жоспарлануда. Жүзеге асыру барысында 200 адам жұмыспен қамтылады.

Облыс әкімі жауапты сала басшыларына өндіріс зауыттарын салатын инфрақұрылымы қамтылған жер учаскелерін белгілеуді, қажетті инженерлік-инфрақұрылым жүйелерін жүргізуді, Индустрияландыру картасына енгізуге өңірлік үйлестіру кеңесінде жеделдетіп қарауды және аталған инвестициялық жобалардың толық іске асырылуын қамтамасыз етуді тапсырды.

«СБ» ақпарат

Суретті түсірген Н.НҰРЖАУБАЙ.

СЫР ЖАСТАРЫ ЖЕҢІС ТӨРІНДЕ

Облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет «Үркер» Ұлттық сыйлығы байқауының жеңімпазы, «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты «Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігінің бас редакторы Нұрсұлтан Мықтыбаевты қабылдап, құттықтады. Кездесуде облыс әкімінің орынбасары Нұрсұлтанның жеңісі – Сыр журналистикасы үшін үлкен жетістік екенін ерекше атап өтті.

Sb **Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы»**

Мұнан соң өңірлік коммуникациялар қызметінде байқау жеңімпазы Нұрсұлтан Мықтыбаев, облыстық «Жас Ұлан» ББЖҰ қоғамдық бірлестігінің төрайымы Гүлайым Ақмырзаева мен медиа чемпионаттың қатысушысы Шернияз Жалғасбекұлы брифинг өткізді. Онда медиасауаттылық бойынша өткен республикалық чемпионат пен «Үркер» Ұлттық сыйлығы турасында айтылды.

Жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін, «Үркер» ұлттық сыйлығы биыл да жалғасын тапты. Баспа, радио, интернет-журналистика саласындағы үздік жұмыстарға арналған сыйлықтың мақсаты – журналистика мәртебесін арттыру, талантты журналистер мен шығармашылық ұжымдарды анықтап, олардың қоғам дамуына қосқан үлестеріне құрмет көрсету.

– Биыл байқау 2 қазан мен 5 қараша аралығында, 11 аталым бойынша ұйымдастырылды. «Жыл репортажы» аталымына 159 өтініш қабылданып, оның 4-і ақтық сынға түсті. Соңғы кезеңде қазылар алқасы жасырын түрде дауыс берді. Бұл жетістік менің ғана емес, Сыр журналистикасының жеңісі деп білемін, – деді байқау жеңімпазы Н.Мықтыбаев.

Ал медиасауаттылық бойынша республикалық чемпионат елімізде алғаш рет ұйымдастырылды. Еліміздің барлық өңірінен 20 команда бақ сынаған. Қатысушылар киберқауіпсіздік, медиасауаттылық, IT, журналистика саласындағы жетекші сарапшылардан дәріс тыңдады. 14 пен 29 жас аралығында өткен чемпионатқа аймақтан 5 жас қатысып, «Үздік команда» номинациясын жеңіп алды.

– Жобаның мақсаты – жастар мен балаларды интернетке тәуелділіктен арылту. Желідегі әрбір ақпараттың дұрыстығы мен бұрыстығына көз жеткізе білу, дұрыс ойлауға тәрбиелеу. Тренинг барысында жастар фактчекинг, fakenews немесе fake туралы мағлұмат алып, тәжірибе жинақтады, – деді облыстық «Жас Ұлан» ББЖҰ қоғамдық бірлестігінің төрайымы Гүлайым Ақмырзаева.

СЫНДАРЛЫ КЕЗЕҢ ЖӘНЕ ӨҢІР ӨРКЕНІ

Мысалы, 2019 жылы агроөнеркәсіптік кешеннің негізгі капиталына 6,7 млрд теңге инвестицияланса, тек 9 айда көрсеткіш 8 млрд теңгеден асты. Бұл ретте, ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты шамамен 12 процентке өсті, оның түгелге жуығы қайта өңделген өнім үлесіне тиеді. Алғаш рет Ресейге мұздатылған көкөніс пен жаңа піскен қызанақ жеткізілді. Германияға алғашқы 420 тонна қамыс жіберілді. Жалпы, биыл әлемнің 17 еліне ауыл шаруашылығы өнімдерінің 11 түрі экспортталды.

Күріш өсірушілеріміз гектарына 61,8 центнер өнімнен 550 мың тоннадан астам күріш жинап, жоғары нәтижеге қол жеткізді. Су тапшылығына орай оны аз талап ететін дақылдардың егістіктерін кеңейту жөнінде ауқымды жұмыстар жүргізілуде.

Мәселенің маңыздылығын ескеріп, көлемі 2,3 миллиард текше метрді құрайтын 6 су қоймасын салу жоспарлануда. Сонымен бірге облыста «Қызылорда», «Әйтек» су торапторын қайта жаңғырту, «Жиделі» су қоймасын жөндеу, Жалағаш ауданындағы ирригациялық дренаж жүйесін жетілдіру бойынша ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру жұмыстары басталды. Өңірде 143 мың гектар алқаптың ирригациялық және дренаждық жүйесін, 29 мың гектар суармалы жерлерді қалпына келтіру және айналымға енгізу жобалары ауыл өндірісіне жаңа серпін беретін болады.

Сыр өңірінде сондай-ақ заманауи суару жүйелеріне ерекше мән берілуде. Атап айтқанда, пилоттық режимде Жаңақорған ауданында күздік бидай себілген 80 гектар жерге аквагель қолданылды. Бұл гектарына орта есеппен 18 центнерден өнім жинауға мүмкіндік берді.

Өңірде төрт түлік саны біршама өсті.

Қазір жайылымдардың тиімділігін арттыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Ол үшін пайдаланылмаған жайылымдардағы 452 су көзін жөндеу жоспарланды. Осы мақсатта шамамен 7 миллион гектар жерді пайдалану көзделіп отыр.

Облыста мал шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өңдеу бойынша жалпы сомасы 10 миллиард теңгеден астам 33 жоба жүзеге асырылуда.

Өңірде 2030 жылға дейінгі балық шаруашылығын дамытудың бағдарламасы жасалды. Оны іске асыруға 28 миллиард теңгеден астам қаржы бөлінеді. Бұл тауарлы балық көлемін 34 есеге ұлғайтуға мүмкіндік береді, ал балық өнімдерінің экспорты қазіргі 4,2 мың тоннадан 8,5-ке дейін артады. 55 тауарлы балық аулау фермасы, 10 тоған, 4 торлы ферма салынады.

ТҰТЫНУ НАРЫҒЫ ТҰРАҚТАЛДЫ

Облыста бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу мақсатында шаралар қабылдануда. Осының нәтижесінде тұтыну бағаларының индексі, соның ішінде тамақ өнімдері орташа республикалық көрсеткіштен төмен деңгейде сақталуда. Үстіміздегі жылдың 6 айының мәліметтері бойынша халықтың нақты жалақы және ақшалай кірістер индексінің өсуі байқалады. Жұмыссыздық 4,9 деңгейінде сақталуда.

Жыл басынан бері 19 мыңға жуық жаңа жұмыс орны құрылды, оның 14 мыңы тұрақты. Коронавирус дерті шағын бизнестің жұмысын шектеді. Осындай ауыр кезеңде көптеген кәсіпкерлерге салық жеңілдіктері берілді. Жыл аяғына дейін осындай жеңілдіктер бірқатар кәсіпкерлерге берілетін болады. Пандемия қызмет саласына залалын тигізді. Осыған орай мейрамханалар қазір өз мақсатын басқа бағытқа жұмылдырып отыр. Бизнес қауымдастық жалпы құны 270 млрд теңгеден астам жобаларды жүзеге асыратын болады. Бизнеске көпбалалы аналар тартылуда.

Тұрақты табыс пен халықтың өмір сүру сапасы – бұл біздің ең маңызды басымдықтар.

ҚҰРЫЛЫС ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ – ХАЛЫҚ ИГІЛІГІ ҮШІН

Осы жылға арналған Жұмыспен қамтудың Жол картасы аясында жалпы сомасы 38,9 млрд теңгеге 277 инфрақұрылымдық жобаны жүзеге асыру көзделген, бұл 9,5 мыңға жуық адамды жұмыспен қамтиды.

Биыл облыста 1946 пәтерлік 98 көппәтерлі тұрғын үй салынуда, оның 969 пәтерлік 74-і жыл соңына дейін пайдалануға беріледі.

Келесі жылы Байқоңыр қаласында Қазақстан азаматтары үшін тұрғын үй салу жалғасын табады. Өткен жылы «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша 30 жылда алғаш рет 250 пәтерлік бес тұрғын үй салынды.

Кезекте тұрған 1300-ден астам қазақстандықты ескере отырып, Байқоңыр қаласында тағы да елу пәтерлік 5 үйдің құрылысын 2021 жылы бастау туралы шешім қабылданды.

Үкіметтің қолдауы нәтижесінде инженерлік коммуналдық инфрақұрылымды дамыту мәселелері де шешімін табады деп күтілуде.

Бүгінде облыс халқының 97 проценті орталықтандырылған сумен қамтамасыз етілген және халықтың 63 проценті табиғи газды тұтынады.

Үстіміздегі жылдың маусым айында Арал ауданының Жақсықылыш кентіне газ орнатылды. Келесі жылы газдандырылмаған жалпы саны 50 мың халық тұратын 5 елдімекенге, оның ішінде 3 аудан орталығына «көгілдір отын» бармақ. Нәтижесінде, жыл соңына дейін облыс халқының 70 проценті табиғи газ игілігіне қол жеткізеді.

Су құбыры және кәріз желілерін қайта жаңартуға жалпы құны 4,2 млрд теңге болатын 28 жобаны іске асыру жұмысы жүргізілуде. Бұл 101 мыңдай тұрғынды таза ауызсумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қызылорда қаласында 15 шақырым жылу желісін жаңарту жұмыстары жүргізілді. Бұл жылу желілерінің тозуын едәуір азайтуға негіз қалап отыр.

Облыста 498 шақырымнан астам көлік жолы, көшелер мен көпір өткелдері жөнделді. Әлеуметтік салада 30 әлеуметтік нысанның құрылысы жүргізілді.

Облыста коронавирустың екінші толқынына дайындық жүргізілуде. Кезінде жіберілген кемшіліктерден тиісті шаралар жасалды. 3200 төсек-орынды 21 стационар құрылысы аяқталуда. Аймақтың басқа да өңірлерінде тиісті шаралар қабылданды. Дәрі-дәрмек қоры толық жасақталды.

Оқушыларға қашықтан оқытуға қажет мектеп теңгеріндегі 14 мыңнан астам компьютер берілді. Бюджет қаражаты мен демеушілер есебінен 27 мыңға жуық компьютерлік техника сатып алынды. Олар тұрмысы төмен отбасының балаларына табысталды.

Апатты мектептерді жою бағытындағы жұмыстар жалғасуда. 140 орындық бір мектептің құрылысы аяқталды, тағы бір мектептің құрылысы жалғасуда. Келесі жылы үшінші мектептің құрылысын бастаймыз. Облыста жекеменшік мектептердің құрылысы бойынша инвесторлармен жұмыс жүргізіліп жатқанын атап өткіміз келеді.

Биыл жоғары оқу орындарында аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан дарынды ауыл балалары үшін берілетін грант саны 150-ге дейін өсті.

Облыс бюджеті соңғы деректер бойынша 360 млрд теңге көлемінде қалыптасады деп күтілуде. Бұл облыстың 2020 жылға арналған әлеуметтік міндеттемелерін толық жүзеге асыруға негіз қалайды.

1-бет

САЙЛАУ - 2021

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен мәслихат депутаттары сайлауына орай "Сыр медиа" ЖШС облыстық, қалалық және аудандық газеттерде сайлауалды үгіт-насихат материалдарын газет бетінде орналастыру бойынша өз қызмет құнын ұсынады:

Облыстық **"Сыр бойы"** газеті 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады. Газет форматы А2, Д2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына үш рет: **сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері.**

Таралымы – 26 524 дана.

Облыстық **"Кызылординские вести"** газеті 1930 жылдың 1 қаңтарынан шығады. Газет форматы А2, Д2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына үш рет: **сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері.**

Таралымы – 7 915 дана.

Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны облыстық "Сыр бойы" және "Кызылординские вести" газеттерінде ҚҚС қоса есептегенде:

- бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 500 теңге;
- ішкі беттерде орналастыру – 250 теңге;
- ең соңғы түрлі-түсті бетте – 300 теңге.

Облыстық "Ақмешіт жастары" газеті аптасына 1 рет шығады: бейсенбі күні. Таралымы – 8091 дана.

Бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде:

- бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 250 теңге;
- ішкі беттерде орналастыру – 150 теңге;
- ең соңғы түрлі-түсті бетте – 180 теңге.

Қалалық және аудандық газеттер бойынша: Қызылорда қалалық **"Ақмешіт апталығы",** Арал аудандық **"Толқын"**, Қармақшы аудандық **"Қармақшы таңы"**, Жалағаш аудандық **"Жалағаш жаршысы"**, Сырдария аудандық **"Тіршілік тынысы"**, Шиелі аудандық **"Өскен өңір"**, Жаңақорған аудандық **"Жаңақорған тынысы"** газеттерінің шығарылымы аптасына екі рет: **сейсенбі, сенбі** күндері.

Газеттердің таралымы – 2845 - 6617 дана аралығы.

Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны қалалық және аудандық газеттеріне ҚҚС қоса есептегенде:

- бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 250 теңге;
- ішкі беттерде орналастыру – 150 теңге;
- ең соңғы түрлі-түсті бетте – 180 теңге.

Қазалы аудандық "Қазалы" газеті аптасына 2 рет шығады: сейсенбі, сенбі. Таралымы – 5514 дана.

Бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде - 140 теңге.

Үгіт-насихат материалдары 2020 жылдың 11 желтоқсанынан 2021 жылдың 06 қаңтарына дейін қабылданады.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4-А (Назарбаев Зияткерлік мектебінің жанында). Жарнама бөлімі: 8 (7242) 70-00-52, коммутатор: 40-11-10 /1058/, e-mail: smjarnama@mail.ru

БРИФИНГ

КЕЛЕР ЖЫЛЫ КАЛЬЦИЙЛЕНГЕН СОДА ЗАУЫТЫ САЛЫНАДЫ

Биыл облыста 5 түрлі өнім 10 елге экспортқа шығарылған. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Ринат Сұлтангереев айтып берді. Оған қоса өңірде жүзеге асырылып жатқан және жоспарланған индустриялық жобаларға кеңінен тоқталды.

Жалпы, өңірде құны 150 млрд теңгені құрайтын 26 жоба жүзеге асырылып, 1,7 мың жұмыс орны іске қосылған. Жыл басынан бері іске қосылған жобалардың арқасында 25,2 млрд теңгенің өнімі өндірілген. Индустриялық бағдарламаның үшінші бесжылдығында 26 жоба қолға алынып, жүзеге асырылуда. Нәтижесінде 6,7 мың адам жұмыспен қамтылған. Сонымен қатар жыл соңына дейін құны 1,2 млрд теңгені құрайтын, 3 жоба іске қосылмақ. Онда 202 адам жұмысқа тартылатын болады. Бүгінгі күні «Сервистік дайындау орталығы» ЖШС-ның «Тауарлы балықты өсіру және терең өңдеу кешенін кеңейту цехының» бірінші кезеңі басталды. Қалған 2 жоба жыл соңына дейін жұмыс істейді.

Бұдан бөлек, келер жылы 2 ірі жобаның құрылысы басталмақ. Олар – «Шалқия» кен орнын игеру және кальцийленген сода зауыты. Мұнан өзге Индустрияландыру бағдарламасы аясында құны 6,2 млрд теңгені құрайтын 3 жобаның құрылысы басталды. Атап айтар болсақ, ас тұзы, түйе сүтінен жасалған құрғақ ұнтақ, шыны пластикалық құбыр жобасы.

Басқарма басшысының мәлімдеуінше, келер жылы 7 жобаны іске қосу жоспарланып отыр. Егер жобалар уақытылы іске асатын болса, 700-ден астам адам жұмыспен қамтылмақ. Инвестицияның жаңа толқынын тарту мақсатында біршама жұмыстар бар. Мәселен, биылғы жылы «2023 жылға дейінгі облыстың экономикалық дамуы» жоспары бекітілген. Жоспар аясында 265 инвестициялық жобаны іске асыру көзделген. Олардың ішінде инновациялық жобалар да бар. Ауыл шаруашылығы өнімдерін тереңінен өңдеу саласындағы жобаларды іске асыруға да көңіл бөлінуде. Осы бағытта 10 жоба қолға алынатын болады.

ЕМХАНАҒА ТІРКЕЛУ НАУҚАНЫ АЯҚТАЛДЫ

Елімізде 15 қыркүйек - 15 қараша аралығында емханаға тіркелу науқаны жүргізілді. Нәтижесінде облыста 3939 тұрғын медициналық ұйымды өз еркімен таңдады. Оның ішінде 2511 адам медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету ұйымы арқылы тіркелсе, қалған 1 428-і онлайн қызметті қолданды.

Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ облыстық филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов баяндады.

Өңірде тіркеу науқанына 21 медициналық ұйым қатысқан. Оның 8-і – жеке медициналық мекеме. Келесі жылы кепілдендірілген тегін медициналық көмек шеңберінде тұрғындарға қызмет көрсетеді.

– Бастапқы медициналық көмек көрсететін ұйымды бірнеше жағдайда өзгертуге болады. Егер адам өзінің тұрақты немесе уақытша тұрғылықты жерін, жұмысын немесе оқу орнын өзгерткен болса, басқа елді мекенге қоныс аударса, емхана әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының жеткізушілері қатарынан шығып кетсе, тіркеуді ауыстыруға мүмкіндік бар. Бұдан басқа кез келген азаматтың жылына бір рет тұрғылықты жері бойынша емхананы ауыстыруға құқығы бар. Егер тіркелген адамдар шамадан тыс көп болса, денсаулық сақтау басқармасының бұйрығымен қызмет көрсету аймағынан тыс жерде тұратын азаматты емханаға тіркемеуі мүмкін. Жалпы практикалық дәрігердің учаскесінде 1700 пациенттен артық болмауы тиіс,– деді ол.

Тіркелген азаматтар келер жылдан бастап тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және МӘМС жүйесінде медициналық көмекті ала бастайды. Сақтандыру мәртебесін электрондық үкімет порталында, қор сайтында, Telegram-дағы «SaqtandyryBot» және «Qoldau 24/7» мобильді қосымшасы арқылы білуге болады.

«СБ» ақпарат

МӘМС

САҚТАНДЫРУҒА САЛҒЫРТ ҚАРАМАЙЫҚ

Жыл басынан бері міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі енгізіліп, шілде айына дейін барлық азаматтар шартты түрде сақтандырылған болатын. Соның негізінде тұрғындарға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі мен МӘМС жүйесіндегі медициналық пакеттер теңдей көрсетілді.

Sb **Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»**

Бүгінде облыс көлемінде 143 653 адам МӘМС жүйесінде сақтандырылмаған. Шағын және орта бизнес субъектілерін өзектендіру көрсеткіші бойынша облысымыз 70 процентті құрап, республикада 7-ші орында тұр. Нақтырақ айтқанда, қазіргі кезде 8427 шағын және орта бизнес субъектісі болса, соның 5810-ы өзектендіріліп, 2617-сі өзектендірілмеген. Ал бұл өз кезегінде келер жылдан бастап тұрғындардың медициналық көмек алуына әсерін тигізетін болады. МӘМС жүйесіндегі осы және басқа мәселелер туралы облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамовтың төрағалығымен өткен МӘМС мәселелері жөніндегі өңірлік штаб отырысында «ӘМСҚ» КЕАҚ облыс бойынша филиал директоры Бақыт Исмаханбетов мәлімдеді.

Жиынға тиісті сала басшылары және селекторлық режимде аудан әкімдерінің орынбасарлары қатысты.

Филиал директорының айтуынша, 7 мыңға жуық тұрғын және өзін-өзі жұмыспен қамтыған 4600-ге жуық адам өзектендірілмеген.

– Мемлекет басшысы Жолдауда шағын және орта бизнес қызметкерлерінің медициналық көмек алу құқығын жыл соңына дейін ұзартуды тапсырды. Осыған орай Үкімет қаулысымен 8427 шағын және орта бизнес субъектісінің 12 мыңнан астам қызметкері МӘМС жарналары мен аударымдарын төлеуден босатылды. Қазіргі кезде 2617 ШОБ субъектісі қызметкерінің тізімі өзектендірілмей отыр. Жұмыс берушілерге қызметкерлерін «Saqtandyru» ақпараттық жүйесіне тіркеу қажеттігі туралы айтылып келеді. Жүйеге мемлекеттік кірістер департаменті сайты арқылы немесе «Qoldau-24/7» мобильді қосымшасы арқылы тіркелуге болады, – дейді филиал директоры Бақыт Торғайбайұлы.

Осы орайда ол «Qoldau-24/7» қосымшасына тіркелу жұмысының өте баяу жүргізіліп жатқанын алға тартты. Қосымшадан қолданушы керекті кеңес алып, шағым жолдай алады, сонымен бірге сақтандыру мәртебесін тексере алады және МӘМС жүйесінде сақтанушының уақытша мәртебесін ала алады.

– Алайда мобильді қосымшаны жүктеу мониторингі көрсеткендей, біздің өңір соңғы орында тұр. 20-59 жас аралығындағы 395237 тұрғынның 3026-сы ғана жүйеге тіркелген,– деді ол.

Сондай-ақ мәжілісте аймақтағы жоғары және арнаулы орта оқу орындары студенттерінің өзектендірілуі жайлы айтылды. Қазан айында қор филиалы 145 студентке уақытша сақтандырылған мәртебесін берген. Әрі қарай Білім және ғылым министрлігіне хабарлануы керек. Бұдан бөлек электронды үкімет порталында шетелде оқитын студенттерді тіркеу үшін мемлекеттік қызмет түрі пайда болды. Бұл өз кезегінде студенттердің әлі де болса электронды базаға толық енгізілмегенін көрсетеді.

Бүгінде аймақта 475-тен астам тұрғын 15 жеңілдік санатына кіреді. Олардың қатарында зейнетақы төлемдерін алушылар, соның ішінде ҰОС қатысушылары мен мүгедектері бар. Бірақ Байқоңыр қаласындағы Ресей Федерациясынан зейнетақы алатын зейнеткерлерге сақтандыру мәртебесін беру мәселесі өзекті болып отыр.

Штаб отырысында сала өкілдері сұрақтарын қойып, оларға тұшымды жауап берілді. Көтерілген мәселелерге байланысты облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов тиісті сала басшыларына бірқатар тапсырмалар жүктеді.

СЫР-СҰХБАТ

Қабылбек ҚЫСТАУБАЕВ:

«ОБЛЫСТЫҢ ӨНЕРКӘСІПТІК ӘЛЕУЕТІ ӘЛІ ДЕ ЗОР»

Біз Сыр өңірінде алғашқы рет мұнай кәсіпшілігінің өз өндірісін қалай бастағанын, оның бастауында кімдер жүргенін жақсы білеміз. Алдымен сол кездегі облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болған Еркін Әуелбековтың, одан кейін басшылық тізгінін ұстаған Сейілбек Шаухамановтың Мәскеу кабинеттерін жағалап, аграрлық аймақты өнеркәсіптік өлкеге айналдыруға деген орасан күш-жігері көп ұзамай жемісті нәтижеге жеткізді. «Маңғыстаумұнайгаз» бірлестігінен оңаша шаңырақ құрып, Қызылордада құрылған «Оңтүстікмұнайгаз» мұнай өндіру басқармасы Құмкөлде вахталық қалашықтың іргесін қалап, Сырдың қойнауынан алғаш рет мұнай тасқыны атқылады. Сол алғашқы қадамдардың сәтті жасалуы бүгінде елдің берекесін арттыруымен бірге бюджеттің де кіріс көзін молайтуға едәуір негіз қалады.

Мұнай алқабын игеру қалай басталды? Бүгінде әлемде шикізат өндіруге деген көзқарас өзгере бастаған күрделі уақытта біз үшін мұнай-газ өндірісінің келешегінен не күтеміз? Бұл тұрғыда Сыр өңірінің әлеуеті қандай? Осы және басқа да сауалдарға жауап алу үшін газетіміздің «Сыр сұхбат» айдарымен беріліп жатқан мақалалар топтамасының кезекті қонағына сөз беруді ұйғардық. Ол – Қабылбек Қыстаубаев, мұнай саласының білікті маманы, бірнеше рет аты өзгерген департаменттерді ширек ғасырға жуық басқарған, қазір ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы.

Ж.А:–Қабылбек Қыстаубайұлы, дәл күні есімде қалмапты, бірақ кешегі «Ленин жолы», бүгінгі «Сыр бойы» газетінің тілшісі ретінде сіздермен, яғни Құмкөлдің алғашқы қарлығаштарымен сол 80-ші жылдардың соңғы жылдары жүздескен болуым керек. Вахталық қалашықта шетелдік қоныс үйлерді көріп таңырқастық. Мұнайшылардың еңбек тынысымен танысып, оларға жасалған жағдайдың, қамқорлықтың соншалықты керемет екенін сезіну бақыты бізге бұйырыпты. Бақыт дегенім, жүгірген жабайы аң мен ұшқан құстан басқа тірі пендені көрмейтін маңғаз далада осындай ғаламат тіршілік жасауға болады деген қиялдың өзіне сыймайтын шаруа ғой...

Қ.Қ: – Таңырқауыңыздың жөні бар. Бұл Сыр өңірінде бұрын-соңды болмаған жаңа сала еді. Ал мұнай кәсіпшілігінің қыры мен сыры сол кезде Қазақстанның батыс өңіріне ғана тән болғандықтан, бізге алғаш танысып, білісуге келгендердің барлығы осындай көңіл-күй сезімінде болатын.

Ж.А: – Сіздің Сыр тумасы екеніңізді білемін. Халық ұғымында жалпақ тілмен айтқанда, Құмкөлге шамасы, бұрынғы мұнай өлкесінен келген болуыңыз керек...

Қ.Қ: – Қазалы ауданының тумасымын. Нақтысы – Ғани Мұратбаев ауылынанмын. Шымкенттегі химия-технология институтының мұнай өңдеу факультетін химик-технолог инженері мамандығы бойынша бітірдім. Оқуды бітірген соң жолдамамен «Ақтөбемұнайгаз» өндірістік бірлестігінің Кеңқияқ кенішінде еңбек жолымды бастадым. Қызылордада мұнай кеніші ашылып, осында шақырылғанда 7 жыл тәжірибе жинақтаған маман екенімді ескерген болуы керек, Кеңқияқтағы соңғы қызметім цех бастығы болатын. Өздеріңізге мәлім, «Оңтүстікмұнайгазға» Маңғыстаудан Мұрат Саламатов басшы болып келді. Құмкөлдің алғаш қазығын қадағандар қатарында Х.Исаханов, Ш.Тілеуберген, С.Жұманов, Е.Бергенбаев, тағы басқа білікті мамандар болды.

Ж.А: – Сол уақыттағы оқиғаларға қысқаша шолу жасасақ, ғасырға татитын кезеңдер әп-сәтте көз алдымыздан бұл-бұл ұшқандай болды ғой. «Оңтүстікмұнайгаз» өнім бере бастаған сәтте Кеңес жүйесі ыдырады. Шаруашылықтар күйреді. Әлеуметтік салада ауыр жағдай қалыптасып, жалақы, зейнетақы кешікті. Оның соңында «Оңтүстікмұнайгаз» шетелдіктерге сатылды дегендей...

Қ.Қ: – Бұл – енді үлкен саясат. Қаншалықты дұрыс немесе бұрыс болды дегенге келетін болсақ, тоқсаныншы жылдардың алғашқы және соңғы кезегінде Қазақстандағы ауыр экономикалық жағдайды шетелдік қаржы институттары өздеріне тиімді етуге ұтымды пайдаланды. «Оңтүстікмұнайгаздан» алған өнімдері үшін барлығы қарыз болды. Алыс-беріс бартерге ұласты. Біз капиталистік экономиканы таңдаған екенбіз, соның заңымен өмір сүруіміз керек. Банкроттың алдындағы мұнай өндірісі сатылды. Басқаша жол болды ма? Бұл сауалдың жауабын тарихтың еншісіне қалдырайық...

Ж.А: – Әңгімемізді түйіндесек, халықаралық валюта қорының талаптары бойынша біз нарық заңымен жүруіміз керек болды ғой. Дегенмен, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев дәйекті, сыңдарлы саясаткер ретінде қалыптасқан жағдайдан оңтайлы жол тапты. Кейін халықаралық рынокта мұнай бағасы көтерілді. Жергілікті жерде шетелдік компания өзіне жүктелген әлеуметтік міндеттемелерді тиімді жүзеге асыра бастады. 2003 жылғы Жолдауда Қызылорда қаласын газдандыру қажеттігі атап көрсетілді. Көп ұзамай ол қарқын алды. Электр жарығын өндіретін газ турбина стансасы пайдалануға берілді. Бір-екі жылдың ішінде облыс орталығындағы 900 көпқабатты үй, жеке сектор газға көшірілді...

Қ.Қ: – Бұл үлкен әлеуметтік саясат әлі жалғасып жатыр емес пе? Аудан орталықтары газға көшуде. Жекелеген ауылдар дегендей... Ал сіз білуіңіз керек, біздегі шетелдік мұнай компаниялары кейбір жылдары экологиялық талаптарды орындамағаны үшін бюджетке миллиардтаған теңге айыппұл төледі. Оған халық игілігі үшін әлеуметтік нысандар салынды. Жолдар пайдалануға берілді.

Ж.А: – Облыс әкімі Икрам Адырбековтың кезінде айыппұлдан түскен қаржыға балалар спорт мектебі, автомобиль жолдары салынды. Қалай болғанда да осының барлығы мұнайшылар есебінен болғандықтан, жақсы нәрсені көрмей кетуге болмайды. Дегенмен, бізді бүгінгі жағдай алаңдатпай қоймайды. Үлкен мінберлерде, Президент тұжырымдамаларында экономиканы әртараптандыру туралы айтылуда. Пессимистік көзқарастағылар тарапынан тіпті «мұнайдың күні бітті» деген де пікір бар. Сіздің маман ретінде бұған көзқарасыңыз қандай?

Қ.Қ: – Өмірде ешқашан асығыс, үстірт болжам айтуға болмайды. «Қара алтынды» керексіз деу немесе оның бағасы төмендейді деген пікір айтуға әлі ерте. Барлығын сұраныс пен ұсыныс реттейді. Әлемде барлығы бірдей әп-сәтте жоғалып кетпейді. Мұнай сияқты дәстүрлі отынның өмірі әлі ұзақ.

Ж.А: – Ойыңызды сабақтай түсейін. Жуырда облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалыкова «Біз қаласақ та, қаламасақ та, мұнай-газ өндіру саласымен айналысуды жалғастыруымыз керек. Себебі, экономикамыздың мұнайға тәуелділігі әлі де жоғары және бірден осы саладан бас тартып, өңдеуші өнеркәсіпке ауыса алмаймыз.

Сондықтан, жұмыс істеп тұрған кен орындарының сарқылғанын ескере отырып, біз жаңа кен орындарын барлау мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен және жер қойнауын пайдаланушылармен жұмыс істеуді жалғастырудамыз. Осы жылдың өзінде «Шу-Сарысу» бассейнінде геологиялық барлау жұмыстары басталды, бұған 700 млн теңге бөлінді. «Оңтүстік Торғай» және «Сырдария» бассейндері де мұнай-газ перспективасы болып саналады. Осы 3 шөгінді бассейнге алдағы 3 жылда 11 млрд теңге бағыттау жоспарланып отыр.

Сонымен қатар, «Саутс ойл» ЖШС қосымша 23 ұңғыма бұрғылау арқылы мұнай өндіруді ұлғайтуды ұйғарды, «Қазгермұнай» БК» ЖШС да осы бағыттағы жұмыстарды бастауды жоспарлап отыр. Келесі жылы барлық көздер есебінен мұнай өндіру саласын дамытуға шамамен 150 млрд теңге, оның ішінде жаңа ұңғымаларды бұрғылауға көп қаржы салу жоспарланып отыр» деді. Осы айтылғандарды қалай бағалайсыз?

Қ.Қ: – Міне, көрдіңіз бе, әртараптандыру, өңдеу саласы өз алдына, бізге қазір шикізат саласынан өзімізді мүлдем алыс ұстауға болмайды. Ол қазір Қазақстан бюджеті кірісінің 40 процентін құрайды. Осы кірістің үлесін басқа салаларға қарай бұру – бұл енді басқа әңгіменің тақырыбы. Есіңізде болса, осыдан бірнеше жыл бұрын Қазақстанның Тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Назарбаев елімізде геологиялық-барлау жұмыстарының көлемін ұлғайту керектігін айтты. Мұнай, газ, уран, алтын, бағалы металдар қоры Сыр өнеркәсібінің әлеуеті зор екенін айғақтайды. Демек, облыс әкімінің әлгі сіз айтқан бағдары қолдауға лайық. Мүмкіндігіміз көп.

Экономиканың табыс көзі салықтан құралады. Мысалы, жер қойнауын пайдаланушылардан түсетін салықтан Ұлттық қор құрылады. Пандемия кезіндегі дағдарыстан бізді сол Ұлттық қор қаржысы құтқарып қалды. Ал экономикада өнеркәсіптік әлеует қашаннан біздің тұрмыс деңгейімізді айқындайтын буын болып қала береді.

Ж.А: – Сізді әріптестеріңіз қызметте, өмірде адамгершілік ұстанымыңыз жоғары азамат ретінде құрметтейтінін білемін. Облыстағы мұнай-газ, уран, басқа да көптеген кен орындарында, жылу орталығында, құбырларда соңғы жылдары төтенше жағдайлардың орын алмауының себептерін сіз басқарған департамент мамандарының тиянақты, білікті қызметінің ықпалы деп түсінеді. Сөз соңында отбасыңыз туралы да айтып өтсеңіз.

Қ.Қ: – Әкем Қыстаубай 40 жыл колхозда ферма меңгерушісі болды. Әрдайым «балам, қызметте ұқыпты, тиянақты болсаң, өмір сені алға жетелейді» дегенді жиі айтып отырушы еді. Мен салада 40 жыл, оның ішінде департамент басшысы ретінде 25 жыл қызмет атқардым. Мұнайшы екі ұлым мен екі қызымды әке өсиетімен тәрбиеледім. Жұбайым Ұлзия – зейнеткер. Міне, зейнет жасына да келіп қалдым. Сол тиянақтылық қызметте көп пайдасы тиді. Бәлкім, тағдырдың маған бұйырған сәттілігі шығар...

Әңгімелескен
Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ, «Сыр бойы»

Аудан жаңалықтары

Еріктілер – ел жанашыры

Қызылордадағы «Достық үйінде» «Еріктілер – ел жанашыры» атты Волонтер жылының қорытынды кездесуі өтті. Оған облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы волонтерлар қозғалысы орталығының жетекшісі Ильдар Гафуров, «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысы және Назарбаев зияткерлік мектебінің волонтерлары қатысты. Кездесуде орталықтың волонтерлары ой-пікірлерін ортаға салып, алдағы атқарылар жұмыстарын талқылады.

Жиын соңында халқымыздың бірлігін бекемдеу жолында игі істер атқарып жүрген волонтерларға Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Жансейіт Түймебаевтың Алғыс хаты табысталды.

Жаңа реанимобиль тарту етті

Арал аудандық ауруханасына аудандағы ірі өндіріс орны «Аралтұз» АҚ екі бірдей жаңа реанимобиль тарту етті. Көліктер жедел медициналық көмек көрсету үшін заманауи құрылғымен жабдықталған. Реанимобильдерге орнатылған жабдықтар жағдайы аса ауыр науқастарға тез арада көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

Қазалыда көмірге сұраныс төмендеген

Газдандыру жұмыстарының қарқынды жүруіне байланысты Қазалыда көмірге деген сұраныс қысқарған. Аудан халқы 5 жыл бұрын 50 мың тонна көмір тұтынатын болса, қазір 2 есеге азайған. Бүгінде аудан орталығындағы 8 мыңнан аса абонент пен 31 әлеуметтік нысанның 80 проценті газ желісіне қосылып үлгерген.

Ал көмір әкімдік пен кәсіпкерлер арасындағы бекітілген бағада сатылып жатыр. Тұтынушылар тарапынан сапасына, бағасына немесе жетіспеушілігіне қатысты наразылық жоқ.

135 адам несие алды

Қармақшы ауданында мал шаруашылығы саласы бойынша 135 адам несие алып, жұмыспен қамтылған. Бүгінде өңірде 32349 бас ірі қара, 60032 бас қой-ешкі, 10704 бас жылқы, 3488 бас түйе, 17715 құс тіркелген. Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда биыл өсім қалыптасып отыр. Сонымен бірге, есепті кезеңде 1929 тонна ет, 3306,7 тонна сүт, 340,0 мың дана жұмыртқа өндірілді.

Бұған «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту», «Қарапайым заттар экономикасы», «Микробизнес Қызылорда» мемлекеттік бағдарламалары шеңберінде атқарылған жұмыстар септігін тигізді.

Жеңімпаз атанды

«Еріктілер жылы» аясында Жалағаш ауданының ерікті жастары түрлі бағыттағы 14 жобаның жеңімпазы атанды. Барлық жобаның құны 5 млн теңгені құрайды. Жобалар тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсарту, бұқаралық спортпен айналысу, жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, психологиялық-педагогикалық, медициналық көмек көрсету мақсатында жүзеге асырылуда.

Бүгінде шағын грант иеленуге тағы да 7 бағыт бойынша 30 жобаға өтінім берілді.

Жас талант

Сырдариялық жас талант Диас Берлібек Шымкент қаласында өткен «BALA STAR» балалар мен жасөспірімдер арасындағы V республикалық конкурс-фестивалінде жүлделі II орынды иеленді. Аталған өнер сайысында 38 жасөспірім әнші бақ сынаған. Өзінің өнерімен көпті таңдандырған Диас – Аманкелді ауылы №42 Қ.Баймағанбетов атындағы мектеп-лицейдің оқушысы.

Қайырымдылық мекемесі бой көтерді

Шиелі ауданында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының бастамасымен аудандар арасындағы алғашқы қайырымдылық мекемесі ашылды. 25 балаға лайықталған оқу ордасында шәкірттердің алаңсыз білім алуына барлық жағдай жасалған. Оқу аудиториялары замана сұранысына сай жабдықталып, тегін тамақ пен жатын орындары тұрмысқа қажетті заттармен толық қамтылады. Сондай-ақ, бұл мекеме ауыл имамдарының білімін жетілдіріп, арнайы семинар өткізетін орталықтың қызметін қоса атқаратын болады.

Аудандық сотта семинар өтті

Жаңақорған аудандық сотында оқу сабақтарының жоспарына сәйкес «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына байланысты семинар өткізілді.

Семинарға аудандық соттың кеңсе меңгерушісі мен қызметкерлері қатысты. Онда бас маманы аға сот приставы М.Тұрғанбекұлы баяндама жасап, өз сөзінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз құзыреті шегінде барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен лауазымды адамдар жүргізуге міндетті екенін және олардың басшылары бағынысты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу жөніндегі лауазымдық міндеттерін орындамағаны үшін тәртіптік жауаптылықта болатынын айтып өтті.

Сонымен қатар, ол Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының жалпы ережелеріне тоқталды.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

НАДЕЖДА ЛУШНИКОВА – 80

«Өмірімнің ұмытылмас дәурені Қызылордада өтті»

Надежда Лушниковамен онлайн-сұхбат

Қазақ сөз өнерінің жүйрігі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, атақты ақын Надежда Лушникова 80 жасқа толып отыр.

Алматы облысы Ұзынағаш ауылында тұратын апайды мерейжасымен құттықтап, телефон шалдық.

– Надежда апа, бұл Қызылордадан, «Сыр бойы» газетінен.

– Алтындарым, жарығым, жәндерім сол! – Апай айналып-толғанып жатыр. – Балам, сен былай қыл, редакцияның әр есігінен кіріп менің атымнан сәлем бер. Қияға ұшырған қарашаңырағым ғой менің...

Әрі қарай апайдың даусы еміс-еміс естілді. Сексенге келген адамның сағыныш сезімін түсінуге тырысып, мен де бір сәт үнсіз қалғанмын.

Сосын телефоным тағы сөйлеп берді.

– Мен Мәншүк Мәметова атындағы педучилищені бітірген соң, қала іргесіндегі «Киров» совхозының №143-мектебінде мұғалім болдым. Осы жерден мені Сырдария аудандық комсомол комитетіне қызметке шақырды. Сосын пединститутқа түстім. Пединститутта Серік Сермағанбетовпен, бүгінгі академик Бақберген Досманбетовпен бірге оқыдым. Бақберген 1-курстан кейін оқуын Мәскеуде жалғастырды. Серік кейін қазақтың беткеұстар ақындарының біріне айналды ғой. Институтты бітірген соң облыстық «Ленин жолы» газетінің мәдениет бөліміне тілші болып бардым. Газет редакторы Ұзақ Бағаев еді, білімді, салиқалы ақылды адам. Біздің журналистикадағы ұстазымыз – сол кісі. Досмағанбет Тасекеев, Бөлебай Әлменов, Мырқы Исаев секілді белгілі қаламгерлермен қатар қызмет еттім. Мырқы өте тез жазатын, өнерді, өлеңді ерекше бағалайтын, содан болар, екеуміз жақын дос болдық. Мирамбек деген кішкентай баласын үнемі қасынан тастамай ертіп жүретін. Сол Мирамбек бүгінде белгілі азамат атанды, әкесінің достығын біздің отбасымызбен жалғастырды.

Осы газеттің шаңырағында қызмет еткен жылдарымда өмірлік жарым Тұрлыбекпен бас қостым. Ол екеуміз Ұзынағашта, бала кезімізден бірге өскенбіз, әскерден соң мені іздеп келді. Қазіргі Асқар Тоқмағанбетовтің атымен аталатын мәдениет үйінде өнер адамдары дүрілдетіп қазақы той жасады. Асқар ақын жыр арнады, театрдың бір артисі бетімді ашты, атын ұмыттым, алтыным.

Сосын «Сырдария» мейрамханасында комсомол жастар тойы өтті. Қалалық комсомол комитетінің төрағасы Абылай Айдосов ағамыз болатын. Ол кезде төраға демейді, председатель дейді, сол кісі өзі бастап сөз сөйлеп, тілек айтты. Ақын Жанұзақ Қожабергенов өлең оқыды. Жәкеңнің өлеңі кіл әзіл сөздерге құрылатын. Сонда оның «Тұрекең Надежданы алып кетті, қаратып аузымызды күншығысқа» дейтіні бар. Сол Қызылордада он жылдай жүрдім ғой. Ақын қызды үй шаруасына олақ болады деп есептеп, қолдарынан шығарып алған өздерінен көрсін. Мен кейін келіншек болғасын жиырма жыл сиыр сауған отанасымын. Өзбекәлі Жәнібеков менің піскен айранымды ішу үшін Алматыдан Ұзынағашқа арнайы келуші еді. Балам Жәнібекті «Менің әкем» деп мойнына мінгізетін. Ой, дүние-ай, сондай жақсы адамдар да кетті жалғаннан.

Менің өмірімнің ұмытылмас дәурені Қызылордада өткен. Халық ақыны Манап Көкеновпен қыз күнімде айтысқанмын. Манап әкеңнің түр-түсі орысқа келетін еді ғой.

«Ағеке, мен тарқанмын түріңізге,
Сайраған сандуғаштай тіліңізге.
Қасыңызда қарындас боп жүрейін,
Ұқсаған соң біріміз бірімізге», – деп өлең бастайтынмын.

Шешем Ирина Иосифовнаны орыстар «Ирка» дейді, қазақтар «Ерке» деп атап кетті. Манап аға үйге барған сайын шешеммен әзілдесетін. «Мына қызыңа айт, айтыста маңдайдан ұрмасын, таяқ батпайтын жерден соксын», – дейтін қалжыңдап. Екеуі жарасып сөйлесетін.

Жас кезімде кілең үлкен шалдармен айтысыппын. Өйткені, ол кезде жастар арасынан жақсы айтыскерлер шыға қоймады. Кейін ұлғайғанда жастармен айтыстым. Бір жас жігіттің тіл безей сөйлегені есімде. Сонда мен:

«Бұл жеңгең әрі шешен, әрі сотқар,
Тап болды қайдан деме
кәрі шоқпар.
Кеудемде он жігітті өртейтұғын,
Қыз күнімнен келатқан әлі шоқ бар», – дегенмін. Жас жігіт мәрт екен, орнынан тұрып қолымды алды, жеңілгенін мойындады. Айтыс деген пештен шыққан тандырдай болу керек, жаттанды сөздің жылуы болмайды.

Жаңа айттым ғой, дәуренімнің ұмытылмас сәттері Қызылордада өтті деп. Осы киелі топырақтан қаншама тілекші таптым, қаншама жақсы жандармен туғанымдай араласып, ажырамас досқа айналдым.

Қай кезде барсам да, Бақберген аяғымды жерге тигізбей, оқу орнына апарып, кездесу өткізеді, дәрпімді асандатады.

Институтта Мырзай деген қызбен бірге оқығанбыз. Бұрынғы «1 Май» совхозы, қазіргі – Мұстафа Шоқай ауылында тұратын. Құрбыма еріп үйіне барғанымда әкесі Өтеген ақын қыз келді деп тана сойып, бүкіл ауылды жиды. «Бүгіннен бастап, Надежда менің өкіл қызым болады» деді. Ол әкеміз де өтті өмірден, құрбым да кетті бақиға. Артында қалған ұлы Тұрсынбайдың отбасымен жиі қатысамыз. Өтеген әке айтқан сол сөздің сертін әлі берік ұстап келе жатырмыз.

Әнебір жылы Шоқай ауылына қыдырып барғанмын. Үйіндегі кішкентай қызының шашы сары, көзі көк екен. «Мына маған тартқан қызды Алматыға алып кетейін» дедім. Тұрсынбай інім де, Бақыткүл келін де қарсы болмады. Сол Ақзия қызды өзім оқытып, бойжеткізіп, домбырашы қылып шығардым. Қазір тұрмыста, балашағалы.

Ал, енді отбасыма келсек, Тұрекең екеуміз үш қыз, бір ұл өсірдік. Отағасының өмірден өткеніне он екі жыл болды. Алла не сыйласа, соған шүкір қылмақпыз.

Қарлығаш дейтін қызым отыз жылдан бері қоларбада отырады. Студент кезінде құлап мертіккен, содан белін тіктей алмады. Өлең жазады, орыс тілінде төрт кітабы жарық көрді. Сөздері өте күрделі, кейбір өлеңдерін аудара алмаймын, керісінше, ол – менің аудармашым. Бір таңғалатыным, өлеңдерінде мүгедектік туралы бірде-бір сөз жоқ. Не деген сабырлылық деп таңғалам кейде. Алла бірімізді жүріп, бірімізді отырып жырласын деп тағдыр жазған шығар...

Міне, балам, біздің өмір – осы. Сығымдап екі-үш параққа сыйдыруға болар, бірақ, бастан кешкенімізді айтып тауысу үшін түйеге жүк болатын том-том кітап арнау керек. Бес күн жалғанның жаманын да, жақсысын да көрдік қой, жарығым-ау. Осы сексенімді де жасатқым жоқ. Қазіргі жағдай белгілі, пандемия деген пәлені қайда қоямыз, біреу жылап жатқанда, біреудің ойын-сауығы жараса қоя ма? Балаларым бұған көнбеді, енді аз ғана адаммен той өткізгелі отырмыз. Олар тек өнер адамдары, сөз ұстаған кісілер, көпке белгілі адамдар болады. Солардың қатарында шақырғаным, сендерге есігім ашық, алтындарым. Туысқандарыма той жасап жатқан жоқпын.

Ел-жұртым тойды өзі бастап әкетті, осы өздерің секілді бірнеше газет келіп сұхбат құрды. Жергілікті газет түгел бетін арнады. Телефон шалып, құттықтап жатыр, оның ішінде Үкімет адамдары да, ірі өнер адамдары да бар.

Мен сені танып отырмын, қайсыбір жылы жақсы мақала жаздың. Онда мен атамның Верныйдан шай зауытын салған көпес болғанын айтқанмын. Біздің аталарымыз бай болған, ал, Алла маған рухани байлық берді. Тағдырымды қазақ деген қазыналы халықпен байланыстырды. Бір кітабымды «Мен қазақтың қызымын» деп атадым.

Қазақтың өлеңін де, дәстүрін де өн-бойыма жиып өстім. Әкенің емес, елдің қызы болдым.

Баяғыда, бала күнімде апама еріп Сары Омар деген шалдың үйіне барғанмын. «Қолыңды жай, қызым», – деді шал кетерімізде. Бірдеңе беретін шығар деп алақанымды азсынып, көйлегімнің етегін тостым. Сөйтсем, бата берейін деп тұр екен. «Етегіңе ел толсын, айналайын», – деді шал, күлкі жүгірген бетін сипап. Төрт баласы соғыста мерт болып, соның күйігінен кемпірі құсалықтан өліп, жалғыз қалған шал еді. Құдай сол адамның сөзін қабыл қылды, мен етегіме ел толған адам болдым.

Сендерге де менің бақытымды берсін, жәндерім.

Онлайн сұхбатты жүргізген
Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»

«Сабақтастықтың алтын арқауын үзіп алмайық»

«Әлемде рухани құндылықтар, адамгершілік, гуманизм идеясы екінші кезекке ығыстырылып, өмірдің мәнін ақшамен, байлықпен, рақат күн кешумен, тұтыну дәрежесімен өлшеу белең алды. Қайырымдылық пен рақымшылдық азайды. Ашығын айтсақ, рухани жұтаңдыққа ұшыраудамыз. Сондықтан болар адамзат экономикалық дағдарысты қана емес, рухани күйзелісті де бастан кешіп отыр». Бұл – алдымыздағы айбар тұтатын аға ұрпақтың алаң көңілінен туындаған тұжырым. Осы пайымды оқта-текте емес-ау, жиі еститін болдық. Әрине, үлкендер өмір көргесін, білгесін, жастарға жанашырлықтан айтады. Бұл тұста ардагерлер, қоғамдық келісім кеңестері өкілдері жас ұрпақ алдындағы өз жауапкершілігін айқын сезінеді. Сын айтумен шектелмей, тәрбие тінін үзіп алмауды, яғни сабақтастықты ойлайды. Қызылорда қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сайлаубай Әбішевпен болған сұхбатта осы мәселелер төңірегінде әңгіме өрбіткен едік.

– Экономиканың құлдырауы, көтерілуі – қайталанып тұратын құбылыс. Дағдарыстар өтеді де кетеді. Бірақ рухани дағдарыстың зардабы мұның бәрінен де қауіптірек емес пе?

– Біз, үлкендер, ел болу үшін ең бірінші бірлік керек екенін ұрпақ санасына үздіксіз сіңіріп келеміз. Бірлігі болмаған жұрт қалай ел болады? Дәлелді қашықтан іздемейік қояйық. Он миллиондаған халқы бар ұлттардың мемлекеті жоқ. Бұрын болса да, тәуелсіздігінен айырылып қалғанына тарихи деректер куә.

Тұрғындарының 98 процентін жергілікті ұлт құрайтын, «Сыр – Алаштың анасы» деп дәріптелген мекенде өмір сүріп жатқандықтан, бізге жүктелетін жауапкершілік басқаларға қарағанда жоғарырақ. Аға ұрпақ осыны ойлап алаңдайды. Өзіміз көзін көріп, қолына су құйған абыз қариялардан естіген-білгенімізді шашау шығармай, жастардың бойына сіңірсек дейміз. Бұл қазіргі жаһандану мен әлемді шарпыған пандемия, экономикалық қиындық тұсында аса қажет. Рухани сұраныстан гөрі тұтынушылық сана басымдық алғанын өзіңіз де байқайтын шығарсыз. Дағдарыстың түпкі себебі тойымсыздық пен құнығушылық екенін айтпаса да түсінікті. Салдарынан қоғамда эгоизм, қатыгездік, жемқорлық, моральдық азғындау орын алуда. Оның үстіне адамдардың қоршаған ортаға деген көзқарасы да деформацияға ұшырады. Айтып отырғанымыздың бәрі рухани дағдарысқа жетелеп бара жатқан жоқ па?

Әрине, елімізде, оның ішінде Сыр бойында экономика, саясат, білім, мәдениет және барлық салаларда ауқымды реформалар жүргізілді. Оны сіз мен біз күнделікті өмірден айқын көріп отырмыз. Бір ғана Қызылорда қаласында атқарылып жатқан жұмыстар ордамыздың қайта түлеп, болашақтың қаласына айналарына сенім ұялатады. Жаңару мен дамудың келесі сатысына көтерілу үшін рухани өрлеу қажет.

– Осы тұста тәрбие мәселесі өздігінен алға шығады. Ал тәрбие рухани, мәдени құндылықтарға, білімге негізделетіні аян.

– Қоғамдағы келеңсіз көріністерден бойымызды тазартып, ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән беруімізді уақыт қажет етіп отыр. Рух, жан, арнамыс, наным-сенім, жігер, ізгілік, махаббат, парасат сияқты құндылықтарды дамытуға көшуіміз керек. Жүсіп Баласағұн бабамыз «Адамға екі – ақ нәрсе – тірек тегі: бірі – тіл, бірі – ділі жүректегі» деген нақылды бүгінгі біздің болмысымызға арнап айтқан секілді.

Адамның табиғи жаратылысына, тіліне, діліне немқұрайлы қарауы, ұлттық мәдени құндылықтарынан алшақтауы рухани әлеуетінің төмендеуіне әкеп соғады. Үндістанда «бүгін балаларға беріліп жатқан тәрбие келешек бүкіл ұлттың бет-бейнесін анықтайды» деген ұстаным басшылыққа алынады екен. Қытайдың конфуцийлік ілімге негізделген философиялық доктринасы қазіргі күнге дейін халықтың рухани дамуының, мәдениетінің, қоғамдық қарым-қатынастардың негізгі тұғырнамасы болып саналады. Жапонияның бір кәсіпкерінен «Жапонияның тез дамып кетуіне не себеп болды?» деп сұрағанда, ол «Кедейлігі. Өйткені оның алақандай жерінде теңіз бен балықтан басқа түгі жоқ еді» депті. Тау мен тастан басқа түгі жоқ Израильде түгін тартса, май шығатындай жерұйық жасап отырған құдіреттің аты – білім. Белгілі публицист, юрист Шимон Перес былай дейді: «Бізде көп жер жоқ, шексіз ресурс жоқ, өзендер жоқ, кеңістік жоқ. Бізде бары тек ғылым ғана, технология мен еврейлердің ақылды бастары ғана. Мен еврей даналығына, Израильдің нағыз ғылым мемлекеті болуға тиісті екеніне сенемін. Біздің шикізатымыз – адам ресурсы. Бізде мұнай да, алтын да, алмас та жоқ. Оның есесіне бізде ақыл-ой мен интеллект бар. Біздің қазба байлығымыз қос құлағымыздың екі ортасында орналасқан» деген екен. Бұларды айтудағы мақсатым – ұлан-байтақ жердің иесі ұлтымыздың алдында ұлан-асыр міндеттердің көкжиегі көрінгеніне назар аударту. Сыртқы дүниеден өзімізге қажеттісін ғана алып, ғасырлар бойы жинақталған мәдени-рухани байлығымызды жастар бойына сіңіру қажеттілігі туындап отырғаны айдан анық нәрсе. Тереңнен ойлап қарасақ, кедейліктің немесе дағдарыстың өзі ілгері қарай дамуға жетелейтін күш екенін дәлелдеп тұрған жоқ па? Демек, жаңаруға батыл қадам жасау – уақыт күттірмейтін міндет.

– Сіз қызмет еткен Кеңес заманында ата дәстүрді «күні өткен нәрсе», «ескінің сарқыншағы» деп елемеу, тарих пен әдет-ғұрыпқа қысымшылық жасау болғаны белгілі. Тәуелсіздік дәуірінде дәстүрдің жаңғыруына не кедергі?

– Көз алдымызда өтіп жатқан екі құбылысқа назар аударғым келеді. Оның бірі – әлеуметтік әділетсіздік көріністері, екіншісі – экстремистік-сепаратистік пиғылдағы көзге ашық көрінбейтін топтардың іс-әрекеттері. Көпшілік ортада мынадай түсініксіз пікірлер қалыптаса бастады: «біздің өмір сүріп жатқан тіршілігіміз – жалған дүние, барлық жақсылық атаулы, біз көрмеген өмір, ана дүниеде» деп уағыз таратушылар күннен күнге күшейіп барады. Сонда Мәңгілік ел болу үшін жанын салып жүрген азаматтарымыздың жанқиярлық еңбегін қайда қоямыз? Ұлттық санамызды қалай жаңғырта аламыз? Идеология сенімге құрылады, ал дін дегеніміз – сенім.

Жалған еліктеуге ұрынбай, өзгенің ықпалына түспей, жаһандануды ұлттық болмысқа икемдей білуіміз керек. Біздіңше, оның тиімді жолы – ұлттық тәрбиеге арқа сүйеу. Осы ретте мәдени құндылықтарды алайық. Батыс өркениетінде мәдени-рухани құндылықтарды тауар ретінде қабылдайды, мақсат – сату, пайда табу. Бұл қазақ қоғамына, діліне сәйкес келмейді. Фольклор, ұлттық әдебиет, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, шешендік сөздер, мақал-мәтелдер – біздің алтын қорымыз. Әрбірінің астарында жастарды тәрбиелеудің негізі жатыр. Келешекте «Ұлттық тәрбие» пәні мектептердегі ұлттық рухтың, тіл мен ділдің алтын қазығы болуы керек. Басты мақсат – жат жұрттың салт-дәстүріне, мәдениетіне жұтылып кетпей, заманға лайық өзіміздің ұлттық бейнемізді сақтап қалу, дамыту, өрісімізді кеңейту.

Біздің түсінігімізде рухы еркін халық қана ұлы істерді атқара алады. Қазір еркіндіктен не істерін білмей жүргендер көп. Оларда мансап пен байлықтан басқа идея қалған жоқ. Сапалы білім берілмеген жерде жаңа технологияларды өмірге енгізе алмаймыз. Адам факторын алға оздыру, жастарды оқыту арқылы әлемнің алдыңғы қатарлы еліне айналу керек. Ғасырлар бойы жинақталған мұра, тәжірибе кейінгілер игілігіне айналуға тиіс. Аға ұрпақтың ұлы да игі істерінің мұрагері – жастар. Бізге керегі – діл мен дәстүрдің сабақтастығы.

Әңгімелескен
Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА
«Сыр бойы»

Дені сау адам – табиғаттың ең қымбат жемісі. Бірақ осы сөздің салмағын шынайы сезініп, түсінбейтін секілдіміз. Қазір салауатты өмір салтын сақтау туралы көп айтылуда. Десе де, оны әркім әрқалай ұғынады.

Ұрпақтың есен-саулығы – ерен байлық

Салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін қандай жағдайларға назар аудару керек? Бұл – жеке адамның тіршілік етуге бағытталған мүмкіндіктерін қалыптастыру. Денсаулыққа жағымсыз әрекеттерден – нашақорлық, шылым шегу, ішімдік ішу, улы заттардан аулақ болу. Мықты денсаулыққа дене шынықтыру арқылы қол жетеді. Дене қозғалысы адам ағзасын дамытып, жұмыс істеу қабілетін арттырады, ауруды алыстатып, өмірді ұзартады.

Денсаулық – адамға табиғаттың берген ең қымбат құндылығы. Адам денсаулығын қалыптастыру және нығайту медицинаның ғана емес, білім беру жүйесінің де негізгі мақсаты мен міндеті. Себебі, шәкірт денсаулығы жағдайы оның оқу үлгеріміне, мінез-құлқына, қарым-қатынастарына тікелей әсер етеді. Сондықтан, педагогтар алдымызға келген әр оқушының дені сау болуын бақылаймыз. Оқушыны сауықтыруда дене шынықтыру пәні жетекші орынға ие. Бұл ретте басқа пәндердің де үлесі болуы керек.

Ол үшін ұстаздар шәкірт бойына жақсы дәстүрлер мен әдеттерді сіңіріп, салауатты өмір салтын сақтаудың қажеттілігі мен оны іске асырудың жолдарын үйретуі қажет. Режимнің дұрыс сақталмауы, қимыл-қозғалыстың аз болуы, дұрыс тамақтанбау, жағымсыз жағдайлардың көп болуы, зиянды әдеттерге үйірсектік келеңсіздікке ұшыратады.

Жасөспірімдердіңденсаулығын нығайту, жүйке психикасын дұрыс қалыптастырып, ширақ, жігерлі, сымбатты етіп өсуіне негіз қалау – ата-ана мен педагогтардың алдында тұрған үлкен міндет.

Назерке ҚУАНЫШ,
№7 мектеп-лицейдің
ағылшын тілі пәні мұғалімі

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Адамның алдағы өмірінің бағдаршысы, күнделікті дағдысының негізгі түпқазығы, халық алдындағы абыройының айнасы – жасаған ісі, атқарған қызметі. Сондықтан да адам өзінің адал ниетін, күш-жігерін, өмірлік ұстанымын бір арнаға тоғыстыра алса, ол өзі өмір сүріп отырған қоғамның лайықты кейіпкеріне айналады. Бойына парасаттылықты, байсалдылықты, әділдікті, тиісті істі орындаудағы табандылықты жинаған дегдар жандар әрқашан ерекшеленіп, еңсесі биік көрініп тұрары да анық.

Туған өлкенің парасатты перзенті

Дана халқымызда «Ер – елдің айнасы» деген ұлағатты ұғым бар. Бұл халықтың қалаулысы атанған ұлтжанды тұлғаларға қарата айтылса керек. Тұлғаның қайраткерлік болмысын айшықтайтын осынау құндылықтар қадірлі ел ағасы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сейітсұлтан Сүлейменұлы Әйімбетовке лайықтап айтылып, оның азаматтық ажарын айшықтай түсетіндей.

Бұрын сыртынан танитын Сейітсұлтан Сүлейменұлымен 2007 жылы IV сайланған ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты болған уақыттан бастап жақын танысып, қызметтес болдық. Еліміздің бірқатар мемлекеттік органдарында талай жыл жауапты, басшы қызметтер атқарған, Мемлекеттік қаржы-бақылау комитетінің төрағасы, Халықты әлеуметтік қорғау министрі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі және Әділет министрінің орынбасары, ҚР Премьер-Министрі Кеңсесі басшысының орынбасары, ҚР Президенті Әкімшілігінің Ұйымдастыру-Бақылау бөлімінің мемлекеттік инспекторы, сондай ақ, IV-V сайланған ҚР Парламенті Мәжілісінің Экономикалық реформалар және өңірлік даму комитетінің төрағасы болған өнегелі өмір жолын әрбір азамат үлгі тұтар ағамыздан көп нәрсені үйрену де бір ғанибет.

Ағамыз осылайша қызмет жолының барлық сатыларынан абыроймен өткен, әсіресе, Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қиын шақта бюджетті қалыптастыру, жоспарлау, бекітудің талай ауыр жүгін арқалаған. Сол уақытта жылдық бюджет жобасының 16-17 нұсқасы дайындалатынын бүгінде біреу білсе, біреу білмес.

Сөзі дуалы, көпшілік ортада салиқалы ойын айтып, байсалдылық танытатын азаматтың өмір жолы тағылымға толы. Әрдайым күрделенген, күрмеуі қиын мәселелерді оңынан шешу жолында тынымсыз ізденістерге барып, тың бастамаларды уақытында көтере біледі. Сондай-ақ, өмірлік ұстанымы мен ізденімпаздығы, бірізділігі ағамыздың әрі қарай жемісті жұмыс жүргізуіне құлшыныс береді.

Сейітсұлтан Әйімбетов Сыр елінің тумасы, Қызылорда облысына қатысты маңызды мәселелер туындаған сәтте қайсысының кезек күттірмейтін, өзекті проблема екендігін бір-бірімізге айтқызбай, жақсы түсінетінбіз. Қызылорда облысы экологиялық аймақ болғандықтан, жергілікті тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға көптеген кедергі өз әсерін тигізбей қоймайды. Соның ең негізгісі – таза ауызсумен қамтамасыз ету мәселесі. Осы күрмеуі қиын шаруаның Қызылорда облысындағы мәселенің күрделі тұстарын реттеу үшін С.Әйімбетовпен және өзге де депутаттармен бірге сол кездегі Үкімет басшысына, бірқатар жауапты министрлікке депутаттық сауалдар жолданды.

2010 жылы С.Әйімбетовпен бірге бірнеше депутат Үкімет басшысының атына «Қызылорда қаласындағы облыстық мекемелер үйінің құрылысы» жобасының жүзеге асуы жолында қажетті қаржыны бөлуге байланысты депутаттық сауал жолдаған болатын. Оң шешімін тапқан осы сауалдың нәтижесінде 2 жылдан астам уақыт ішінде құрылысы аяқталған осы ғимарат бүгінгі күні облыс әкімінің аппараты, Қызылорда облысының атқарушы органдары мен облыстық мәслихат аппараты, басқа да мемлекеттік мекемелер орналасқан орталыққа айналды.

Халықтың ризашылығына бөленіп, алғысына ие болған кездері де сайлаушыларының есінде. Көтеріп отырған мәселесінің өзектілігіне, оның қамтитын ауқымдылығына баса мән беру үшін халық қалаулысы тақырыпты тереңінен зерттеп, талдау жүргізеді. Табандылық танытады. Шыдам мен шынайы ықылас қатар өрілсе, кез келген істің нәтижелі болары сөзсіз. Ал осы ізгі қасиеттер арқылы ағамыздың азаматтық қалпының, өмірлік ұстанымының бір сәтке өзгермеуі – оның жемісті еңбегінің жарқын көрінісі.

Кезінде, яғни 2009-2010 жылдары Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің оқу спорттық-сауықтыру кешенінің құрылысын аяқтау қажеттілігі тұрды. Басталған құрылыстың ауқымды жұмыстары аяқталып, бітуге жақын қалған тұста республикалық бюджеттен қажетті қаржы аударылмай, құрылыс жұмыстары кідіріп қалды. Осы жұмысты аяғына дейін жеткізу үшін сол кездегі Білім және ғылым министрінің атына республикалық бюджеттен қаржы бөлу қажеттілігі жөнінде С.Әйімбетовпен бірге депутаттық сауал жолданып, бұл шаруа кейіннен оңынан шешілді. Бүгінде «Сейхун» спорттық-сауықтыру кешені аймағымыздағы іргелі білім ордасы – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті білім алушыларының дене шынықтыру пәнін өткізуге, спортпен шұғылдануға, сонымен қатар қала тұрғындарының салауатты өмір салтын ұстануына жағдай жасап келеді.

Сейітсұлтан Сүлейменұлы Сыр өңіріне қызметтік іссапармен келген кезінде бұрын-соңды депутаттар бармаған ең шеткі ауылдарға дейін барып, жауапты жиындарда халықпен жүздесіп, кездесу өткізіп жүрді. Сонда Сәкеңнің бойындағы шынайы қасиеттері айқын көрінетін. Ағамыз кез келген мәселеге байыппен қарап, сабырлықпен әрбір сауалға қатысты өз пікірін дәйекті түрде баяндап беретін.

Сонымен қатар Сәкең – турашыл. Жалтаруды, жағынуды білмейді. Бәлкім, оны өмірдің ағымына бейімделуге талай итермелеген де шығар, бірақ бәрібір оған үйренбеген, бейімделмеген. Бойындағы рухани күш, теңіздей терең білім, кемел ақыл-парасаттың арқасында ол – жағымсыз қылықтардан бойын аулақ салуды өмірлік ұстанымына айналдырған тұлға.

Сәкеңнің бойындағы тектілік қасиет ардақты әкесінің қанымен, аяулы анасының ақ сүтімен бойына дарыған болар. Ағамыздың бойындағы асыл қасиеттер талай өмір белестерінен өткен, кәсіби тәжірибесі өте зор халықтың тұлғаларына лайықты және соларға ғана жарасатындай. Осындай тұлғалы келбеті Сәкеңнің азаматтық адалдығына, адамгершілік болмысына ешбір дақ түсірген емес.

Бір қарағанда Сейітсұлтан ағамыз айналасындағыларға суықтау, өзін өзі ерекше ұстайтындай көрінуі мүмкін, ал шын мәнінде жомарт жүректі, достарына ықыласы мол, жақындарына қамқоршыл, отбасында адал жар, немерелеріне аяулы ата.

Сейітсұлтан Сүлейменұлы жұмыстан қолы қалт еткенде шығармашылықпен айналысуды өте жақсы көреді. Кітапты көп оқиды, оқығанын көңілге тоқып, жақсы кітап немесе мақала шықса, оны айналасындағыларға жеткізгенше асығады. Бұған дәлел – ағамыздың қаламынан туған бірнеше кітаптары. Кейінгі жазған кітабы биыл, яғни, 2020 жылы баспадан шықты.

Туған өлкесінің ежелгі дәуірлерден бергі тарихын қызығушылықпен зерделеп, өзінің жазған кітаптарында жүйелеп бейнелеген, яғни, бұл жердегі негізгі ұстаным – «Өткеніңді зерделемесең, бүгінгіні түсінбейсің, болашақты біле де алмайсың».

Сейітсұлтан Сүлейменұлының өмірінде Нұр-Сұлтан қаласының орны айрықша. Елбасының тікелей бастамасымен салынған әсем қаланың әрбір бөлігін Сәкең жатқа біледі. Қаланың жетістіктеріне, дамығанына қуанады, кемшін түсіп жатқан тұстары болса, түзетуге атсалысады.

Қасиетті Сыр өңірінің төл перзенті, өнегелі болмыс иесінің өмір жолы соңынан ерген шәкірттерінің, жас қаржыгерлердің өмірлік жол бағдарындай. «Баспалдақпен інілер көтерілсе, үзеңгімен ағалар атқа мінсе» деп атақты ақын Қадыр Мырза Әлі жырлағандай, ол – қашан да үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп келе жатқан азамат. Қадірлі ел ағасына айналған, халықтың ықыласына бөленген көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сейітсұлтан Сүлейменұлы – ат арқасында жүрген азамат. Жастардың ақылшысы, жанашыры бүгінде «Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы» акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің төрағасы қызметін атқарады.

Ағамыздың жан жары Ғалия апай да – парасатты жан, отбасының берекесі, балаларының сүйікті анасы, немерелерінің аяулы әжесі.

Елінің сенімін ақтай білген ағамызға сырбойылық інілерінің ықыласы ерекше екенін жеткізгіміз келеді.

Қылышбай БИСЕНОВ,
техника ғылымдарының докторы,
профессор, ҚР ҰҒА академигі,
IV сайланған Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаты

Деректер қоры толыға түседі

Мемлекеттік қала құрылысы кадастры Қызылорда облысының мемлекеттік органдарын, бизнесін және халқын нақты инфрақұрылымдық деректермен қамтамасыз етеді. «Мемқалақұрылыскадастры» РМК және оның филиалдары 2018 жылдан бастап инженерлік коммуникациялар мен құрылысты түгендеу жолымен мемлекеттік қала құрылысы кадастрының деректерін цифрландыруды жүзеге асырады.

Sb Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА, «Сыр бойы»

Түгендеу жұмыстарының жүзеге асырылуына қарай қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (МҚК ААЖ) сумен жабдықтау, кәріз, су бұру, электрмен жабдықтау, байланыс, газбен жабдықтау, жылумен жабдықтау, көшені жарықтандыру, жол жүрісін ұйымдастыру желілері және басқа да объектілер бойынша цифрлық деректермен толтырылып жатыр.

«Мемқалақұрылыскадастры» РМК-ның Қызылордадағы филиалының басшысы М.Ж.Кушеков жүргізіліп жатқан жұмыстар өте өзекті екенін атап өтті. Инженерлік коммуникацияларды цифрландыру желідегі жүктемені қадағалауға және қуатты уақытылы ұлғайтуға, жөндеуді жоспарлауға мүмкіндік береді және жаңа объектілерді инженерлік желілерге қосу процесін жеңілдетеді. Жолдарды, жылумен, сумен жабдықтау, кәріз объектілерін салу және басқа да құрылыс-монтаждау жұмыстары кезінде желілердің апаттылығы айтарлықтай қысқарады. Қазір жерді қашықтықтан зондтау ПҰА-дан аэрофототүсірілім және ғарыштық түсірілімдер материалдарын пайдалану арқылы түгендеу процесі жеделдетіліп, жеңілдетілуде.

Бүгінде «Мемқалақұрылыскадастры» РМК-ның Қызылордадағы филиалы облыс орталығының 4,5 мың гектардан астам құрылыс салынған аумағын түгендеді. Қала құрылысы кадастрының деректерін цифрландыру деңгейі 24%-ке артты және жыл соңына қарай 35,2 %-ті құрайды.

Түгендеу нәтижесінде құрылатын елді мекендердің электрондық картасы қолданыстағы инженерлік коммуникациялар жүйесін, әлеуметтік объектілерді, тұрғын үй құрылыстарын, әкімшілік ғимараттарды және басқа да объектілерді мониторингілеуге мүмкіндік береді. Сәулет органдары аумақты жоспарлау және салу кезінде аумақты дамытудың объективті көрінісін ескере отырып, қала құрылысы құжаттамасын әзірлеуді жүзеге асыра алады. Жүйеде функционалдық аймақтар, жоспарланған құрылыстың шекаралары, «қызыл сызықтар» деп аталатын жеке ғимараттарға, әлеуметтік объектілерге дейінгі қала құрылысы құжаттамасының қабаты бар. Коммуналдық қызметтер коммуникацияларды жобалау немесе салу кезінде инженерлік объектілердің қолданыстағы және жоспарланған схемаларын бақылай алады. Әкімдік пен әлеуетті инвесторлар оңтайлы басқару шешімдерін қабылдау үшін объектілердің ағымдағы техникалық жай-күйі және аумақты игеру туралы объективті түсінік ала алады.

Осылайша, қала құрылысы кадастрының цифрлық дерекқоры объектілерді жобалаудың, салудың, пайдаланудың және кәдеге жаратудың толық тіршілік ету циклын мониторингілеуге, сондай-ақ өнір аумағында құрылыс салуды ұтымды жоспарлауға мүмкіндік береді.

Алдағы жылы «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде республикалық және жергілікті бюджеттерден тепе-теңдік 50/50 қаржыландыру негізінде қала аумағының 2,6 мың гектарына түгендеу жүргізу жоспарланып отыр. Филиал түгендеу жұмыстарымен қатар заңды және жеке тұлғаларға кадастрлық қызметтер көрсетеді. 2017 жылдан бастап аумақтың кадастрлық жоспарларын беру, инженерлік коммуникацияларды түгендеу, қала құрылысы кадастрының мәліметтерін ұсыну бойынша 2400-ден астам қызмет көрсетілді. Инженерлік-геодезиялық ізденістер кешені бойынша кадастрлық жоспарды түгендеу және дайындау кезінде құрылыс салынбаған аумақтарда жоспарлы-биіктік түсіру желісінің схемалары жасалады. Жерасты коммуникациялары мен геологиялық қазбалардың шығу координаттары мен биіктігі есептеледі, жоспарды 1:1000 ауқымында 1:500 ауқымына дейін ұлғайту жүргізіледі, жерасты коммуникацияларының жоспары түзіледі. Түгендеу жүргізу және кадастрлық қызмет көрсету шамасына қарай облыстың қала құрылысы кадастрының деректер қоры өзектендіріледі.

Сонымен бір мезгілде облыстың елді мекендерін түгендеудің цифрлық деректері халық пен бизнесті аумақты пайдалану, инфрақұрылымның жай-күйі және инвестициялық жобаларды іске асыру мүмкіндігі туралы ашық мәліметтермен қамтамасыз ету үшін қала құрылысы кадастрының бірыңғай геоақпараттық инфрақұрылымдық деректер қорына (МҚК БГИД) кіреді.

Жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдар интеграция арқылы функцияларды орындау, салалық деректерді тіркеу және қала құрылысы кадастрының ақпараттық ресурстарын үздіксіз өзектендіру үшін қажетті ақпаратқа қол жеткізе алады.

Құрылыс нысандары қатаң бақылауда

Елімізде кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша заңнамалық бастамаларды жақсарту үшін сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметінде 8 реформа жүзеге асырылып, 5 нормативтік-құқықтық актіге 30-ға жуық түзету енгізілді.

Нәтижесінде «Құрылысқа рұқсат алу» индикаторы бойынша 2018 жылы Қазақстан Республикасы 35-орынды иеленіп, 17-позицияға көтерілді. Осы ретте өткен жылы Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Асқар Мамин Үкімет отырысында құрылыс саласы бойынша Қазақстанның халықаралық «Doing Business» рейтингіндегі позицияларын жақсарту шараларын қарастырды. Енгізілген өзгерістерді іс жүзінде қолдану нәтижесінде республика көлемінде Қызылорда облысы 2-орынды иеленді.

Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының және мемлекеттік құрылыс нормативтері мен ережелері талаптарының облыс аумағында біркелкі және дәлме-дәл орындалуына бақылау-қадағалау шараларын жүзеге асыратындықтан, жыл сайын өңірде бой көтерген құрылыс нысандарына тексеріс жүргізіп, қатаң бақылауда ұстайды. Басқарма биыл да бірқатар нәтижелі жұмыс атқарды. Мәселен, қаңтар-қазан айларында басқармаға мемлекеттік бюджет және жеке инвестициялар есебінен салынатын нысандарға құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы 798 хабарлама келіп түсті. Оның 408-і заңдылық тұрғысынан тексеріліп тізімге енгізілсе, анықталған кемшіліктерге байланысты 390-ы кері қайтарылды. Оның ішінде 170-і Қызылорда қаласында болса, 238-і аудандарда орналасқан. Олардың 194-і (97-сі жаңа құрылыс) бюджет қаражаты есебінен, 214-і жеке қаражатқа салынып жатқан нысандар.

Бүгінде нысандарда құрылыс жұмыстарының сапасына бақылау күшейтіліп, жеке және заңды тұлғалардың өтініштері, нұсқамалар бойынша 73 жоспардан тыс тексеру ұйымдастырылса, анықталған ақаулар мен кемшіліктерді жою жөнінде 15 нұсқама берілді. Осы жылдың бірінші жартыжылдығына құрылыс нысанына бару арқылы профилактикалық бақылау жоспарына 64, екінші жартыжылдыққа 21 құрылыс нысаны енгізілді. Жоспарға сәйкес 53 нысанға тексеру жүргізіліп, анықталған кемшіліктер бойынша 51 нұсқама берілді.

Айта кету керек, 2018 жылы облыс әкімінің қолдауымен облыстық бюджеттен 30 млн 322 мың теңге қаржы бөлініп, оған лаборатория автокөлігі, заманауи бақылау-өлшеу құралдары, нарықтағы аккредиттелген құрылыс компаниялары көрсететін зертханалық қызметтер сатып алынды және мамандар арнайы киіммен, жеке қорғану құралдарымен жабдықталған болатын. Қазіргі таңда еліміз бойынша біздің басқарма мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармалары ішіндегі жылжымалы зертханамен қамтамасыз етілген алғашқы және жалғыз басқарма болып отыр. Бұл – облыс үшін үлкен жетістік. Себебі, аталған құрылғылардың аясында өңірімізде салынып жатқан құрылыс нысандарына пайдаланылған барлық бетон маркаларының сәйкестігін, арматураларының беріктігін, салынған құбырлардың қалыңдығы мен бүтіндігін және ғимараттардың жоба-сметалық құжаттама бойынша салынған биіктігі мен орналасу параметрлерін бақылауға мүмкіндік тууда.

Мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру – басты міндеттердің бірі. Осы орайда, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы негізінде ақпараттық технологиялар орталығымен бірлесіп, «Halyq Monitoring» жоба әзірленді. Бұл жоба аясында, «Halyq Monitoring» сайты ашылатын болады. Сайтқа, басқарма тарапынан, бюджет қаражатынан құрылыс-монтаж жұмыстарының басталғандығы туралы талон хабарлама алған құрылыс нысандары енгізілуде.

Сонымен қатар, құрылыс саласында қоғамдық бақылау, және де құрылыстың мән-жайы жөнінде толық ақпараттар жинағы енгізіледі. Атап айтқанда: құрылыстың сипаттамасы, фотосуреттері, құрылыс нысанының паспорты, басталу және аяқталу уақыты, тапсырыс берушісі, мердігер мекемесі, техникалық және авторлық қадағалаушы, телефон нөмірлері және құрылыстың дәл қазіргі уақытта қанша проценті орындалғандығы жөнінде толық мағлұмат көрсетіледі. Егер салынып жатқан құрылыстың норматив талаптары бұзылып жатса, әрбір азамат «Halyq Monitoring» сайты арқылы арыз-шағымын электронды түрде басқармаға жіберуге мүмкіндігі бар. Сайтқа келіп түскен өтініш-талаптар ескерусіз қалмайды. Басқарма тарапынан тексеру мен бақылау жүргізіліп, жауабы сайтқа орналастырылатын болады. Сондай-ақ, сайт жұмысы құрылысы бітіп, қолданысқа берілген нысандардың қандай заң бұзушылықпен салынғандығы және оның орындалғандығы жөнінде ақпарат алуға да мүмкіндік береді.

Облыс бойынша халықтың құрылысты бақылау «Halyq Monitoring» жобасы қазір қолдау тауып, оң қорытынды алды. Жобаның басты мақсаты – бюджеттік қаражат есебінен салынып жатқан құрылыстың ашықтығын көрсету, қоғаммен кері байланыс орнату, мердігерлік құрылыс ұйымдарының жаңа тізілімін жүргізу, салынып жатқан құрылыстың халықтың бақылауында болуын қамтамасыз ету, құрылыстың біту мерзімінің ұзаруына жол бермеу. Осындай ашықтықты қолға алған жоба – елімізде аналогы жоқ сайт.

Алдағы уақытта жоба құрылыс саласындағы бюджеттік қаражаттарды көрсетуге және бақылауға, шағымды жинауға, ақпаратты сараптау және талдау шеңберінде жұмыс істейтін болады. Жобаның көмегімен аймақтың әрбір тұрғыны бюджет қаржысының қандай бағытта жұмсалғанын, оның дамуға қалай әсер ететінін көре алады. Бұл – бюджеттің ашықтығы мен елдегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың бірегей тәжірибесі. Жалпы, басқарманың алға қойған жоспарлары мен мақсаты көп. Оны жүзеге асыру уақыт еншісінде.

Амантай ҰЗАҚБАЕВ,
облыстық мемлекеттік
сәулет-құрылыс бақылау
басқармасының
бас маманы

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Ақын ғашық болған кез

Эссе

...ҚазМУ қалашығындағы бесінші жатақхананың бесінші қабатындағы терезесі тау жаққа қарап ашылатын үлкен бөлмеге үш жігіт орналасқанбыз. Таңертеңгілік балконға шығып, Алатаудың биік шыңдарына көз салып, керіліп-созылып тұрып ұйқымызды ашушы едік.

Менің жанымдағы екі досым да ақын. Шындығында, олармен қатар жүру, бір бөлмеде тұру, бір сөзбен айтқанда, бірге өмір сүру өте қызық әрі қиын болатын. Алдымен соның қызығын айтайын. Ал қиындығын кейін… реті келген жерде, тілге тиек ете жатармыз.

…Бүгін міне, Алматының ауа райы аяқ астынан құбылып, көгілдір көктемнің қабағы түйіле қалды. Артынша сатырлап ақ нөсер құя жөнелді. Аяқ астынан асфальтқа түсіп шашылған моншақтардай мөп-мөлдір тамшылар секіріп, билеп барады.

Манадан бері балконға бір шығып, бір кіріп, өзінен өзі күбірлеп жүрген Бақытжан ақын кенет жаңбыр басылған сәтте:

Жердің беті нөсермен
шайылғасын,
Өлең басып қалыпты
қайың басын.
Шырқап кетіп барады
бір сұлу қыз,
Менің махаббатымның
қайырмасын, –

деп жап-жаңа туған өлең шумақтарын шабыттанып оқи жөнелді.

Жаңағы жаңбыр тамшыларымен бірге түскендей мөп-мөлдір жыр жолдары біздің бөлмеде секіріп, билеп бара жатқан тәрізді. Расында да, бұл бір ғажап, бұл бір ұмытылмас сәт болатын!

Ол кезде ҚазМУ-дың журналистика факультетінің үшінші курсында оқитынбыз. Бүкіл курсымыз болашағынан үлкен үміт күтіп, зор сенім артатын ақын Бақытжан Абызовтың орны біз үшін ерекше еді. Бәріміз оның талантына бас иетінбіз. Бірақ, Әдебиет атты сиқырлы әлемді бетке алып, батыл адымдап бара жатқан жастарды қандай болашақ күтіп тұрғанын білмейтінбіз…

Бақытжан ақын қазір Қызылордадағы шетелдік мұнай компаниясында білдей бір жауапты қызмет істейді деп естиміз. Өзін өзі көрсетуге асықпайтын, көрсем деген жұрт өкшесін көтеріп, мойнын созып жатса да көзге түскісі келмейтін байсалды жігіт ырғалып-жырғалып жүріп 2003 жылы «Жанарымдағы жаңбырлар», 2014 жылы «Уақыттың алуан түсі» атты екі жыр жинағын шығарғанын білеміз.

Ол кітаптарды сол баяғы қызық пен думанға, достық пен махаббатқа толы студенттік шақты сағынған достарының таласа-тармаса алып кеткені анық.

***

Біз осы, ұлы мәртебелі Уақыттың әмірімен өмір соқпағындағы белгілі бір кезеңдерде аялдап, арқамыздағы ауыр жүктің біразын тастап, қай тұсқа жеткенде аяқталары белгісіз жұмбақ сапарымызды жалғастыра беретін секілдіміз. Сондықтан да, талай-талай дүние жадымыздан шығып, ұмытылады-ау деймін…

Бірақ, сонау студенттік жылдардағы көңілді бір кеште алғаш тыңдағанда-ақ жаттап алған Бақытжанның «Алматының ауа райы» атты өлеңі көкейімізде сайрап тұр. Ол өлеңнің:

Алау жұлдыз,
жақты ол ұшқын,
Нәр алды жер кенезесі.
Сенсіз келген автобустың,
Жылап кетті терезесі, –

деп аяқталатын соңғы жолдары әлі күнге дейін жүрегімізге мұң ұялатып, өзіміз ешқашан көрмеген бір жұмбақ сұлу қыздың бейнесін көз алдымызға әкеледі.

Әрине, студенттік жылдардың өз классикасы, өздері шексіз құрмет тұтатын классиктері болады. Біздің курстағы дарынды ақын Бақытжан Абызов та ерте танылған, ҚазМУ қалашығының аспанында жарқ етіп көрінген жарық жұлдыз еді.

Өз басым, оның жап-жас күнінде жазған өлеңдеріне көз жүгіртіп отырып, қазір де терең ойға шомамын. Міне, қараңызшы:

Уақыт әнін айтады,
Байып тұр шапақ қалада.
Ыңылдап мен де қайтамын,
Бесінші жатақханаға.
Ойымнан шықпай осы өлең,
Қайталап айтып жылындым.
Еңіске құйған көшемен,
Ақтым да, солға бұрылдым.
Бөлмеге келдім, торықтым,
Сырласып ымырт-бейуақпен.
Жападан жалғыз қорықтым,
Қорқам деп бұрын
ойлап па ем?
Қорқынышымды өлтірдім,
Бұрышқа қашып тығылған.
Шашынан сипап мен түннің,
Иіскеп тұрдым бұрымнан.
Ұқсайды көзі сол түннің,
Кешіне сырлы ағұстың,
Көшеде жүрген толқынның,
Дидары болып таныстың.
Автобустарым қайтады,
Терезелерін жылатып.
Кей-кейде өтірік айтады,
Мен ғашық болған уақыт.

***

Рас, ақын мінезі қызық. Бірде бала, бірде дана. Біз – Бақытжан, Ғалым (Әріп) және мен үшеуміз бір бөлмеде тұрғандықтан, бір-бірімізге қатты бауыр басып кеттік. Сондықтан да, қазір студенттік күндерді еске алғанда бір-бірімізге айтар қызығымыз да, қалжыңымыз да көп. Солардың біреуін бүгін сіздермен бөлісемін деп, жалпақ жұртқа жария етіп қойсам, ақын досым маған өкпелей қоймас деймін.

…Бірде бөлмеге кештеу оралған Бақытжанға:

– Әй, Абызов, қайда жүрсің-ей? – деді Ғалым іштей бір күлік ойлағандай жымиып.

– Не? – деп Бақытжан елең ете қалды. – Мені біреу іздеп келді ме?

– Жалпы… сені іздейтіндер көп болып тұр ғой!

Ғалым оған білдірмей, маған көзін қысып қойды.

– Кім? – деді Бақытжан одан жауап күтіп. – Кім іздеп келді?..

– Жай бір… бейтаныс қыз.

– Қандай қыз?!

Ғалым оның бұл сұрағын жауапсыз қалдырып, айнаның алдына барды да, шашын тарай бастады. Ақын жүрегінің лүпілдеп, өзін қандай арудың іздеп келгенін білуге асыққанын сезсе де, сезбеген сыңай танытып, уақытты әдейі соза түсті.

– Әй, Оразов, – деді Бақытжан одан қайыр болмасын түсінгендей маған бұрылып. – Сен айтшы…

– Баха, менің ойымша, ол сенің поэзияңа ғашық қыздардың бірі сияқты.

– Да-а…

Ол ойланып қалды. Ғалым айнаға қарап, жымиып тұр. Бөлме ішінде бір сәтке тыныштық орнады.

– Қандай қыз екен? – деді Бақытжан жаңа ғана шешкен пиджагін қайтадан қалай киіп алғанын байқамай. Біз үн қатпадық.

Ол енді, Ғалымды иығымен итеріп, айнаға үңілді.

– Шын айтасыңдар ма, ей?

Тағы да жауап жоқ.

– Қалай өзі, былай… әдемі ме?

Мен ақырын ғана басымды изедім. Кенет ол шалт қимылдап, қолымдағы кітапты жұлып алды да:

– Әй, тасташы, – деп үстелдің үстіне лақтырып жіберді.

Күлкімді әзер тежеп, оның бетіне аңтарыла қарадым.

– Айтсаңдаршы дұрыстап! – деді Бақытжан енді екі қолын екі жаққа жайып, жалынғандай болып.

Не керек, сол күннен бастап Ғалым екеуміз оған өз ойымыздан шығарып алған бір ертегіні кезектесіп айта жүретін болдық.

Оның қызықты желісі, қысқартып айтқанда, былайша өріледі: біздің қиялымыздан пайда болған әлгі «бейтаныс қыз» Бақытжанның поэзиясына өлердей ғашық. Оның өлеңдерін оқыған сайын көзіне жас алады. Әсіресе, «Алматының ауа райындағы» Ақын жігітті жаңбырлы күні ұзақ күттіріп қойып, келмей қалған арудың қандай тасжүрек екенін ойлағанда, өзін өзі қоярға жер таппайды. Сондықтан да, Бақытжан ақынға ешқандай автобусты күттірмей-ақ, өзі келіп жолықсам дейді…

Біздің бұл «ертегіміздің» неше күнге созылғаны есімде жоқ. Ең қызығы, Бақытжан бөлмеге кешігіп оралған сайын әлгі жұмбақ қыз оны «іздеп келіп» жүретін-ді. Біз ылғи да: «Япыр-ай, жаңа ғана келіп еді…» деп жік-жапар болып жататынбыз. Кейде тіпті, «әлі ұзап кете қоймаған шығар» дегендей сыңай танытып, ұзын-шұбақ дәлізде әрі-бері жүгіріп, ақын досымыздың көңілі үшін оны «іздеп», таба алмай, өкініп қайтатынбыз. Ал ол болса, басын шайқап: «Тым құрыса, бір стакан шай беріп, алдандыра тұрмадыңдар ма?!» деп күйіп-пісетін.

Әй, бірақ, біздің ондай «мәдениет» қайдан болсын. Өзіміз жаңа ғана курстас қыздарды мақтап, анекдот айтып күлдіріп, әрең өзек жалғап келіп отырған жоқпыз ба?

Сөйтіп…

Бір күні таңертеңгілік ұйқыдан оянғанымызда Бақытжан керіліп-созылып, бақыттан басы айналғандай күлімсіреп: «Жігітте-е-ер, – деді даусын әндете созып. – Мен оны бүгін түсімде көрдім-м-м!»

Әуелде біз ақын досымыздың не айтқанын түсіне алмай маужырап біраз отырдық та, кенет оның түсінде кімді көргені санамызға жеткен кезде күлкіден шыдай алмай жарылып, ішімізді басып, екеуміз екі жаққа құлай кеттік.

Әй, балалық-ай десеңізші! Ақын қиялымен ойнап неміз бар еді?..

Әйтсе де, біздің осы қалжыңымыздың өзі-ақ ақын жанының бір құпиясын ашып кеткендей болғаны рас-ты.

Олай дейтін себебім, өмірдегі әртүрлі жайттарды ол өзінің жүйрік қиялымен байытады емес пе?!

***

Бақытжанның бойындағы ерекше қасиеттердің бірі – жазған дүниесін жария етуге ешқашан асықпайтындығы еді.

Тағы да сол студенттік шақтағы бір оқиға есіме түседі. Біз үшінші, не төртінші курста оқып жүргенімізде республикалық «Жалын» баспасынан жас ақындардың «Темірқанат» атты жыр жинағы шығатын болды да, ҚазМУ-дағы қолына қалам ұстап, өлең жазатын студенттердің барлығы да үміттеніп, өлеңдерін машинкаға бастырып ұсынып жатты.

Ал біздің Бақытжан әнеміне деп, жазған дүниелерін қайта қарап, өңдеп, түзеп, ойланып, толғанып жүріп алды. Факультеттегі М.Сералин атындағы әдеби бірлестіктің сол кездегі төрағасы, талантты сыншы Жұмабай Әбілов оны күнде таңертеңгілік және кешкісін бөлмеге іздеп келетін болды.

Ол келген сайын Бақытжан ақын: «Қазір… – дейді. – Қазір апарып берем». Бірақ оның «қазірі» бірнеше күнге созылады.

Ақыры, жинақтың ең соңғы мерзімі бітетін күні Жұмабай жалынғандай болып, Бақытжанның қолжазбасын әрең алып кетті. Есесіне, оның өлеңдерін баспадағы ақындар бірден ұнатып, жақсы пікір айтып, «Темірқанаттың» бәсін арттыра түсті деп жоғары бағалады.

***

Енді, міне, сол асықпайтын ақын досымыз 60 жастан асты. Тап қазір оның ішкі әлемінде қандай толқындар тулап, қандай жырлар құс сияқты қанат қағып, биікке самғап бара жатқаны бізге жұмбақ. Және олардың түн-у баяғы, студент кезіміздегі ақ нөсер секілді сатырлап ақ қағаздың бетіне қашан, қай күні түсетінін де білмейміз.

Ақын болмысы қашанда жұмбақ. Әйтсе де, оның өзі ғашық болған уақытты әрдайым аңсап жүретіні анық.

Нұрғали ОРАЗ,
жазушы

Туған ауыл әуендері

(өлең-ностальгия)

1. Таң

Шартарапқа шашып нұр,
Күн шыққанда төбеден.
Аузына сап әжем тұр,
Жас құртты алып өреден.

Көркі енер әр үйдің,
Ақ сәулеге боянып.
Бесіктегі сәби де,
Езу тартар оянып.

Қойлар шығып қорадан,
Көк шалғынға өретін.
Қыз, келіншек даладан,
Шөпшек, тезек теретін.

Гүл көмкеріп қыр бойын,
Жуа, көсік өнетін.
Сағынғандай Сыр бойын,
Киік ауып келетін.

Терең еді-ау суы да,
Айдын көлдің шалқыған.
Балқытады буына,
Жалбыз иісі аңқыған.

...Жазғы жайлау кең жатқан,
Қызығы көп мереке.
Күбі пісіп, нан жапқан,
Оттың басы береке.

2. Түс

Күн күйдіріп жер бетін,
Құшағына алғандай.
Кең даланың келбеті,
Сұрғылт тартып қалғандай.

Сағымданған төбелер,
Көкжиектен көрінген.
Маң-маң басқан түйелер,
Бір аттауға ерінген.

Қозы, лақ көгенде,
Құдды бақтың жемісі.
Ұры-қары дегенді,
Білген емес ел іші.

Шөптің басы қозғалмай,
Дала мүлгіп қалғандай.
Бұта түбін көлеңке,
Тас бүркеніп алғандай.

Өзен, көлі болса да,
Туған жердің күні ыстық.
Аптап қысымға алса да,
Жанға жайлы тыныштық.

3. Түн

Тыныштық ап маңына,
Түн қонады салмақ сап.
Жалғыз үйдің жанына,
Байғыз қонар жалбақтап.

Міз бақпастан көлеңке,
Ай қорыса түнімен.
Тербеледі терең көл,
Әупілдектің үнімен.

Бақ құстары дамылдар,
Күндіз тынбай жырлаған.
Жеті қарақшы жымыңдар,
Үркер қызын ұрлаған.

Естілмейді дауысы,
Ит-құстың бас қатырар.
Атпа артқан қауыншы,
Қысқа таңды атырар.

Қызығына тоймаған,
Балалықтың күні ме!?
Ақсүйекпен ойнаған,
Әсем еді-ау түні де.

***

Жаз жылысып, күз келді,
Қыс та жақын қалған ба?
Қандай жайсаң із қалды,
Мына жұмбақ жалғанда.
Өмір суын тартынбай,
Қанша ішсең қандың ба?
Қайырылмастай артыңда,
Қимас күндер қалдың ба?!

Өтетұғын қас қағым,
Дүние деген бекер-ау.
Қызығы көп жас шағың,
Арман күндер екен-ау.

Рашид ЖАРЫЛҚАСЫНОВ



МҰСТАФА ШОҚАЙ – 130

МҰСТАФА ШОҚАЙ ЖӘНЕ АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Алашорда үкіметі мен Түркістан автономиясының құрылғанына 100 жылдан асып барады. Бұл екі мемлекет – тарихшылар мен мамандардың пікірі бойынша Алаш қозғалысының басты нәтижесі. Әрине, бұл пікірді құптамайтындар да бар. Олар Әлихан Бөкейхан мен Мұстафа Шоқай арасындағы пікір айырмашылықтарын алға тартады.

Расында, Бөкейханның әуелде Түркістан автономиясын қаламағаны рас, десе де, үзілді-кесілді қарсы болмаған. Себебі, ұлт-азаттық қозғалысқа Түркістан өлкесінің халқы қосылмай, азаттық жолындағы жеңіске жету қиын болатынын Алаш қайраткерлері жақсы білді. Белгілі ғалым Сұлтан Хан Аққұлы «Под «единым Туркестаном» Мустафы Шокая подразумевалась «Мусульманская федерация восточной России» атты мақаласында: «Мұстафа Шоқай, Мұхаметжан Тынышбаев және басқалары 1917 жылы 26 қарашада Қоқан қаласында Түркістан мұсылмандарының IV төтенше құрылтайы жариялаған Түркістан автономиясы Уақытша үкіметінің комиссары Әлихан Бөкейханның резиденциясында жоспарланып, жүзеге асырылды» дейді. Алаш қайраткерлері бұл жоспардың негізгі мақсатын жаңадан құрылған Түркістан автономиясы келешекте біртұтас түрік мемлекетінің субъектісі болады деп түсіндірген көрінеді.

Айта кету керек, Алашорда үкіметі мен Түркістан автономиясы құрылмай тұрып, Алаш қайраткерлерінің қатысуымен біртұтас Түркістан туралы идея бірнеше жиылыста қаралып, талқыланған болатын. Алайда, бұл мәселе бойынша Бөкейхан, Шоқай және басқалары бірыңғай бір мәмілеге келмеген сияқты. Сол күндері Мұстафа Шоқай қайшылықта қалып жүрді. Түркістан өлкесінде жоспарланып отырған екі мемлекетті орыстар еркіне қалдырады деп ойлаған жоқ. Өзінің ой-пікірлерін Қоқан және Алашорда үкіметтерінің басы-қасында жүрген зиялы азаматтарға жеткізді. Негізінен екіге бөлінбей, біртұтас Түркістан мемлекетін құрғанды жөн көрді. Алашорда қайраткері Міржақып Дулатов 1929 жылы 30 қарашада Біріккен саяси Бас басқармасына берген жауабында былай деген: «Біздің съезіміздің аяғына қарай Қоқаннан Мұстафа Шоқаев келді. Ол қазақ автономиясының жеке құрылуына қарсы болып, Түркістанмен бірігуге үгіттеді және Түркістан үкіметінің құрамына өзі және Тынышпаев Мұхаметжан кіргенін айтты...». Мұстафа Шоқай біріккен жағдайда ғана большевиктердің қарулы шабуылына қарсы тойтарыс беруге болатынына сенді. Бірақ ұлт жетекшілері бұл ұсынысты қабыл алмады. Ақырында, «бүкіл қазақ жері Түркістан автономиясына біріктірілсін» деген алғашқы ұсынысынан бас тартуға мәжбүр болды. Қоқанға барып құрылтайшылар алдында былай деді: «Қазіргі жағдайда толық жарамды мемлекет құру оңай емес. Оған лайық тәжірибе де, кадр да, келешек автономияны қорғайтын қарулы күш те жоқ. Біз Ресеймен достық қалыпта, бейбіт өмір сүруіміз керек. Осыған географиялық жағдайдың өзі еріксіз көндіреді. Мен Кеңестердің саясатын қабыл алмаймын, бірақ большевиктердің қиратушы күшіне сенемін...».

Өкінішке қарай, құрылтайшылардың қалауы болды. Үш күнге созылған құрылтай қаулы қабылдап, Түркістан автономиясын жариялады. Мұстафа Шоқай жауапкершіліктен қашқан жоқ. Құрылтай жиналысына төрағалық етті. Автономия қаулысын өз қолымен жазып, өзі жариялады. Дегенмен, әлсіз үкіметтің төрағасы да, мүшесі де болғысы келмеді. Бұл пікірін ашық айтып, үкіметтен тыс қала отырып, қолдау көрсететінін мәлімдеді. Бірақ құрылтайшылар оған көнбей, үкімет құрамына кіргізіп, оған сыртқы істер министрінің міндетін жүктеді. Бірінші министр және ішкі істер министрі болып Мұхамеджан Тынышпаев тағайындалды. Бірақ тартқыншақтық білдіріп, үкіметті дұрыс басқара алмады. Нақтылап айтқанда, Уақытша үкімет қаржы мәселесін шешу мақсатында жергілікті мемлекет банктерін тәркілеу жөнінде қаулы қабылдаған болатын.

Алайда «жаңа үкіметтің бұл қадамы большевиктердің наразылығын тудырады» деген желеумен Тынышпаев қаулыны орындаудан бас тартты. Уақытша үкіметтің мүшелері бір келісімге келемін деп жүргенде большевиктер Қоқандағы банктердің бар ақшасын сыпырып, Ташкентке алып кетеді. Министрлер кеңесі Тынышпаевтың бұл әрекетін «саботаж» деп бағалап, оны қызметінен босатып, орнына бір ауыздан Мұстафа Шоқайды сайлайды.

Ол жаңа үкіметтің негізін қалауға белсене кірісті. Уақытша үкіметтің бағдарламасын бекіткен соң, қарулы күштерін, қаржы істерін, салық жүйесін және автономияның мекемелерін ұйымдастыру үшін бірқатар қаулылар қабылданды. Кейбірі жүзеге асырыла бастады, яғни 30 миллион сомның заемы шығарылып, таратылды. Автономияны қорғауға қажет қару-жарақ пен оқ-дәрі сатып алынды. Азық-түлік сатып алуға министрлердің бірі Кавказға жіберілді. Қаладағы шаруа мен жұмысшыларды автономияның туы астына біріктіруге, сол кездегі көне мемлекеттік аппараттарды тартуға күш салынды. Тіпті, сайлау туралы Заң да қабылданды. Сонымен қатар, большевиктермен келісім жүргізілді. Революция көсемі В.И.Лениннің атына жеделхат жіберіліп, заңсыз құрылған Кеңес үкіметінің билігін тоқтатып, Түркістан Уақытша үкіметін тану сұралды.

Дегенмен, большевиктер Түркістан Уақытша үкіметіне ультиматум жариялап, үзілді-кесілді Кеңес үкіметіне бағынуды талап етті. Мұстафа Шоқай мен кабинет мүшелерін тұтқындап, жазалауға құштар жалғыз большевиктер болмай шықты. Түркістан автономиясына қарасты қарулы жасақты басқарған Құрбашы Иргаш (Ибрагим Ходжиев) «елімізді жаулардан («от большевиков и неверных») босатып аламыз» деп күтпеген жерден төңкеріс жасайды. Қоқан үкіметінің әскери қолбасшысы М.Чанышев және қарамағындағы орыс офицерлерін қамауға алып, үкімет мүшелерін түгелдей жазалауға бұйрық береді. Кешікпей Үкімет мүшелерінің бірқатары қамауға алынып, қалғандары Қоқан қаласынан кетіп үлгереді. Солардың қатарында Мұстафа Шоқай да болды. Автономистерге қарсы төңкерісті ұйымдастырған Улемистер (Шуро-и-Улема) Қоқан хандығының қайта құрылғанын және Ергаштың хан сайланғанын жария етеді.

Осыдан кейін Ергаш және оның шағын әскері Қызыл әскерімен ашық шайқасады. Сол күндері Ресейден тұрақты әскер тиелген 11 эшелон жіберілген болатын. Жолай оларға Қызылорда уезіндегі Ақмешіт пен Қазалы қыстағында шоғырланған қызыл әскердің бөлімшелері қосылады. Ол аз болғандай, Кеңес үкіметі жедел шаруалар армиясын құрып, құрамына 17-50 жас аралығындағы ұлты орыс және армян азаматтары кірді. Әсіресе, шаруалар армиясына әдейілеп кіргізген дашнактар (ұлтшыл армяндар) өздерінің қатыгездігімен айрықша көзге түсті. Сонымен қатар, большевиктер қарулы күштерін жасақтап үлгірмеген үкіметке қарсы зеңбіректер мен аэропландар пайдаланды. Нәтижесінде, ондаған қаладағы кеңселер, мектептер, дүкендер және мешіттер қираған. Кейбір деректер бойынша 11000-ға жуық жеке үй күлге айналған, 15000-ға жуық бейбіт тұрғыны қаза тапқан, дүние-мүліктері талан-таражға салынған. Қысқасы, Қоқан қаласының басым бөлігі 3-4 күн ішінде жермен-жексен болып тегістелген. Соңы азаматтық соғысқа ұласқаны белгілі. Тек, отызыншы жылдары ғана Кеңес үкіметі басмасшылардың қарсылығын біржолата жойып, жеңіске жетті.

Кеңестік Қазақстан тарихнамасында Мұстафа Шоқай басқарған Түркістан автономиясын большевиктердің тұрақты әскері қанды қырғынмен таратты дейді. Бес томдық Қазақстан тарихының төртінші томында былай делінген: «...1918 жылы ақпанның басында қызыл гвардияның отрядтары автономияның аздаған күшін тас-талқан етті. Автономия басшыларының бір бөлігі атылды, қалғандары қамауға алынды. Мұстафа Шоқай қашып құтылды». Алайда, өзбектің ғалымы, академик Р.Абдуллаев өзінің шығармаларында былай дейді: «Мустафа Шокай из-за своей молодости не справился с должностью главы правительства Кокандской автономии. Ибо он не смог предотвратить боевые столкновения между плохووооруженными силами этой автономии и красноармейцами советской власти. Более того, правительство Кокандской автономии, главой которого он являлся, 18 февраля 1918 года была свергнута не советской властью большевиков, а религиозной организацией «Шураи-и-Улема», с целью восстановления Кокандского ханства, с провозглашением хана этого исламского монархического государства Иргаша».

Әрине, тарихтың бұл тұстарын айқындау керек. Мұстафа Шоқай заңды құрылып, бірнеше мемлекет мойындаған Түркістан мемлекетінің басшысы болғаны анық. Бұл халықтың қалауымен құрылған мемлекет 1918 жылы жойылған жоқ, күшпен тарқатылды. Мұстафа Шоқай шетелге кетуге мәжбүр болды. Жиырма жылдай эмиграцияда жүріп, Түркістан мемлекетінің «қуғындағы үкіметін» басқарды. Қауіпсіздік органдарының мәліметіне қарағанда, Мұстафа Шоқай ағылшын мемлекетінің басшылары Кеңестік Түркістаннан келген делегацияны қабылдаған кезде: «Олардың сіздермен келісім жүргізуге құқы жоқ. Түркістан атынан мен ғана сөйлей алам» деген екен. Сондықтан да, ол тарихта «Мұстафа Шоқай – Түркістан мемлекетінің басшысы» деген атпен қалып, оған мемлекет басшысына лайық құрмет көрсетілуі керек. Сонымен қатар, Мұстафа Шоқай – Алаш қозғалысының жетекшілерінің бірі. Алаш қозғалысының саяси желеумен жүргізілген жаппай репрессиядан аман қалған соңғы уәкілі. Алаш қозғалысы жобасы Мұстафа Шоқайдың өліміне байланысты 1941 жылы біржола жабылды.

Кеңес кезеңіндегі Қазақстан тарихының түрлі себептермен толық зерттелмей немесе бұрмаланған кейбір маңызды тұстарын жаңа көзқарастар тұрғысынан қайта қараған дұрыс шығар. Осы уақытқа дейін қос үкіметке («Алашорда» мен «Түркістан автономиясы») сыртқы істер министрі болған Мұстафа Шоқайдың біртұтас Түркістан туралы идеясы пікірталас туғызып келеді. Түркиядағы Мимар Синан көркем өнер университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Ә.Қара: «...Мұстафа Шоқайдың Еуропа елдерінде әлемге жар салып айтып жүрген біртұтас Түркістан идеясы өзінің жеке идеясы емес, қайта 1918 жылдың күзінде, ішінде Бөкейхан да бар, Алашорда жетекшілерімен бірге қабылданған ортақ шешімдері» дейді. Бұл пікірді Сұлтан Хан Аққұлы да қолдайды. Дәлел ретінде Башқұрт жетекшілерінің бірі Заки Валиди Тоган естеліктерінен үзінді келтіреді: «Алихан Букейхан, Мухамеджан Тынышбаев, Мустафа Чокаев и я говорили с Юсуфом Акчуриным о замысле создания в Самаре «Федерации юго-восточных мусульманских областей». Когда речь зашла о предполагаемом названии будущего государства, Акчурин посоветовал именовать его «Федерацией восточных турков». Алихан в свою очередь внес свои коррективы. Он сказал, что следует избегать названий, которые давали бы русским повод для наклеивания на нас ярлыка пантюркизма. В будущем и такое название вполне может стать приемлемым, а пока надо ограничиться «Мусульманской Федерацией Восточной России».

Қалай дегенде де, Мұстафа Шоқай біртұтас Түркістан идеясы жолын ұстаушы екені ақиқат. Осы идея үшін өмірінің соңына дейін күресті. Оның айғағы – Мұстафа Шоқай басқарған «Түркістан автономиясы» және Батыс елдерде бастырып шығарған кітаптары мен журналдары, саяси-қоғамдық пулицистикалық мақалалары. Кеңестік кезеңде билік басындағы идеологтардың деректеме базасын шектеп отырғандары рас. Қазіргі кезде бұрын жабық болып келген архив қорлары толық ашылды. Сондықтан да тарихшылар мен мамандардың Мұстафа Шоқай, Әлихан Бөкейхан және басқа Алаш қайраткерлеріне байланысты тарихи оқиғаларды терең зерттеп, ғылыми тұрғыдан дәлелдеп жазғандары дұрыс.

Осы уақытқа дейін Мұстафа Шоқайдың саяси қызметіне мемлекет тарапынан ресми баға беріліп, тарихтағы орны айқындалған жоқ. Себебі, кейбір тарихшылар мен мамандар «Мұстафа Шоқай сұрапыл соғыс жылдары атышулы «Түркістан легионының негізін қалады» деген ескі ұғымды қайталай береді. Бұл – шындыққа сыйыспайтын, деректермен бекітілмеген жалған әңгімелер. Тіпті, Кеңес өкіметі де оны «фашистермен сыбайлас болды» деп айыптамаған. Ресми құжаттарда «матерый панисламист-алашордынец», «организатор буржуазно-националистического «автономного правительства», «находясь в эмиграции с 1919 года, вел активную антисоветскую работу, вплоть до своей смерти, последовавшей в 1941 году» деп қана айтқан. Жазушы-чекист Серік Шәкібаевтің «Үлкен Түркістанның күйреуі» атты кітабын да билік басындағылар қолдамаған. Кітап баспада қозғалыссыз 2-3 жыл жатқан. Шәкібаев арызданғаннан кейін барып, Қазақстандағы Мемлекет қауіпсіздік комитетінің (КГБ) араласуымен жарыққа шыққан. Расын айтқанда, Мұстафа Шоқай фашистік Германияның басшыларымен еш уақытта кездеспеген, келіссөз жүргізбеген және «Түркістан легионын» құрып, оған жетекшілік етпеген. Бұл жайында Бас прокуратураның, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Ресей ФСБ-нің (КГБ) берген ресми анықтамасы және облыстық соттың шешімі бар. Мұндай жалған әңгімелер оқырманды шатастырады. Сондықтан да, тарихшылар мен мамандардың арасында бірауыздылық болғаны дұрыс. Сонда барып Мұстафа Шоқайды айналасындағы жалған әңгімелерден аршып аламыз. Болмаса, көрнекті тұлға жайында мемлекет тарапынан тұжырымды шешім қабылданып, еңбегіне лайықты ресми баға беріліп, тарихтағы орны айқындалмайды.

Мұстафа Шоқайға қатысты тағы бір мәселе – оның сүйегін Қазақстанға әкелу. Шетелде жатқан сүйегін, өзі аңсаған туған еліне алып келіп, Түркістан қаласындағы белгілі адамдар жатқан Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің жанына ресми түрде жерленгені дұрыс болар еді. Рас, «Еуропаның төрінде, жақсы жерде жатыр» деп, бұл ұсынысты қолдамайтындар да бар. Қазірдің өзінде Берлиндегі мұсылмандар бейіті тарлық етіп жатқан көрінеді. Тіпті, өлген адамдардың сүйегін бірінің үстіне бірін жерлеп жатыр дейді. Бұл рас болса, жуық арада Мұстафа Шоқайдың сүйегі түгіл, басына қойылған ескерткішін таба алмай қалуымыз ғажап емес. Сондықтан бұл мәселені ойланып, туған-туыстарымен ақылдасып, шешкен дұрыс. Қазір Түркістан облыс орталығы болды. Елбасының идеясы бойынша түркі әлемінің орталығы атанбақ. «Түркістан» атты қала басқа түркі елдерінде жоқ, жалғыз. Мұстафа Шоқай да «Түркістан» деп дүниеден өтті. Сондықтан да, оның осында жерленгені дұрыс. Бұл, әрине, бүгін-ертең шешілетін мәселе емес. Дегенмен, осы мәселеге байланысты ғылыми ортада, қоғамда және билік уәкілдері мен ұлы күрескердің ағайын-туыстарында ортақ пікір қалыптасқаны абзал.

Сонымен қатар, Мұстафа Шоқайдың азаматтығы шешілмей келеді. Қазір оны шетелдіктер Франция азаматы дейді. Өйткені, жиырма жылдай Париж маңындағы Ножан-сюр-Марн қаласында тұрып, өмір сүрген. Дегенмен, эмиграцияда жүріп, жайбарақат өмір сүрген жоқ. Қуғында болып, туған елінің тәуелсіздігі үшін аянбай күресті. Сол жолда құрбан болды. Қазір Қазақстан тәуелсіз мемлекет болып, өркениетті елдердің қатарына қосылды. Мұстафа Шоқайдың Қазақстанда, Қызылорда облысы, Сырдария ауданында дүниеге келгені рас. Қазір азаматтығы жоқ адам ретінде шетелде жерленген. Бұл – қазақ деген атымызға ұят. Сондықтан да, өлгеннен кейін болса да, Қазақстан Республикасы азаматтығы берілсе, әділеттік қалпына келер еді.

Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет болғанына келесі жылы 30 жыл толады. Осы тарихи датаға байланысты облыс орталығында, жаңадан тұрғызылып жатқан шағын аудандардың бірінде «Тәуелсіздік алаңы» ашылып, сол алаңның төрінде Түркістан автономиясының басшысы Мұстафа Шоқай мен Алашорда үкіметінің басшысы Әлихан Бөкейхан және басқа да тәуелсіздік жолында қаза тапқан тұлғалардың ескерткіштері тұрғызылып жатса, елдің жүрегінде қалатын тарихи маңызы зор іс-шаралардың бірі болатыны анық.

Әмірхан БӘКІРҰЛЫ

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

41 ЖЫЛ БҰРЫНҒЫ КЕЙІПКЕР

Үлкендердің үні, бағыт-бағдары әркез қажет-ау! Ғаламтор қаншама ғажайып дегенмен, өмірдің ащы-тұщысын өз басынан өткерген қариялардың қалтқысыз, еш жалғаны жоқ әңгімелеріне жете ме? Көктем айында осыдан 41 жыл бұрын сыр бөліскен, сұхбаттасқан, о жылдары 35-37 жастар шамасындағы ферма басқарған қазіргі ардақты ардагерлердің бірі Жаппарберді Бержановпен кездесе қалып, көрген-білгенге аз-кем шолу жасағанбыз.

ТҰРЫМБЕТОВТЫҢ «ТОҚПАҒЫ»

– Жаппарберді мырза, есіңде ме, 1979 жылдың қаңтарында «Қарақұм» мал жайылымының бір қыстағында жолығысқанымыз? Сонда сіз басқарған «Арал» кеңшарына қарайтын №3 тауарлы қой фермасының коллективі оныншы бесжылдықтың үшінші жылын, яғни 1978 жылы әр жүз аналықтан 142-ден төл өргізіп, аудан шаруа қожалықтарының алдына шығып еді-ау?

– Ой-й, ағасы-ай! Енді бәрі ойыма түсті. Мақтанды демеңіз, ферма бойынша сонша төл алу тым сирек-ті. Оны кезінде жаздыңыз да. Тіпті 1980 жылы баспадан шыққан «Арал арайы» кітабыңыздан да оқығаным бар. Ферма дегеніңіз бұрынғы бір колхоздың ізі еді. Оның алдында он жылдай фермаларда зоотехник-ветеринар болып, білікті мамандардың ақыл-кеңесін алып жақсы тәжірибеден өттім. Әкем де қой фермасын басқарған және ірілендірілген колхоздың екінші басқармасы болған кісі еді. Демек, мал жайына бала кезден-ақ таныспыз ғой.

– Қай колхозда?

– Карл Маркс деп аталды. Орталығы – «Сазды». Төрағасы Рсалы Тұрымбетов, майдангер. Екінші топтағы соғыс мүгедегі болып оралған. Ал жұмыс істеуі жойқын. Менің әкем де майдангер. Оқуды осы «Сазды-дағы» мектепте бастадым. 1-2-3-сынып оқушыларын қой төлдету науқанында сақманшылдыққа апаратын-ды.

– Қойыңызшы, тым жас емессіздер ме?

– Расы сол. Өзім 8 жастамын. Өзгелер де қатарлас. Үш отардың ортасына бір киіз үй тігіледі. Жатар орнымыз сол. Түске жақын бір бала төбе басына шығады. Отардың шаңы көрінсе, айқай салады. Содан өзімізге тиісті қозыларды көгендейміз. Қой мен қозысын табыстырып, саулықты саудырамыз. Сүттен құрт, ірімшік жасалып, май алынады, сүтті сепараторға тартады. Қарнымыз тоқ әрі еңбеккүн жазылады. Шөп шабатын түйе қосилканың басы-қасында жүреміз.

– Қалай дедіңіз?

– О кезде механизм тапшы. Бұл 1949-1950 жылдар ғой. Сағат таңғы 4:00-те тұрамыз. Косилка жегілген түйеге мінеміз. «Шу-у жануар, шу-у» дейміз. Содан сағат 11:00-де қайтамыз. Жуынып-шайынамыз. Тамақтанамыз. Демаламыз. Кешкі 17:00-де жұмысқа қайта кірісеміз. Ол түнгі 22:00-ге созылады. Сонда түк шаршамаймыз. Басқарманың тәртібі солай. Өзі жиі-жиі келіп жағдайымызды сұрайды. Бізге бәрі қызық. Сегіз жаста табыс тауып әрі еңбекте шыныққып, ата-анасы қуантқан қандай, шіркін! Жастық-ай!

– Ал төртінші сыныпқа өттіңіз дейік?

– Иә-ә, өттім. Енді 5-6-7 сыныптардың қатарына, яғни ересек оқушыларға қосыламыз. Сақманшылық пен косилкаға жегілген түйелерді жетелеу белесінен өттік. Орнымызды майда сыныптар басады. Біз күздегі арпа, бидай ору «жорығының» бел ортасына түсеміз.

– Неғыл дейді? Мал өсіретін колхоз диқаншылықпен де айналыса ма?

– Е-е, бұрынғы байлар сай-сайды бөгеп, су жинап, содан қол самармен су алып дән сепкен ғой. Р.Тұрымбетов сол ізді пайдаланды. Арпа, бидай орамыз. Бітік болды. Әр еңбеккүнге 20-25 сомнан беріледі. Науқан кезінде 1,5-2 мыңға дейін еңбеккүн тапқандар болды десетін. Бидайды диірменге тартып, ұнынан қазанжаппай жасап күбіден жаңадан алынған майға салғанды жеп көргендердің дәмі ауыздарынан әлі кетпеген болар? Әне, біз Р.Тұрымбетовтың «тоқпағынан» осылай еңбекте ысылып жеткенбіз!

«ЖЕТЕСОВТІК ЖЕКПЕ-ЖЕК»

– Сіз еңбек жолын қашан, қай жерден бастадыңыз?

– Ата-анам ерте үйлендірді. 1959 жылы 17 жасымда-ақ. Нәбайда анам ескі дәстүрмен құда түсіп қойған екен. Сірә, келінді болып, немере қызығын көріп кеткісі келген-ау! Бірақ Жаратқан ие, оған жеткізбей әлемнің жарығын сыйлаған анамды алып кетті. Сол себепті ілгері оқуға кешіктім. Ауыл шаруашылығы техникумын 1966 жылы, 24 жасымда тәмамдап «Құланды» жылқы зауытына жолдама алдым.

– Жылқы зауыты дейсіз бе? Ол қой шаруашылығы емес пе еді?

– Әуелі солай болған. Кейін өзгерген. 1964 жылдың 25 сәуірінде мұнда директорлыққа Жақсылық Жетесов келді. Жоғары білімді ветеринар. Аудандық басқармада бас маман екен. 1954 жылы КПСС орталық комитетінің қыркүйек пленумының қаулысына сәйкес артта қалған шаруашылықты көтеру үшін отызмыңшылар сапында «Приарал» кеңшарының шалғайдағы «Тәуіп» қой фермасын басқарады. Одан жақсы қабілетімен дараланып Мәскеуге өндіріс басшыларын дайындайтын біржылдық курсты тәмамдағасын осында жіберген көрінеді. Мұнда қой малын өндіретіндей жайылым да, су да, шабындық та жоқ. Болса, түйе мен жылқының өрісі болар деп Жетесов дабыл қағады. Жоғарыдан комиссия ағылады.

– Тұра қал, Жетесовке дейін бұл шаруашылықты кім басқарған?

– Құттыбай Келімбетов деседі...

– Ә-ә, дұрыс. Архивімді ашайын. Тарих қой. Оқырмандар есітіп-білсін.

– 1962 жылдың бас кезінде, – депті Құтекең өз жазбасында, – аудан, облыс басшылары «Арал» кеңшарын бөлу есебінен «Құланды» кеңшарын ұйымдастыру мәселесін республика алдына қойып, мәселе осы жылдың он бірінші шілдесінде шешіледі. Әйтсе де, мұнда үлкен қателіктер кетті. Оның материалдық-техникалық базасын шешіп алмай жан-жақтан мал жинадық. Қаулыда айтылғандай, «Арал» кеңшарынан бөліну есебінен емес, техникадан да, малды да әр кеңшардан алдық. Жылқыны, түйені, қойды Жаңақорған, Сырдария, Жалағаш, Қазалы және Арал ауданының балық қолхоздары мен зауыттарынан қабылдадық. Соның ішінде 7 мың бас «Гиссар» қойы Жетісай полиметалл комбинатының «Төменарықтағы» қосалқы шаруашылығынан берілді. Бұл қой біздің жерге көндікпейтін, Тәжіктің Гиссар тауында өсетін дераяқ, құйрығы диірмендей, қысқа қылшық жүнді мал екен. Күземді алғаннан кейін, қазан айында жауған жаңбырдан кәрі-құртаң, арық-тұрықтары бір күнде өліп бітті. Сондай-ақ өз ауданымыздан Қарақұм, Приарал, Арал кеңшарынан да жылқы, сауын және бойдақ сиырлар мен екі отар қой алдық. Тәуірін бере ме? Бәрі үгінді және байырғы «Арал» кеңшарынан бөлінген деп есептелінгендіктен тұрғын үй, қора-қопсы салуға күрделі қаржы бөлінбеді. Міне, Қ.Келімбетов осындай дерек қалдырыпты.

– Сөйтіп Ж.Жетесовтың мәселе көтеруімен 1965 жылдың 27 шілдесіндегі қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрінің №540 қаулысымен бұрынғы «Құланды» қой шаруашылығы, енді «Құланды» жылқы зауыты болып қайта құрылады. Солай ма?

– Иә, солай. Ып-ырас. Бірақ ірі қара (сиыр) алынады да, базарларға 10 мыңдай қой қалады. Не істеу керек? Сонша қой зауыт орталығы Сексеуіл стансасынан 200-250 шақырым шалғайдағы «Көк қабақ» пен «Жаршағылға» көшіріледі. Бұл ара – әскери зона. О жаққа малшы бара ма? Әскерлердің әкіреңдеп қуып тастайтыны тағы бар ғой. Амал қайсы, Ж.Жетесов түрмедегі сотанақ, бұзық және жер аударылғандарды өз жауапкершілігіне алып мал бағуға, құрылысқа пайдаланады.

– Солардың бір мықтысымен Жәкеңнің жекпе-жек айқасатыны да бар ғой?

– Иә-ә... А.Захаров есімді бір дәу құрылыста істеген. Өзі жалқау әрі ішіп жүреді. Оқтын-оқтын бухгалтерияға келіп аванс сұрайды. Қанжар пышағы қолында. Табысы болмаса да, арақ пұлын беріп құтылатын көрінеді. Соны директор есітеді. «Келсе, маған жібер» дейді. Ол көп күттірмейді. Пышағын жалақтатып кіріп келеді. Жәкең қарулы әрі өжет. Захаровтың пышақ ұстаған қолын қайырып тастайды. Алыс-жұлыста Захаров шалқалай құлайды. Жалынады, жалбарынады. «Түрмеге қайта жібере көрме» дейді. Сол Захаров кейін үйленіп, жұрт қатарлы еңбек етті. «Көккабақ» мал жайылымындағы аға шопан Қарамырза Иманәлиевке көмекке алынған Виктор деген сотанақ өмірі қасқыр көрмепті. Қаншық қасқыр құйрығын бұлғақтатып тұрады да, буаз аналықты арқасына салып қашқан көрінеді. Әлгінің қасқыр екенін сонда біліп қуа жөнеледі. Айқай сап, таяғын сермеп қойды аман алып қалады. Юдин деген біреуі әжептәуір өнерлі екен. Пеш салады. Бірақ түтін тартпайды. Алдына бір жарты қою керек, сонда түтін заулайды. Жәкең осы сотқарлардың қайсыбірін аға шопан етіп, социалистік міндеттеме қабылдатып ақаршақар достасып кеткен-ді. Зауытқа аудандық ішкі істер бөлімін басқарған Қаржаубай Жәртенов жиі келетін-ді. Түремщиктерді «жуасытып» еңбекке қосқан Ж.Жетесовке:

– Сіздің тәрбиеңіз бізден әлдеқайда мықты екен, – деп разы болғанын есіттік.

– Иә-ә, тыңдай беріңіз! 1968-1969 жылдардың қысында Түрікменмен шекаралас «Құланды» түбегінде шөп жұтаң болып, жылқы арығасын 2300 басын 500 шақырымдағы «Атаншиге» айдадық. Бұл – Жезқазғанмен шекаралас аймақ. Директор басы-қасында жүреді. Бас зоотехник Темірхан Қабышов үш ай, бульдозерші Пахуадин Жұбаниязов 13 ай үйіне түнемепті. Оның есесіне мал аман әрі қоңды. Алты-жеті вездеход машинаға жем тиеп, «Көккаббаққа» кеткен Ж.Жетесов қарлы-боранға ұшырап он үш тәулік хабарсыз кетеді. Тек оның батылдығы мен тапқырлығы арқасында бәрі межелі жерге есен-сау жетеді.

– Мал азығын дайындауда да құландылықтар әлсін-әлі айқай-шуға ұшырады дейтін...

– Қайтсін енді... Зауыттың өз көлемінен небәрі мың тоннаға жетер-жетпес шөп шабылады. Ал қажеттісі – 4,5-5 мың тонна. Таласып Шалқар ауданының шабындығына тиіседі. Жәкең ауыл ағасы Қараш Әміреевпен қырда шөп қарап жүріп, белуардан өскен еркекшөпке тап болады. 8 бөлмелі үй, су толы цистерна тұр. Сұрастырса, бұрынғы «Жанбура» шабындағы екен. Бірақ әскери зонаға өтіп кеткен. Жетесов нар тәуекелге барып, сол кешті-ақ 17 техника мен 25 механизаторды әкеліп шөпті жайпайды. Шабылғанын іле тайлап, тасиды. Осы кезде Жетесовті облыстық пленумға шақырады. Төрінде Ықсанов, Асқаров, Есетов отырған. Президиумнан әуелі Асқаров, сосын Есетов кетеді. Олар Жетесовті келсін дейді.

– Ауылыңда қырғын төбелес болып жатыр. «Жанбура» деген қай жер? – деп сұрайды облаткомның төрағасы Асқаров Жәкеңе шүйіліп.

– Ол негізі Арал ауданының жері, бірақ қазір әскери зона. Содан шөп шауып жатқанбыз, – дейді Жетесов.

– Дереу ауылыңа қайт, шөп орғанды доғар!

Төбелес болған. Сол аралықтың өзінде бұлар үш мың тоннадай шөпті мал базаларына тасып үлгіріпті. Әне, ылғи осылай. Соның бел ортасына мамандар, біз де, жүрдік. Осындай қиын-қыстау кездің өзінде уақытпен санаспай күн-түн еңбек еткен азаматтарды айтсаңшы! «Қосамандағы» ферманы басқарған майдангер Байарыстанов Ойнар кісіге сенгіш, еш дүние жинамаған, аққөңіл, тек жұмыс-жұмыс деп тынымтаппайтын. Сәнім апамыз қонақжай. Қонаққа сойылған малдың қазаннан артылғанын көрші-қолаңға таратады екен. Ойекеңнің аққөңіл сенгіштігін білетін Айсабаев Кеңес деген шофер ақтай путевкаға да қол қойғызып, ту-у 250 шақырымдағы «Көккабаққа» бір күнде үш рет барып қайтқан болады ғой. Оны бухгалтерия біліп артық екі рейстің пұлын Ойекеңнің айлық табысынан ұстап қалады. Ойекең болса:

– Мені алдағандарың құдайдан тап! – деп жайбарақат отыра беретініне жүдә таңырқайтынбыз. Зауытта Қ.Кенжеғараев, Л.Алдабергенов, Қ.Ізмамбетов, К.Раханов, Қ.Иманалиев есімді озат жылқышы, түйеші және шопандар болды. Ал Жәкең Жетесовтің өзі зауытты 27 жыл басқарып, рентабельді етіп зейнетке шықты. Жетесовтің іс-қимылын жинақтай келіп «Жетесовтік жекпе-жек» немесе «Жетесовтік керемет» десек, жарасар еді.

СЫРЫМОВТЫҢ СЕНІМІ

– 1968 жылы «Арал» кеңшарының үшінші тауарлы қой фермасына зоотехник болып ауысыпсыз? Ал мұнда кеңшар директоры Талекен Сырымов қой, ә? Солай ма? Сегіз жылдан кейін ғана, яғни 1976 жылдан ферма басқарыпсыз?

– Иә, солай. Тәкең 1965 жылдан бері директор ғой. Талекен ағаның сеніміне кіру аса қиын еді. Өзі немере туыспыз. Арыз-шағым болады деп, мені қабылдамады. Ал менің отбасым осы жақта. Ақыры аудан арқылы переводпен келдім. Партком әлденеше рет мені ферма бастықтыққа ұсыныпты. Директор тәжірибе жинақтай түссін деп келіспепті. 1976 жылы партком хатшысы Торғай Сәрсеев бюроға салады ғой. Өзгелері қолдағанда жалғыз директор қалыс қалады. Сөйтіп өттім. Тәкеңнің жұмыс әдісі де біртүрлі еді. Отар-отарды, мал базаларын бір өзі аралайды. Бәрін көзбен көріп-білмейінше ешкімге сенбейді. Сосында ештеңені бүгіп, жасыра алмайсың. Апыр-ау, қай кезде барып, көріп үлгірген дейтінбіз. Мал жайын, суы мен жайылымын мамандардан бұрын зерттеп біледі де, сосын барып ойластыққа отырады. Кеңшар 1965 жылдан бірыңғай қаракөл қойын өсірді, ал 1978 жылдан бастап Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығымен асылтұқымды қаракөл қойын өсіретін шаруашылықтар қатарына жатқызды да, жыл сайын облыстың колхоз-совхоздарына 4-5 мың аралығында қой сату міндеттелді. Осының өзінен-ақ 1981-1984 жылдары, яғни 4 жылда 24084 бас қой сатылып, бір миллон сомдай пайда түсті. Сондай-ақ, өзге кеңшарлар автобазадан машина жалдап сабылса, біз осы төрт жылда техника жалдаудан 2 млн 309 мың сом пайда тауыппыз.

– Әлгі Одақ пен республика жүлдегері атанғандарың қай кез еді?

– Осы тұс қой. Он бірінші бесжылдықтың (1980-1985) төрт жылында екі рет республика, бір рет Бүкілодақтық жарыс жүлдегері болып, Ауыспалы қызыл туына ие болдық. Тәкең КПСС-тың XXVI съезіне делегат, Қазақ Республикасының Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды. Танымал малшылардан ағайынды Бөрібай мен Қоңырбай Қонысов, Қойлыбай Елдесбаев, Мырзабай Ержанов, Тәңірберген Тасқынбаев, Салжекен Еңсепбаев, Жарылқап Аманов, Нұртай Әбимолдаев, Кәрісбай Нұрғисаев, Қайырла Жапақовтардың есімін атар едім. Тәкең бас мамандар Жеткерген Нұрымов пен Сейітмұрат Аймырзаевқа ғана сенім білдірді-ау деймін. Өйткені олар өзіне деңгейлес еді. Үш мың басқа арналған мал бордақылау алаңын ұйымдастырып, олардың етке өткізілетін кәрі аналықтардан қаракөлше өндіріп алудағы еңбектері айрықша-тұғын. Ал машина-трактор паркінің механигі Әбжәми Темірбаевты да қатты сыйлайтын-ды. Барлық шаруа техниканың ақаусыз жүріп-тұруына қарайды емес пе? Әне Темірбаев сол талаптан табылды да.

– Қаракөлше алуды ауданда алғашқы болып, осы «Арал» кеңшары бастады білем?

– Жылма-жыл етке үш-төрт мың шамасында кәрі қой өткізетінбіз. Директор солардан қаракөлше алып қалып және әрбірін кемінде елу келіден етке тапсыруды талап етті. Ол үшін айрықша күтім жасалатын болды.

– Сол кәрі қойларың көктемде төл берді емес пе?

– Иә, көктемде төл береді. Қыркүйек айында қайта шағылысқа саламыз. Желтоқсан айының соңына қарай қозылары жетіліп, қаракөлшеге айналады. Әрқайсысы 25 сомнан. Соны үш-төрт мыңға көбейтіңіз. Қанша пайда!

– Кеңшардағы проблеманың бірі жазғы жайылымы еді-ау!

– Иә, басы-қасында жүрміз ғой. Шұрайлы өңірдің бір тұтас аумағы Ақтөбе облысына ауысқаннан кейін жазғы жайылым қиындады. Жер болғанмен, су жоқ. Ал қыстау маңын қыс айларына сақтау керек. Директордан төл алу науқанын «Боқай», «Сай құдық», «Бас сай құдық» маңында төлдетуге тәртіп болды. Ал су қайда?! Жаңбыр жауса, суы әлгі сайларға жиналар еді дейміз. Ол жаңбыр қайда? Оған сенім бар ма? Көшіндер, су болады депті. Білгеніміз, 40 мың бас аналықты со жаққа апармақ екен. Сонша малға су қайда дейміз тағы да. Водовозбен жеткізіледі депті. Түн жайып, ұзап кеткенде қайтеді? Оған да алаң болмаңдар деген жауап алдық. Шопандар да, біз де: «Неғылған телегей теңіз су?» деп күмәнданамыз. Көштік. Екі не үш отар аралығында су толы үлкен цистерналар тұрды. Жанында науа. Шүмекті бұрасаң, заулайды. Ондай цистерналар түнек басына да қойылған. Водовоздар ерсілі-қарсылы жүйткиді. Сосынғы проблема – қой қырқымы. Жазда 50 мың, күзде 65 мың қой қырқылады. Көктемде – «Сасайда», күзде – «Мәлике жалында». Бір орталықтан әрі қырқу толық механикаландырылған.

***

– Мұның бәрі дұрыс қой. Әйтсе де, 1979 жылдың мамырында, яғни көктемнің соңғы айында «Арал» кеңшарынан 4,5 мың саулық шығын болды деген дерек бар. Бұл не? Табиғи апат па?!

– Сұхбат басында айтқандай, үшінші ферманың басқарушысы едім. Мал төлдеп, қой қырқылып жатқан мезгіл. Уәкілдер келеді. Біздің фермаға ауыл шаруашылығы басқармасынан Сағындықов Тиыштықбай келді. Екеуміз отарларды аралап, аға шопан Қонысов Қоқырбайдың үйіне жеткенбіз. Кешкілік күн суытып, қатты борасын болды. Қойлардың дені қырқылып болған. Уәкіл екеуміз екіге бөлініп, қайта жағаладық. Тоңған қой қоршауды бұзып, ыққа жөңкілуі мүмкін. Ол үшін тыным бермей қозғау керек. бәріне де осылай ескертіп «Сасайдағы» қырқымға кеткен Т.Тасқынбаевты іздедім. Ол қырқымнан шығып келеді екен. Жақын қыстақ «Күршек» еді. Қаумалап соған жеткізіп, әр үйдің қорасына бөліп қамап, аман қалды. Біздің фермадан 250-дай бас шығын болды. Көбісі 2-3 фермалардан деп есітім. Әсіресе 2-фермадан-ау!

– 2-ферма қай маңда еді?

– Трасса бойындағы «Қаракөл» жақта еді. Кең жазық. Үйтқи соққан дауылда қойлар қоршауды бұзып кеткен. Шамасы он төрттей саулық отар деген. Тек аға шопандар Салжекен Еңсепбаев пен Жарылқап Амановтан ғана шығын жоқ дескен...

– Қалай сонда?!

– Борасын іңірде соққан. Салжекен үйдегі бар көрпе-төсекті, алаша-кілемді жел жаққа тұтқан да қойларды тынымсыз қозғай берген дейді. Жарылқап та сөйткен болар.

– Әбден жөн екен. Ал депутат, орденді еңбек озаты, аға шопан Ойлыбай Десбаев қалай жазықты болып, сотталып жүр?

– Е-е, бұл енді қиын сауал. Ойлыбайды адам атты дегенге ешкім де сенген жоқ. Бірақ расы солай. Әріптесінің жүз қаралы қойын қосып алып, қырқымға барған жерде қолына кісен салынды. Малдың орны толықты. Ал суық қару жұмсау ше?! Оның орны тола ма? Адам аман, бірақ қылмыстың аты – қылмыс. Жазасын өтеп келді. Аталарымыз «Жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ болмайды» деп осындайда айтса керек.

***

Сонымен 41 жыл бұрынғы кейіпкерім 10 жыл ферма зоотехнигі, 21 жыл ферма басқарып, яғни кеңшар тараған 1997 жылға дейін мемлекеттік қызмет атқарып, 1976, 1977, 1980 жылдары «Социалистік жарыстың жеңімпазы» белгісімен марапатталады. Ж.Бержановтың КСРО халық шаруашылығын дамытуға қосқан үлесі бағаланып, 1980-1984 жылдары, яғни екі рет қола медалін омырауына тағады. Озаттар сапында Финляндияға аттанып, Хельсинкиден бастап он бір қаласын көру құрметіне ие болады. Кәсіподақтардың облыстық, аудандық партия конференцияларына және ауылдық кеңеске әлденеше рет делегет және депутат болып сайланады. Кеңшар тарағасын, жеке серіктестігін құрып, 2005 жылы ғана заңды демалысына шығады.

Жаппарберді мырзаңыз – он бір ұл-қыз өсірген үлкен шаңырақ иесі. Бәрі көршілес Ақтөбе қаласында еңбек етеді. Ол солардан тараған 29 немере мен 35 шөберенің тілекші атасы да.

Біле білгенге, ұрпақ өсіріп жақсы қартаю да – бір ғанибет. Қазіргі жұбайы, бұрынғы комсомол ардагері Ханзада екеуі солардың біріне түстеніп, біріне қонып дегендей, шаттық өміріне қалайша қызықпайсың? Иә-ә, ұзағынан болғай!

Шәкірат ДӘРМАҒАМБЕТҰЛЫ,
дербес зейнеткер.
Арал қаласы.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2020 жылғы 21 қазандағы № 122 қаулысы

Жергілікті мемлекеттік басқарудың кейбір мәселелері туралы

«Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі» Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Кодексінің 45-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабының 1-тармағы 22) тармақшасына және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 17-бабының 6), 7) тармақшаларына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) «Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып қайта аталсын.

2. «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі оған «Қызылорда облысының жастар саясаты мәселелері басқармасы» мемлекеттік мекемесін қосу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

3. «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен дін істері саласындағы функцияларды бере отырып,

«Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылсын.

4. Қоса беріліп отырған «Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.

5. Қызылорда облысы әкімдігінің кейбір қаулыларына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) «Жергілікті мемлекеттік басқарудың кейбір мәселелері туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2013 жылғы 1 шілдедегі № 176 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының 2-қосымшасымен бекітілген облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдар қызметкерлері штаттық санының лимиті осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын;

2) «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 12 қазандағы №605 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің Ережесі осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын;

3) «Жергілікті мемлекеттік басқарудың кейбір мәселелері туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 4 қаңтардағы № 678 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген «Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесі осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

6. Қызылорда облысы әкімдігінің кейбір қаулылары жойылсын:

1) «Жергілікті мемлекеттік басқарудың кейбір мәселелері туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 10 қарашадағы № 634 қаулысының 1-тармағы;

2) «Жергілікті мемлекеттік басқарудың кейбір мәселелері туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 4 қаңтардағы №678 қаулысының 1-тармағының бірінші абзацы.

7. «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі және «Қызылорда облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.Ә.Ахметке жүктелсін.

9. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының
әкімі Г. ӘБДІҚАЛЫҚОВА

Қызылорда облысы әкімдігінің
2020 жылғы «__» _____
№ _____ қаулысымен бекітілген

«Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі діни қызмет саласындағы функцияларды жүзеге асыруға Қызылорда облысының әкімдігі уәкілеттік берген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. «Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы Қызылорда облысының әкімдігі болып табылады. «Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қатысты коммуналдық меншік құқығының субъектісі болып «Қызылорда облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі табылады.

3. «Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

4. «Қызылорда облыстық дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

5. «Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

6. «Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

7. «Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

8. «Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен «Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

9. «Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

10. Заңды тұлғаның тұрған жері: индексі 120003, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, құрылыс 1.

11. Мемлекеттік органның толық атауы – «Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

12. Осы Ереже «Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

13. «Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру облыстық бюджеттен жүзеге асырылады.

14. «Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер «Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер, егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. «Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

15. «Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің миссиясы: діни қызмет саласындағы функцияларды іске асыру болып табылады.

16. Міндеттері: жергілікті деңгейде түсіндірме жұмыстарын жүргізу, діни бірлестіктердің және миссионерлердің қызметін зерделеуді жүзеге асыру.

17. Функциялары:

1) Қызылорда облысындағы діни ахуалды зерделеп, оған талдау жүргізеді;

2) өңірде жұмыс істеп тұрған діни бірлестіктердің, миссионерлердің, рухани (діни) білім беру ұйымдарының қызметін зерделеуді және талдауды жүргізеді;

3) уәкілетті органға Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

4) діни қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

5) құқық қорғау органдарына Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзатын жеке және заңды тұлғалардың қызметіне тыйым салу жөнінде ұсыныстар енгізеді;

6) Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзушылықтарға қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды;

7) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша жергілікті деңгейде түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;

8) діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекітеді, сондай-ақ ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни іс-шаралар өткізуге арналған үй-жайлардың орналастырылуын келіседі;

9) ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу, олардың орналасатын жерін айқындау, сондай-ақ үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп қайта бейіндеу (функционалдық мақсатын өзгерту) туралы шешім қабылдайды;

10) діни бірлестіктерді құруға бастамашы азаматтардың тізімдеріне тексеру жүргізуді қамтамасыз етеді;

11) миссионерлік қызметті жүзеге асыратын адамдарды тіркеуді жүргізеді;

12) қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимылды жүзеге асырады, тиісті аумақтарда құрылған діни бірлестіктердің және миссионерлердің қызметін зерделеуді жүзеге асырады, олар туралы деректер банкін жасайды, өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша өңірлік деңгейде ақпараттық-насихат іс-шараларын жүзеге асырады, өңірдегі діни ахуалға зерделеу мен талдау жүргізеді;

13) өз құзыреттері шегінде терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асырады;

14) Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзушыларға «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде белгіленген әкімшілік ықпал ету шараларын қолданады;

15) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесіне Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

18. Құқықтары мен міндеттері:

1) «Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі өзіне жүктелген міндеттерді және өзінің функцияларын жүзеге асыру үшін заңнамада бекітілген тәртіппен:

мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұратуға және алуға;

діни бірлестіктерді құру және олардың қызметі, сондай-ақ азаматтардың діни сенім бостандығына құқықтарын қамтамасыз ету саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу бойынша ұсыныстар енгізуге;

өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасауға;

өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мәжілістер, семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер және өзге де отырыстар өткізуге;

қолданыстағы заңнамада қарастырылған өзге де құқықтарды атқаруға құқылы.

2) «Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

заңды және негізделген шешімдер қабылдауға;

қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды қамтамасыз етуге;

жеке және заңды тұлғалардың «Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жолдаған өтініштерін қарауға, олардың орындалуын бақылауға, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен оларға жауаптар беруге;

жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды ұйымдастыруға;

қолданыстағы заңнамада қарастырылған өзге де міндеттерді іске асыруға міндетті.

3-тарау. «Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру

19. «Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде басшылықты бірінші басшы жүзеге асырады, ол жүктелген міндеттердің орындалуына және өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болады.

20. «Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

21. «Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

22. «Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының өкілеттігі:

1) өз қызметін жүзеге асыру кезінде облыс әкімі мен жетекшілік ететін облыс әкімінің орынбасарына есеп береді;

2) орынбасарларының және бөлім басшыларының міндеттері мен өкілеттіліктерін анықтайды;

3) еңбек қатынастары мәселелері өз құзыретіне жататын «Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметкерлерін заңнамаға сәйкес қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

4) стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың әзірленуін қамтамасыз етеді;

5) заңнамада белгіленген тәртіппен қызметкерлерді марапаттауды жүзеге асырады;

6) заңнамада белгіленген тәртіппен қызметкерлерге тәртіптік жаза қолданады;

7) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады, нұсқаулар береді, қызметтік және қаржы құжаттарына қол қояды;

8) бөлімдердің ережелерін бекітеді;

9) шарттар жасасады;

10) сенімхаттар береді;

11) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда сенімхатсыз «Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін білдіреді;

12) сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған шараларды қолданады және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қолданбағаны үшін дербес жауапкершілікте болады;

13) «Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмысын ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;

14) облыс әкімдігі мен әкімінің актілері мен тапсырмаларын орындайды;

15) құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуді ұйымдастырады;

16) қызметтік этика нормаларының сақталуын қамтамасыз етеді;

17) гендерлік теңдік саясатын жүзеге асырады;

18) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесін бекітеді;

19) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

«Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

23. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

24. «Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмыс режимі:

1) «Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік

мекемесі дүйсенбі мен жұма аралығында аптасына 5 (бес) күн жұмыс істейді;

2) «Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмыс уақыты жергілікті уақыт бойынша сағат 09.00-ден сағат 19.00-ге дейін. Сағат 13.00-ден сағат 15.00-ге дейін үзіліс;

3) «Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі сенбі және жексенбі күндері, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мереке күндері жұмыс істемейді.

25. «Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мен облыс әкімдігі арасындағы, «Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі әкімшілігі мен оның еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

4-тарау. «Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүлкі

26. «Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкінің болуы мүмкін.

«Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

27. «Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік облыстық коммуналдық меншікке жатады.

28. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, «Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. «Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату

29. «Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

30. «Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі:

«Қызылорда облысының дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Қызылорда облысы әкімдігінің
2020 жылғы « __ » _____
№ _____ қаулысына 2-қосымша

Қызылорда облысы әкімдігінің
2016 жылғы «12» қазандағы
№ 605 қаулысымен бекітілген

«Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару саласындағы функцияларды жүзеге асыруға Қызылорда облысы әкімдігі уәкілеттік берген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы Қызылорда облысының әкімдігі болып табылады. «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне қатысты коммуналдық меншік құқығының субъектісі болып «Қызылорда облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі табылады.

3. «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

4. «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

5. «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

6. «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

7. «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

8. «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

9. «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

10. Заңды тұлғаның тұрған жері: индекс 120003, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, құрылыс 1.

11. Мемлекеттік органның толық атауы – «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

12. Осы Ереже «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

13. «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру облыстық бюджеттен жүзеге асырылады.

14. «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер, егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

15. «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің миссиясы: Қызылорда облысының әкімдігі мен әкімі қызметінің сапалы және уақтылы ақпараттық-талдау, ұйымдық-құқықтық және материалдық-техникалық жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

16. Міндеттері:

1) Қызылорда облысының әкімдігі мен әкімінің өкілеттігін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыреті шегінде іске асыруын қамтамасыз ету;

2) Қызылорда облысының дамуының мүдделерімен және қажеттіліктерімен үйлесімде атқарушы биліктің жалпымемлекеттік саясатын жүргізуді қамтамасыз етуін ұйымдастырады;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген өзге де міндеттер.

17. Функциялары:

1) Қызылорда облысы әкімінің қызметін ақпараттық-талдау тұрғысынан, ұйымдық-құқықтық және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етеді;

2) Қызылорда облысы әкімдігінің мәжілістерін дайындайды және өткізуді ұйымдастырады;

3) Қызылорда облысы әкімінің және оның орынбасарларының қатысуымен іс-шараларды ұйымдастырады;

4) Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің актілері мен тапсырмаларының, Премьер-Министрдің орынбасарлары, Кеңсе Басшысы тапсырмаларының орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

5) облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарда құжаттамалық қамтамасыз ету жүйесін жетілдіруді, әдістемелік басшылық жасауды және архив ісі мен басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган белгілеген құжаттармен жұмыс істеу тәртібінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

6) Қызылорда облысы әкімдігі қаулысының және Қызылорда облысы әкімінің шешімдері мен өкімдерінің жобаларына сараптама жүргізеді;

7) Қызылорда облысы әкімдігінің нормативтік құқықтық актілерін есепке алады және жүйелеуді жүргізеді;

8) Қызылорда облысы әкімдігі қаулыларының, Қызылорда облысы әкімінің шешімдері мен өкімдерінің, әкімдік мәжілістерінің хаттамалары түпнұсқаларының сақталуын қамтамасыз етеді;

9) алқабиге кандидаттардың бастапқы тізімдерінің негізінде алқабиге кандидаттардың бірыңғай тізімін жасайды;

10) алқабиге кандидаттардың бірыңғай және қосалқы тізімдерін облыстық сотқа жібереді;

11) тәртіптік, конкурстық, аттестаттау және кадр мәселелері жөніндегі өзге де комиссиялардың қызметін ұйымдастырады;

12) облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдар басшыларының және аппараттың мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің жұмысын бағалауды жүргізу, конкурстық іріктеу, мемлекеттік қызметшілерді қызмет бабында ілгерілету, қызметтік тергеп-тексеру, мемлекеттік қызметшілерді тәртіптік жауаптылыққа тарту, мемлекеттік қызметшілерді қызметтен шығару рәсімдерінің сақталуын қамтамасыз етеді;

13) облыстық бюджеттен қаржыландырылатын жергілікті атқарушы органдардың кадрларға, оның ішінде мамандықтар және біліктіліктер бойынша қажеттілігін талдайды және жоспарлайды;

14) «Облыстың құрметті азаматы» атағын беру ережелерінің жобасын әзірлейді;

15) тиісті адамдарды мемлекеттік наградалармен марапаттау, оларға құрметті және өзге де атақтар беру туралы ұсыныстарды әзірлейді;

16) мемлекеттік наградаларды жергілікті жерде тапсыруды ұйымдастырады және өткізеді;

17) облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарға және аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) әкімдіктерге жіберілген жеке және заңды тұлғалар өтініштерінің қаралуын бақылауды жүзеге асырады;

18) облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың және аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) әкімдіктерінің жеке және заңды тұлғаларды қабылдау және өтініштерін қарау жөніндегі жұмысына мониторинг жүргізеді;

19) Қызылорда облысы әкімінің және оның орынбасарларының жеке және заңды тұлғаларды жеке қабылдауын ұйымдастырады және өткізеді, жеке және заңды тұлғаларды жеке қабылдау барысында берілген өтініштер мен тапсырмалардың қаралуын бақылауды жүзеге асырады;

20) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау бойынша заңнаманы және құқық қолдану практикасын одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар тұжырымдайды;

21) өз құзыреті шегінде облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарға, аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) әкімдіктеріне жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу, тіркеу, сондай-ақ қарау мәселелері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік және ақпараттық көмек көрсетеді;

22) «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Ішкі аудит қызметтері туралы үлгілік ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы №599 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 12544 нөмірімен тіркелген) сәйкес ішкі аудитті жүзеге асырады;

23) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасында құпиялылық режимін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес құпиялық режимін сақтауды қамтамасыз етеді;

24) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпарат пайдаланушыларға анық және қажетті ақпаратты береді;

25) Қызылорда облысы әкімінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыруды жүзеге асырады;

26) Қызылорда облысы әкімінің бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен баспасөз конференцияларын, брифингтерін, сұхбаттары мен кездесулерін ұйымдастырады;

27) өз құзыреті шегінде қоғамдық бірлестіктермен ерлер мен әйелдердің тең құқықтарын және тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету бойынша өзара іс-қимыл жасайды;

28) өз құзыреті шегінде ерлер мен әйелдердің тең құқықтарын және тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету мәселелері бойынша заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

29) өз құзыреті шегінде ерлер мен әйелдердің тең құқықтарын және тең мүмкіндіктерін сақтауға ықпал етеді;

30) сайлау процесіне қатысушыларды оқытуды қамтамасыз етеді;

31) Қазақстан Республикасының заңдарында және өзге де нормативтік құқықтық актілерінде жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

18. Құқықтары мен міндеттері:

1) «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

10-бет

өзіне жүктелген міндеттерді және өзінің функцияларын жүзеге асыру үшін заңнамада бекітілген тәртіппен:

мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпараттар мен материалдарды сұрауға және алуға;

өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар өткізуге;

қолданыстағы заңнамада қарастырылған өзге де құқықтарды атқаруға құқылы;

2) «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

заңды және негізделген шешімдер қабылдауға;

қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды қамтамасыз етуге;

жеке және заңды тұлғалардың «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жолдаған өтініштерін қарауға, олардың орындалуын бақылауға, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен оларға жауаптар беруге;

жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды ұйымдастыруға;

қолданыстағы заңнамада қарастырылған өзге де міндеттерді іске асыруға міндетті.

3-тарау. «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру

19. «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде басшылықты бірінші басшы жүзеге асырады, ол жүктелген міндеттердің орындалуына және өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болады.

20. «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

21. «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасары болады.

22. «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жүктелген мақсаттарды іске асыруды ұйымдастырады;

2) өз құзыреті шегінде «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;

3) егер заңнамамен өзгеше белгіленбесе, «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат кестесін, оның құрылымдық бөлімшелері туралы ережені бекітеді;

4) «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерін мемлекеттік лауазымдарға тағайындайды және мемлекеттік лауазымдардан босатады;

5) «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тәртіптік және конкурстық комиссияларының қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;

6) қызметтік тәртіптің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

7) еңбек қатынастары мәселелері жоғары тұрған лауазымды адамдардың құзыретіне жатқызылған жұмыскерлерді қоспағанда, «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік қызметшілерін іссапарға жіберу, демалыстар беру, материалдық көмек көрсету, даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемеақылар белгілеу мәселелерін шешеді;

8) еңбек қатынастары мәселелері жоғары тұрған лауазымды адамдардың құзыретіне жатқызылған жұмыскерлерді қоспағанда, «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік қызметшілерінің тәртіптік жауаптылығы мәселелерін шешеді;

9) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді;

10) Қазақстан Республикасының заңдарымен және өзге де нормативтік құқықтық актілерімен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

«Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

23. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

24. «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмыс режимі:

1) «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі дүйсенбі мен жұма аралығында аптасына 5 (бес) күн жұмыс істейді;

2) «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмыс уақыты жергілікті уақыт бойынша сағат 09.00-ден сағат 19.00-ге дейін. Сағат 13.00-ден сағат 15.00-ге дейін үзіліс;

3) «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі сенбі және жексенбі күндері, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мереке күндері жұмыс істемейді.

25. «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мен Қызылорда облысының әкімдігі арасындағы, «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мен оның еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынастар қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

4-тарау. «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүлкі

26. «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкінің болуы мүмкін.

«Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

27. «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік облыстық коммуналдық меншікке жатады.

28. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату

29. «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

30. «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі:

«Қызылорда облысы әкімдігінің іс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Қызылорда облысы әкімдігінің
2020 жылғы «__» _____
№ _____ қаулысына 3-қосымша

Қызылорда облысы әкімдігінің
2017 жылғы «4» қаңтардағы
№678 қаулысымен бекітілген

«Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жастар саясаты, тілдерді дамыту, Қазақстан халқы облыстық ассамблеясы қызметін қамтамасыз ету, волонтерлік қызмет, мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру саласындағы функцияларды іске асыру саласындағы функцияларды жүзеге асыруға Қызылорда облысының әкімдігі уәкілеттік берген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы Қызылорда облысының әкімдігі болып табылады. «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қатысты коммуналдық меншік құқығының субъектісі болып «Қызылорда облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі табылады.

3. «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

4. «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

5. «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

6. «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

7. «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

8. «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

9. «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

10. Заңды тұлғаның тұрған жері: индекс 120003, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, құрылыс 1.

11. Мемлекеттік органның толық атауы – «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

12. Осы Ереже «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

13. «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру облыстық бюджеттен жүзеге асырылады.

14. «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер, егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

15. «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі миссиясы: жастар саясаты, тілдерді дамыту, Қазақстан халқы облыстық ассамблеясы қызметін қамтамасыз ету, волонтерлік қызмет, мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру саласындағы функцияларды іске асыру болып табылады.

16. Міндеттері:

1) өңірде ішкі саяси тұрақтылықты, ел бірлігін қамтамасыз ету және қоғамды топтастыру жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) өңірдегі жергілікті атқарушы органдардың әлеуметтік-экономикалық, мәдени және қоғамдық-саяси салалардағы мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарын іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіру;

3) Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің, облыс әкімінің, «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құзырына қатысты мәселелер бойынша актілері мен тапсырмаларының орындалуын қамтамасыз ету;

4) Қазақстан Республикасының даму стратегиясының, жоспарларының, Президенттің Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауларының, мемлекеттік және салалық бағдарламалар мен басқа да стратегиялық құжаттардың негізгі басымдықтарын өңірде түсіндіру мен насихаттау;

5) өңірде ішкі саясат саласындағы маңызы бар бағдарламалық құжаттарды әзірлеу және іске асыру жөніндегі жұмыстарды үйлестіру;

6) өңірде ішкі саясат саласындағы жұмыстарды ұйымдастыру бойынша практикалық ұсыныстар, Қазақстан дамуының ұзақ мерзімді басымдықтарын тиімді іске асыру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

7) өңірдегі ішкі саяси процесстердің даму үрдістерін зерделеу және оларға талдау жүргізу;

8) азаматтық қоғам институттарымен, өңірдің қоғам жұртшылығының өкілдерімен өзара іс-қимыл жасау;

9) мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру мәселесі бойынша меншік нысанына қарамастан мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың қызметін үйлестіру және өзара қарым-қатынасты жүзеге асыру;

10) мемлекеттік тіл саясаты мәселелері бойынша әлеуметтік және талдамалық зерттеулер жүргізіп, оны жүзеге асырудың тиімділігін арттыру, мемлекеттік тілдің қоғамдағы қолдану аясын кеңейту және нығайту жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

11) жергілікті мемлекеттік атқарушы органдардың интернет ресурстарына, әлеуметтік желілерге мониторинг жүргізу және олардың нәтижесімен қажеттілігіне орай тиісті органдарға ұсыныстар жолдау;

12) өңірде мемлекеттік және салааралық бағдарламалардың жүзеге асырылуы туралы ақпараттың республикалық және жергілікті сайттарда жариялануын қамтамасыз ету;

13) Қазақстан халқы облыстық ассамблеясы қызметін қамтамасыз ету, Қазақстан халқы Ассамблеясының және оның Төрағасының – Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің, Ассамблея Кеңесінің және Төрағы орынбасарларының, Қазақстан Республикасы Президентінің шешімдері мен тапсырмаларын орындау;

14) жастардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;

15) жастарды елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өміріне тарту;

16) азаматтыққа тәрбиелеу және қазақстандық патриотизм сезімін нығайту болып табылады.

17. Функциялары:

1) орталық атқарушы органдардың аумақтық бөлімшелерінің және аудандық атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының тіл туралы заңдарын сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

2) Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасында белгіленген талаптардың бұзылуын жою туралы ұсынымдар береді, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген негізде және тәртіппен әкімшілік ықпал ету шараларын қолданады;

3) мемлекеттік тілді және басқа тілдерді дамытуға бағытталған облыстық маңызы бар шаралар кешенін жүзеге асырады;

4) облыстық ономастика комиссиясының қызметін қамтамасыз етеді;

5) Қазақстан Республикасы мемлекеттік рәміздерінің тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында пайдаланылуын (тігілуін, орналастырылуын) бақылауды жүзеге асырады;

6) тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, аудандардың жергілікті өкілді және атқарушы органдарының ұсынуы бойынша облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде ауылдарға, кенттерге, ауылдық округтерге атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту жөніндегі облыстық өкілді және атқарушы органдар бірлескен шешімін әзірлейді;

7) тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Республикалық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде облыстық маңызы бар қалалардың қаладағы аудандарына, құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту жөніндегі облыстық өкілді және атқарушы органдар бірлескен шешімін әзірлейді;

8) Республикалық ономастика комиссиясының қарауына әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, метрополитен стансаларына, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімдерін беру жөнінде ұсыныстар енгізу туралы облыстық өкілді және атқарушы органдар бірлескен шешімін әзірлейді;

9) «Мекенжай тіркелімі» ақпараттық жүйесін жүргізуді және толықтыруды қамтамасыз етеді;

10) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша «Мекенжай тіркелімі» ақпараттық жүйесіне тіркеу тәртібі және мекенжайдың құрылымы туралы ережені әзірлейді және бекітеді;

11) өңірлік бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асырады;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өңірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты қалыптастырады, орналастырады және оның жүзеге асырылуын бақылайды;

13) цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратуға көшкенге дейін атаулы мемлекеттік әлеуметтік көмек алушылар болып табылатын жеке тұлғаларды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен телевизиялық абоненттік жалғамалармен қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

14) балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз етеді;

15) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолданады және жұмыс ұйымдастырады;

16) әлеуметтік шиеленіске және еңбек жанжалдарының туындау тәуекелдеріне мониторингті жүзеге асырады;

17) Қазақстан Республикасы тиісті әкімшілік-аумақтық бірлігінің аумағында қызметін жүзеге асыратын үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтерді жинайды, қорытады және уәкілетті органға ұсынады;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оператор арқылы гранттар береді;

19) мемлекеттік жастар саясатын іске асырады;

20) өзекті проблемаларды анықтау және шешу, мемлекеттік жастар саясатын іске асырудың тиімділігін арттыру үшін мониторинг жүргізуді және жастардың қажеттіліктерін бағалауды қамтамасыз етеді;

21) жастарды жұмыспен қамту және жұмысқа орналастыру саясатын іске асыруды қамтамасыз етеді, еңбек нарығының және жас мамандарды жұмысқа орналастыру практикасының мониторингін ұйымдастырады;

22) жастардың волонтерлік қызметін және жастардың өзін-өзі басқаруын дамытуға жәрдемдеседі;

23) жастар ресурстық орталықтарын құрады, олардың қызметін қамтамасыз етеді және ұйлестіреді;

24) өңірлік жастар форумын өткізуді қамтамасыз етеді;

25) қазақстандық патриотизмді, конфессияаралық келісім мен этносаралық тағаттылықты нығайту жөнінде шаралар қолданады;

26) волонтерлік қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

27) волонтерлік қызмет саласында жеке, заңды тұлғалармен және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды;

28) волонтерлік қызметтің мониторингін жүзеге асырады;

29) волонтерлік қызмет практикасын талдауды, жиынтықтау мен жинақтап қорытуды жүзеге асырады;

30) Ассамблеяның және оның Кеңесінің шешімдерін, Ассамблея Төрағасының өз шешімдері мен тапсырмаларын орындайды;

31) Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне депутаттыққа Ассамблея сайлайтын кандидаттарды ұсыну жөнінде ұсыныстар әзірлейді, олар Ассамблея Кеңесіне жіберіледі;

32) өңірдегі этносаралық қатынастардың жай-күйі және оларды нығайту перспективалары туралы ақпарат жинауды және Ассамблеяға ұсынуды тұрақты негізде жүзеге асырады;

33) жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, этномәдени және этносаралық қатынастар саласында өз қызметін жүзеге асыратын өзге де қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасайды;

34) облыс ассамблеясының төрағасы мен кеңесінің қызметін қамтамасыз етеді;

35) өңірдегі қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайтудың жай-күйі мен перспективалары туралы ақпаратты тұрақты негізде жинауды жүзеге асырады және оны Ассамблея Аппаратына (Хатшылығына) тоқсан сайын береді;

36) өңірдегі қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелері бойынша этномәдени және өзге де қоғамдық бірлестіктердің жергілікті атқарушы органдармен және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимылын ұйымдастырады;

37) Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарының өнімін, сол сияқты өзге де өнімді Қазақстан Республикасының аумағында дайындау, сақтау, әкелу, тасымалдау, тарату туралы заңнамасын бұзушыларға «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексімен белгіленген әкімшілік ықпал ету шараларын қолданады;

38) Қазақстан Республикасының мерзімді баспасөз басылымдарының, теле- және радиохабарлар материалдарын тіркеудің, сақтаудың міндетті тегін даналарын беру тәртібін бұзушыларға «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексімен белгіленген әкімшілік ықпал ету шараларын қолданады;

39) Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңнамасын бұзушыларға «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексімен белгіленген әкімшілік ықпал ету шараларын қолданады;

40) Қазақстан Республикасының коммерциялық емес ұйымдар туралы заңнамасын бұзушыларға «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексімен белгіленген әкімшілік ықпал ету шараларын қолданады;

41) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

18. Құқықтары мен міндеттері:

1) «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі өзіне жүктелген міндеттерді іске асыру және өзінің функцияларын жүзеге асыру үшін заңнамада бекітілген тәртіппен:

мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпараттар мен материалдарды сұрауға және алуға;

өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар өткізуге;

қолданыстағы заңнамада қарастырылған өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы;

2) «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

заңды және негізделген шешімдер қабылдауға;

қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды қамтамасыз етуге;

жеке және заңды тұлғалардың «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жолдаған өтініштерін қарауға, олардың орындалуын бақылауға, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен оларға жауаптар беруге;

жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды ұйымдастыруға;

қолданыстағы заңнамада қарастырылған өзге де міндеттерді іске асыруға міндетті.

3-тарау. «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру

19. «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде басшылықты бірінші басшы жүзеге асырады, ол жүктелген міндеттердің орындалуына және өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болады.

20. «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

21. «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

22. «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының өкілеттігі:

1) өз қызметін жүзеге асыру кезінде облыс әкімі мен жетекшілік ететін облыс әкімінің орынбасарына есеп береді;

2) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін білдіреді;

3) еңбек қатынастары мәселелері өз құзыретіне жататын «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметкерлерін заңнамаға сәйкес қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

4) стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың әзірленуын қамтамасыз етеді;

5) еңбек қатынастары мәселелері оның құзыретіне жататын «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметкерлеріне заңнамада белгіленген тәртіппен тәртіптік жаза қолданады және көтермелеу шараларын қабылдайды;

6) бұйрықтарға қол қояды;

7) «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

8) шарттар жасасады;

9) сенімхаттар береді;

10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға дербес жауапты болады;

11) «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмысын ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;

12) облыс әкімдігі мен әкімінің актілері мен тапсырмаларын орындайды;

13) «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

14) құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуді ұйымдастырады;

15) қызметтік этика нормаларының сақталуын қамтамасыз етеді;

16) гендерлік теңдік саясатын жүзеге асырады;

17) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесін бекітеді;

18) Қазақстан Республикасы заңнамасымен көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

«Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

23. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

24. «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмыс режимі:

1) «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі дүйсенбі мен жұма аралығында аптасына 5 (бес) күн жұмыс істейді;

2) «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмыс уақыты жергілікті уақыт бойынша сағат 09.00-ден сағат 19.00-ге дейін. Сағат 13.00-ден сағат 15.00-ге дейін үзіліс;

3) «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі сенбі және жексенбі күндері, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мереке күндері жұмыс істейді.

25. «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мен облыс әкімдігі арасындағы, «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі әкімшілігі мен оның еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

4-тарау. «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүлкі

26. «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкінің болуы мүмкін.

«Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

27. «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бекітілген мүлік облыстық коммуналдық меншікке жатады.

28. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату

29. «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

30. «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі:

1) «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасының «Өңірлік коммуникациялар қызметі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасының «Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

3) «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

4) «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасының «Ақпараттық-талдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

5) «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

6) «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

9-бет

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Нардың жүгін арқалаған ғалым

Бауыржан Иманғалиев!
Елімізге таныс есім. Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты, Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі. Жалағаш ауданының Құрметті азаматы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ұстаз-ғалым.

Сырдың құнарлы топырағынан нәр алған, Жалағаш өңірінен шыққан талай таланттар мен дарындардың есімдерін атауға болады. Филология ғылымдарының докторы Өтеген Күмісбаев, химия ғылымының докторы Рақыш Әміреев, ауыл шаруашылығы ғылымының докторлары Сұлтан Мырзабеков, Мамай Пірманшаев, медицина ғылымының докторлары Кәрібай Төлеутаев, Болатбек Баймаханов, Нариман Табынбаев, техника ғылымдарының докторлары Төрехан Қарлыханов, Қылышбай Бисенов, экономика ғылымының докторы Атамұрат Шәменов, тағы басқалары, бұл тізімді әрі қарай соза беруге болады. Алдыңғы толқын аға буынның ғылымдағы ізін жалғастырушы осы Бауыржандар екені анық.

Бауыржан Жалағаштың Аққыр ауылында дүниеге келді. Онжылдық мектепті үздік бітіріп, 1990 жылы әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетіне оқуға түсті. 1995 жылы университетті үздік дипломмен аяқтап, сол университеттің «Қазақ әдебиеті» кафедрасында оқытушылық қызметке қалдырылды. Университет қабырғасында ұстаздық ете жүріп, түрлі іс-шараға белсене қатысты, конференцияларда баяндама оқыды, жастарды тәрбие мен білімге баулыды. 1998 жылы «Темірбек Жүргеновтің әдебі-публицистикалық мұрасы» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады. Ғылыми жетекшісі Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Халық жазушысы Зейнолла Қабдолов болып еді. Өзінің ұстазы жайлы Бауыржан былайша толғанады.

«Мен өзімді бақытты жанмын деп есептеймін. Себебі, білім, ғылым жолында үлкен ұстаздардың көзін көрдім, дәрістерін тыңдадым, жас оқытушы боп ақыл-кеңестерін, батасын алдым. Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Қазақстанның Халық жазушысы Зейнолла Қабдолов, Зәки Ахметов, профессор Тұрсынбек Кәкішев, Алтай Аманжолов, Алма Қыраубаева, Мырзатай Серғалиев, Темірбек Қожакеев, Марат Барманқұлов секілді отандық әдебиеттану мен журналистика ғылымына еңбегі сіңген ірі ғалымдардың лекциясын тыңдап, санамызға сіңірдік. Берген ілімімен қатар, дауыстары да құлағымызда сіңіп қалғандай. Осы кісілердің ішінде Зейнолла Қабдолов ұстазымның мен үшін орны бөлек.

1995 жылы әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін үздік бітіріп, аспирантураға түстім. Бір жылдай диссертация тақырыбым бекімей созылып кетті. Ғылыми жетекшім басқа оқу орнынан болатын. Маған ұсынған тақырыбы көңіліме ұнамады. Мен мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің әдеби мұрасын зерттеуді таңдадым. Көз алдыма «елім, жерім» деп қазақтың мәдениеті мен әдебиетін, оқу-ағарту саласын өрге сүйреген, соңында қыршын кетіп артынан ұрпақ қалмаған қазақтың қаһарман ұлының бейнесі келе берді. Жүрегімнің түбінде тек Жүргеновті зерттеу, халыққа таныту болды. Үш жылдық аспирантура мезгілінің уақыты да сырғып өтіп жатты. Бір күні ой келіп Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің профессоры Бағдат Кәрібозов ағаммен ғылыми тақырыбым жөнінде ақылдастым. Бәкең менің жағдайымды білген соң, «Бауыржан, мен сені өзімнің ғылыми жетекшім Зейнолла Қабдоловпен кездестірейін» деді. Келіскен уақытта академиктің кабинетінде жолығып, мәнжай белгілі болғасын, Зекең «Ғылыми тақырыбыңды жетекшің жылға жуық бекітпей әбден сүрлеген екен» деп бір күліп алды. «Нарком Темірбек Жүргеновтен кандидаттық емес докторлық диссертация қорғалады. Материалдар іздесең табылады. Ол үшін көп еңбектенуің керек, айналайын. Алматыдан басқа ол қызмет еткен Өзбекстан, Ресей мемлекеттеріне барып, архивтерде тапжылмай отырып, ізденуің керек. Бұл үлкен жауапкершілік, әрі төзімділікті қажет етеді. Жүргеновті жүргізсең, ғылыми жетекшің өзім болам» деп сөзін түйіндеді.

Жиырмадан енді ғана асқан маған бұл сөз үлкен сенім әрі күш болды. Мен академик З.Қабдоловтың шәкірті болғаныма қатты қуандым. Көп ұзамай ғылыми жетекші өзі болып, 1930 жылдары алты Алаштың басы қосылған әрі Темірбек Қараұлының қайраткерлік қадамы басталған Ташкент, кезінде астана болған Қызылорда, Нарком болған Алматы қалаларының мұрағаттарына жіберді..»

Иә, «Жақсыдан шарапат» деген жақсылардан тәлім алған Бауыржан сөйтіп, қайраткер тұлға Зейнолла Қабдоловтың жетекшілігімен ғылым жолындағы тынымсыз еңбегін бастап еді.

Ұстазы Бауыржанды үлкен ғылымға бағыттап, кеңесін айтып, қолдап отырды. Жетекшісінің нұсқауымен темір нарком Жүргеновтің табаны тиген жерлерді аралады, ол болған қалалардағы шаң басқан архивтерді ақтарды. Нәтиже жаман болған жоқ, қайраткер-қаламгерден қалған мол мұра жинақтала берді, бұған дейін беймәлім болып келген көп мәлімет қолына тие бастады. Бұл кейін монография, жинақ, мақалалар жазуына да көп көмектесті.1999 жылы Т.Жүргеновтің әдеби мұрасынан кандидаттық диссертациясын сәтімен жақсы қорғады. Диссертация қорғап дипломды алғаннан кейін, «Ал, диссертацияңды қорғадың, құтты болсын, енді не ойың бар?» деді ұстазы бұған күлімсірей қарап, сыр тартқандай кейіпте. Жас қой, албырт шақ, нақты белгілеп қойған жоспары жоқ екен. Бар ойы, мақсаты диссертациясын қорғап шығу, сосын ғылыммен түбегейлі айналысу еді. Бірақ қызмет, жұмыс жайын ойламапты. «Нақты жоспарым жоқ, ғылыммен айналысқым келеді» деді ұстазына шынын айтып. Ұстазы күлімсірей тіл қатты «Өзім де солай ойлап едім, Бауыржан, ғылыммен айналысамын десең, осында қал, қызмет қумай-ақ қой, денің сау болса, оның бәрі бола жатады. Сенің қазір ғылыммен айналысатын кезің, уақытыңды босқа өлтірме» деді.

Бәрі сол ұстазы айтқандай болды. Зейнолла Қабдолов Бауыржанды өз кафедрасына оқытушылыққа алып қалды. Дүниеден өткенге дейін он жылға жуық қайраткер тұлғамен бірге қызмет еткенін осы күнге дейін мақтаныш етеді. Ұстазының бүкіл болмыс-бітімі, мейірімді жүзі көз алдында. Бауыржанды өз баласындай көрді, болашағынан үлкен үміт күтетін. Ұстазының бойында басқаларда кездесе бермейтін Құдай берген ерекше бір қасиеті бар еді. Ол үнемі айналасына шуақ шашып, келбеті нұрға толып жүретін. Жаратушы жүрегіне сыйлаған нұр сыртқа теуіп, көзінен, сөзінен, бет жүзінен төгіліп тұратын. Ол адамдардың тек қана жақсы қасиетін көретін. Кафедраға кіріп келгенде жүзінде нұр ойнап, «Айналайын, алтындарым, амансыңдар ма?» деп күліп кіретін. Небір қисық-қыңыр адамдар ол кісімен бір сағат сөйлескеннен кейін түзеліп кететін. Ол адамдардың көкірегінде бір қараңғылық болса, соны емдеуші, сауықтырушы, жарық беруші, сәулелендіруші бір тұлға еді.

Өзін ғылым-білімге баулыған жетекшісі, ақылшы ұстазы Зейнолла Қабдоловтың өзіне деген әкелік мейірімі мен ұстаздық ыстық ықыласын қалай ұмытсын! «Бүтін және бітім» деп көп айтатын философиялық сөзінің мағынасын кейін түсінді. Сол ұстазының арқасында жүргеновтанудың көкжиегін кеңейтіп, ғылыми мақалалар, кітаптар жазып, жиырма жылдан аса шәкірт тәрбиелеп келеді. Бұл күнде өзі де ұстаз болды, алайда Зейнолла Қабдолов Бауыржан үшін мәңгілік феномен болып қалды.

Иә, Бауыржан ұстаздың қадірін біледі. Ең алғашқы ұстазы – әкесі мен анасы. Әкесі Сәбит Иманғалиұлы бүкіл саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнап еді. Сәбит ағамыздың ұстаздық жолға келуі де қызық. Алғашқы мамандығы дәрігер еді, Қызылордадағы медициналық училищені бітіріп, ауылға келіп, осы салада жұмысын бастаған. Сәбит ағамыз біздің ауылдың ең алғашқы дәрігері болды. 1964 жылы сонау Қызылқұм қойнауынан мал шаруашылығымен айналысатын Аққыр совхозы құрылғанда Жаңаталап ауылында жұмыс істеп жатқан Сәбит ағамызды совхоздың алғашқы директоры Бердәулетов Камал ағамыз ауылға шақыртып алды. Сөйтіп Сәкең ауылдық ауруханада жұмысын жалғастырды. Кейін С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін бітіріп, білім беру саласына ауысты, №188 орта мектепте ұстаздық қызметін бастаған ағамыз кейін Мәдениет ауылындағы №32 орта мектептің директоры, облыста «Қазақ тілі қоғамының» жетекшісі, тілдер басқармасының басшысы қызметтерін атқарды. Сәкең ағамыз еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Қызылорда қаласындағы орысша атаумен тұрған көшелерді қазақ тіліне көшіруге, көшелерге өзіміздің қайраткер тұлғалардың есімін беру жолында көп еңбек етті. «Қызылорда көшелері» деген кітап жазып шықты. Кейін «Астана көшелері» деп аталатын кітабы да жарық көрді. Бұл кейінгі ұрпаққа тағылымы мол дүние еді. Себебі көшеге есімі берілген тұлғалардың кім екенін екінің бірі біле бермейді.

Анасы Зүбайра Қыстаубайқызы да – ұстаз. Мектепте, жоғары оқу орнында дәріс берді, бірнеше ғылыми еңбектің авторы.

Отбасында осындай ұстаздардан тәлім алған, университетте Зейнолла Қабдолов, Зәки Ахметов, Тұрсынбек Кәкішев, Алма Қыраубаева, Темірбек Қожакеев сынды шоңдардың алдын көрген Бауыржанның ұстаз, ғалым болмауға, ел үшін бел шешіп еңбек етпеуге қақысы да жоқ еді. Бауыржан 1997-2000 жылдары әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде аға оқытушы, 2000-2007 жылдары Алматы қаласы әкімдігі ішкі саясат департаментінде бөлім бастығы, Бостандық ауданы әкімі аппаратының жетекшісі, 2007 жылы Маңғыстау облысы әкімінің баспасөз хатшысы, баспасөз қызметінің жетекшісі, 2008-2010 жылдары Алматы қаласы әкімдігінде бөлім бастығы, 2010-2012 жылдары Алматыда Қазақ Ұлттық аграрлық университетінде департамент директоры, проректор, 2012-2017 жылдары Астанада Қазақ агротехникалық университетінде баспасөз орталығының директоры, 2017-2018 жылдары Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінде бас сарапшы, қоғамдық кеңестің хатшысы, 2018 жылдан бүгінге дейін Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде журналистика және саясаттану факультетінің доценті.

Бауыржанның ғылым саласындағы еңбектерін санамалап айта берсек, бірталай дүние жазуға болады. Олардың ішіндегі ең шоқтығы биігі – «Темір нарком» атанған Темірбек Жүргенов туралы зерттеулері. Бұл шаруаға Бауыржанның алдына дәйекті мақсат қойып, белді бекем буып, үлкен дайындықпен келгенін білуге болады. Әйтпесе Темірбектей қайраткер тұлғаның жүріп өткен жолын, оның бүкіл қайраткерлік болмысын ашу оңай шаруа емес. Бауыржан Темірбек Жүргеновті зерттеуге бақандай 30 жылын жұмсады. Бірақ еңбек еш кеткен жоқ, нәтижелі болды. Жас ғалым Қазақстан, Ресей, Өзбекстан республикаларының архивтерін аралап, ақтарып, Т.Жүргенов, Алаш қайраткерлері туралы 1 монография, 3 жинақ, 100-ге жуық ғылыми және публицистикалық еңбектері жарыққа шықты. Халық аяулы ұлымен қайта табысты және оны басқа қырынан танып, қайраткер қазақтың өмірі мен қызметінің осы уақытқа дейін көмескі болып келген кезеңдерімен танысты.

Сөйтіп Бауыржан жүргеновтанушы-ғалым ретінде республиканың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің әдеби шығармашылық мұрасын алғаш ғылыми айналымға түсірді.

1930 жылдары Халық Ағарту комиссары болған нарком Темірбек Қараұлы туралы «Темірбек Жүргенов» деректі фильмдерінің бас кеңесшісі болды және сценарийін де өзі жазды. Бұл фильмдер «Хабар», «Қазақстан», «Ел Арна» телеарналарынан тұрақты көрсетіліп келеді.

Жоғары білім саласындағы айрықша табыстары үшін 2018 жылы Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланды. «Үздік ұстаз-2018» республикалық байқауының жеңімпазы атанды, «Мерейлі отбасы-2018» республикалық конкурсының Алматы қаласы бойынша «Гран-при» иегері болды.

Қайда жүрсе де, қандай қызметте болса да оның қолынан қаламы түскен емес. 2001 жылы 15 баспа табақтан тұратын «Т.Жүргенов. Таңдамалы. Избранное», 2012 жылы 28 баспа табақтан тұратын «Темірбек Жүргенов», 2013 жылы 37 баспа табақ «Т.Жүргенов. Шығармалары», 2012 жылы 17 баспа табақ «Қос шынарым» деп аталатын дүниелері жарық көрсе, Т.Жүргенов туралы түсірілген 2 деректі фильмнің кеңесшісі болды.

Сонау жігіттік бозбала шағынан-ақ Бауыржанды қазақ әдебиеті мен мәдениеті, Алаш тарихы, қайраткер тұлғалардың өмірі мен қызметі қызықтыратын. Студент кезінде-ақ осы бағыттағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі нобайын айқындаған еді. Әрі қарай өзінің ғылыми бағыты бойынша жоғарыда айтқан табыстарға жетуі Бауыржанның бойындағы атаның қанымен, ананың ақ сүтімен берілген парасат-пайым, білуге құштарлық, сабырлы да салиқалы ой, алдына мақсат қоя білушілік, адамдармен қарым-қатынастағы жоғары мәдениет пен дегдарлық, тектілік сияқты асыл қасиеттердің септігі тигені анық.

Қайда жүрсе де, қандай қызметте болса да туған жерді бір сәтке естен шығарған емес. Елдегі әрбір жаңалыққа еленде отырады. «Ел іші – өнер кеніші» дегендей, елде небір талант жүр, білімге құштар жастар өсіп келеді. Сол балалардың үлкен жерден білім алуына септігім тисе екен дейді. Осы мақсатта Жалағаш ауданындағы мектептің үздік оқушыларына өзінің атынан шәкіртақы тағайындады. Оқимын деген елдегі жасөспірімдерге бағыт береді. Жоғары оқу орындарына түсуіне көмектесіп келеді.

«Нар жолында жүк қалмас» деген біздің данышпан бабаларымыз. Міне, сол нардың жүгін арқалаған ғалым ініміз бүгінде ердің жасы елуге толып отыр. Елу байыппен қараған адамға аз да емес, көп те емес. Елу жылда елім деп еміренген ерлер «егеулі найза қолға алып», елге беретінін беріп үлгіреді. Алайда Бауыржанның елге бергенінен беретіні көп деп ойлаймын.

Тұрақ АДИСҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

ЭВЕРЕСТ ФИНАНС МКҰ
ШАҒЫН НЕСИЕ
✓Зейнеткерлер (78 жасқа дейін) мен жұмыс істейтіндерге
✓1 000 000 теңгеге дейін
✓кепілдіксіз ✓ өте тез!
✓алты жылға дейін
✓жоғары несиелік ауыртпалығы және нашар несиелік тарихы бар қарыз алушыларға!
ЭВЕРЕСТ Финанс
ТӨМЕН % СТАВКАЛАР
Қызылорда қ., "Принт" баспахана ғимараты, Байтұрсынов к-сі, 49, 2 қабат, 3 кеңсе (№3 гимназияға қарама-қарсы)
тел. 8(7242) 92 52 25, 8708 363 59 45
ҚР Ұлттық Банктен №KZ01vg00000355 лицензиясы берілген

Мониторинг жалғасуда

Аймақта халыққа көрсетілген медициналық қызметтердің сапасы мен көлемі бойынша 47 мыңға жуық кемшілік анықталды.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының сарапшылары мемлекет тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) шеңберінде және МӘМС пакеті бойынша жеткізушілер көрсеткен қызметтердің сапасы мен көлеміне мониторинг жүргізуді жалғастыруда.

Жыл басынан бері 10 айда халыққа медициналық көмек көрсету кезінде 46,6 мыңдай түрлі кемшілік анықталды, медициналық ұйымдарға салынған айыппұл сомасы 402 млн теңгеден асты.

«ТМККК және МӘМС пакеттері бойынша қор жеткізушілері халыққа көрсеткен медициналық қызметтер үшін ақы төлеу осы қызметтердің сапасы мен көлеміне мониторинг жасалғаннан кейін ғана жүргізілетінін атап өткен жөн. Іс жүзінде көрсетілген және медициналық көмек көрсету стандарттары мен ережелерін, сондай-ақ клиникалық хаттамалардың ұсынымдарын сақтай отырып, құжат арқылы расталған қызметтерге ақы төленеді» деп атап өтті «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ облыс бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов.

Қор филиалының директоры түсіндіргендей, анықталған кемшіліктің басым бөлігі жан басына шаққандағы нормативке кірмейтін, әрбір қызмет жеке төленетін консультациялық-диагностикалық қызметтерді көрсетумен байланысты. Жалпы құны 50,1 млн теңге болатын 36,8 мыңнан астам осындай ақаулар тіркелді. Сондай-ақ, амбулаториялық-емханалық көмек көрсету кезінде 4,1 мың ақау, тәулік бойы жұмыс істейтін стационарларда медициналық көмек көрсету кезінде 5,5 мың кемшілік анықталды.

Жыл басынан сарапшылар нақты көрсетілмеген қызметтердің 288-нен астам жағдайын анықтады, пациенттер медициналық қызметті алған болып ақпараттық жүйелерге енгізілген. Осындай жағдайлар бойынша анықталған кемшіліктер үшін медициналық ұйымдарға 3,6 млн теңге айыппұл салынды.

Шағым немесе өтініш беру үшін 1406 телефонына немесе Qoldau - 24/7 мобильді қосымшасы арқылы хабарласу қажет.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ облыс бойынша филиалдың халықты ақпараттандыру және өтініштерді қарау жөніндегі бөлімі

Хабарландыру

«Мақпалкөл» ЖШС қатысушыларына құрылтайшылардың кезектен тыс жалпы жиналысы 2020 жылдың 21 желтоқсан күні сағат 10.00-де мына мекенжайда өткізілетінін хабарлайды: Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Т.Жүргенов ауылы, М.Нұрылдаев көшесі 50 үй.

Күн тәртібінде:

1. Құрылтайшылардың жер үлесін бөліп беру.

Сонымен қатар құрылтайшылардың жалпы жиналысының күн тәртібіне қосатын ұсыныс-пікірлеріңіз бар болса, он күн ішінде жиналыс ашылғанға дейін серіктестікке ұсынуларыңызды, жиналысқа міндетті түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

«Мақпалкөл» ЖШС әкімшілігі.

Хабарлама

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ТузкольМунайГаз Оперейтинг» ЖШС (20-14) «Батыс Тұзкөл кенішіндегі №19, 93, 109, 126, 250, 326 ұңғымаларына кіреберіс автожолдар салу» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 4 мекенжайында және meruert.srazhadinova@tmgoperating.kz электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-95-40.

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Қалтайқызы Ақтолқын (лицензия №000549 03.08.2006) 2020 жылдың 13 маусымында қайтыс болған, Қызылорда қаласы, Б.Майлин көшесі №65 үйде тұрған Бекниязова Урзада Абдрахмановнаның атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлер болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: **Қызылорда қаласы, Торайғыров көшесі №80-А/12. Тел.: 8 701 122 99 93.**

Жарамсыз деп есептелсін

«KBM-standard» ЖШС-ның (БСН 100840013803) мөрі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

«ҚЭТТК» АҚ ұжымы мен кәсіподақ комитеті «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ-ның басқарма төрағасы Кәрімбаев Мұхиджан Ысмайылұлына анасы
Төлтай Жүнісбекқызының
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

***

Қызылорда облыстық тері-венерология диспансерінің ұжымы диспансер дәрігері Піржанов Сақтаған Махатайұлына анасы
Ажар Рахметқызының
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ОҚЫРМАН ОЛЖАСЫ

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Кеше А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде 80 жасқа толған еңбек ардагері, Қызылорда қаласы мен Қармақшы ауданының құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері Сәпен Аңсатовтың «Ұлт рухын түлеткен Темірбек Жүргенов» және «Айтарым бар» атты кітаптарының тұсаукесер рәсімі өтті. Қызылорда қаласының әкімдігі ұйымдастырған шарада қала әкімінің орынбасары Асқарбек Есжанов шаһар басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың атынан мерейтой иесін құттықтап, ыңғына шапан жапты. Еңбек ардагері бұл ықыласқа ризашылық білдіріп, жүрекжарды сөз сөйледі. Ал біз тұсауы кесілген осы қос кітап ішінде «Тұмар» баспасынан жарық көрген «Айтарым бар» кітабының айтар сөзіне шолу жасаған едік.

Sb Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»

АЙТАРЫ БАР КІТАП



Осыдан біраз жыл бұрын Сәпен ағаның «Болмыс» атты кітабын да парақтап шыққан едім, бұл кітап сол ізгі сөздің ізін жалғапты.

Аты айғақтап тұрғандай, кітапта ар, ұят, иман дейтін асыл қасиеттер тұрғысынан баян етілген әңгімелер баршылық. Оқыған адам бас алмай аяқтауға тырысады. Бір-біріміздің бетімізге шіркеу болмайық деген көңілжықпастықпен пәндауи тірлікте айтылмай қалатын ақиқаттар алдыңыздан атойлап шығады. «Айтпаса, сөздің атасы өледі» деген баба байламын басты қағида қылып ұстанған автор өмірдің өз болмысын саясаттағы, әдебиеттегі, әншейін тіршіліктегі деп бөлежармайды, адамға тән тазалық пен асқақ рухтан іздейді. Дәл осындай рух биігінен қарайтын болмыс қандай жағдайда да адамдықтан төмендемейді, ақиқаттан аттамайды. Мұндайда оған айналасындағылардың үн қоспай, меңіреу тыныштықта жалғыз қалатын сәттері де аз емес. Сол сәттерге жазушының өзі жауап береді:

«...Сәпен аға, сізге не болған? Мына сөзіңіз қисынсыз ғой. Оның реті, жөні былай еді ғой деп неге айтпайды? Неге менімен сөз таластырмайды. Дұрыс емесінді дәлелдеп жатса, арманың болмас еді ғой деп, іштей арпалысамын да, бұдан былай көпшілікпен бір болармын деп өзіммен өзім серттескендей күй кешемін. Бірақ, анамның: «Ақиқат жолында бол. Адам бол» дегенінен... шыға алмай қаламын» («Айтарым бар», 200-б.).

Көпті көрген ақсақал қоғамдағы болып жатқан оқиғаларға бей-жай қарамайды, биге де, қараға да ақты айтады. Өйткені, ол ескі сөздерді, есті сөздерді көп біледі, ата-ананың тәрбиесін тұла бойына түйініп, жыраулардың, сүлейлердің өсиетін сүйініп жаттаған жан.

...Бақа би дүние салғанда көңіл айтып келген біреу: «Тоқсаннан асқан кісінің өлімі той ғой» десе керек. Сонда бидің келіндерінің бірі: «Білмеген адамға тоқсандағы шал өлді, білген адамға ту құлады, хан өлді» депті. Қандай терең, тебіреністі сөз!

Мен бұл ғибратты да осы кітаптан алып отырмын. Кітапта Сыр сүлейлері мен билерінің өміршең өнегесі жиі ұшырасады.

Абыз ақсақал шығармаларында қазақтың ғажап ақыны Қадыр Мырза Әлінің өлеңдерін шебер пайдаланады. Шынында, көбіміз аңғара бермейміз, Қадыр ақынның тұрақты тіркеске, мақалға айналып кеткен қаншама өлең жолдары бар. Мен Сәпен ағаны қадыртанушы деймін, өйткені, Қадыр поэзиясын Сәпен ағадай білетін адам аз. Ол кісі біліп қана қоймайды, ақын өлеңінің әрбір жолын талдап-таразылап отырады.

Өлеңді оқу бар, түсіну бар. Осы тұрғыдан келгенде Сәпен ағаның мойнымыз жар бермейтін біраз шаруаны орындап тастағанын көреміз. Мәселен, күллі қазаққа танылған Сыр елінің сыршыл ақындары – Қомшабай Сүйеніш, Шаһизада Әбдікәрімов, Әділ Ботпанов шығармалары туралы қайсымыз тұшымды пікір айта қойдық екен?

«Айтарым барда» біздің осы олқылығымыздың орны толыпты. Ағаның ақындарға берген мінездемесі мейлінше шынайы. Ол Шаһизада ақынды «Өзіне өзі сыймағаннан ақыннан жыр шығады» деп Қадыр сөзімен бағалайды. Ақынға өлеңнің ұйқасы аздық етеді, оған қиянат көрсе, орнынан қарғып тұратын мінез, жұртты алаламай сүйетін әділ жүрек керек. Міне, жазушы ақындардың бейнесін осындай көзқараспен көреді.

Жалпы алғанда, күмәнсіз һәм риясыз айтары бар Сәпен Аңсат кітабын оқыған кісі өзінің ішкі дүниесінде жоғалтып жүрген біраз қымбатын таба алады.

Ендеше, олжаңыз құтты болсын, оқырман!

Өнерлі өрендер асуы

Оқушыларға музыкалық тәрбие беру, олардың өнерге деген қызығушылығын ояту мақсатында Шіркейлі әуез мектебі 2016 жылы ашылған.

Мектеп директоры Темірбек Досжановтың айтуынша, мұнда дарынды, қабілетті балаларды 11 мұғалім өнерге баулиды. Мектепте домбыра, қобыз, хореография, фортепиано, вокал, баян мамандықтары бойынша 110 оқушы дәріс алуда.

Үш түлек Қазанғап атындағы музыкалық жоғары колледжінің студенті атанды. Маман даярлау жолында аянбай тер төгіп келе жатқан ұстаздардың еңбегі зор. Өнер жолын таңдаған оқушылар әртүрлі халықаралық байқауларда ауылдың, мектептің абыройын асқақтатып жүр.

Жақында Шіркейлі әуез мектебінің оқушылары «Өнерге» интеллектуалды білім порталының қашықтан өткізілген республикалық «Өнерлі өрен» байқауына қатысып, Ислам Жолбарысов, Жарасхан Арысбекұлы, Нұрислам Руфатұлы, Жанерке Тәңірберген бас жүлдені, Аймереке Құдайберген, Ерзат Алтынбай 1-орынды, Нұржігіт Сражов 2-орынды иеленді. Бұл – жетекшілері Замира Қошқарова, Гүлпатшайым Байғараева, Жайнагүл Ермашова және мектеп ұжымының жүйелі әрі еселі еңбегінің жемісі.

Гүлнафис ИБРАГИМОВА,
Шіркейлі ауылы,
Сырдария ауданы

СЕНБІЛІК СҰХБАТ

«Әліпби ауыстыру – бір әріптің орнына екіншісін қою емес»

Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

Латын әліпбиіне көшу ел тарихындағы жаңа бетбұрыс болмақ. Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастау керегін айтқан еді. Сол уақыттан бері латын әліпбиінің түрлі нұсқалары ұсынылып келеді.

Осы орайда, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Аман Абасиловпен латын графикасына көшудің маңызы, жаңа әліпби турасында сөз қозғадық.

– Сұхбатымызды латын әліпбиіне өтудің маңызынан бастайықшы. Жаңа әліпбиге көшу бізге не береді?

– Қазақ халқы түрлі тарихи кезеңді басынан өткерді. Патшалық отарлау саясаты, Кеңестік саяси жүйе ұлт тіліне үлкен өзгеріс әкелді. Ал тіл – ұлттың бітім-болмысына, болашағына әсер ететін ең маңызды фактор. Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласында латын әліпбиіне көшу жұмыстарын таяу жылдардағы міндеттерге жатқызуының осындай үлкен мәні бар. Орыстандыру саясатының салқынынан әсіресе, тіліміздің дыбыстық жүйесі мен сөздік қоры зардап шекті. Ол тұтастай тіл жүйесінің бұзылуына әкелді. Демек оны қайта қалпына келтіру керек. Бүгінде осының сәті түсіп тұр. Әліпби ауыстыру – бір әріптің орнына екінші әріпті қоя салу емес. Бұлай саяз ойлауға болмайды. Әліпбиді өзгерту тіліміздің бұзылып бара жатқан жүйесін қалпына келтіріп, реформа жасап алу үшін керек. Тілдік реформаның басқа реформадан айырмашылығы бар. Айталық, саяси, экономикалық реформа лауазымды тұлға, сала мамандарының қатысуымен кабинетте шешіледі. Оның нәтижесін халық бірден емес, екі, бес, тіпті он жылдан кейін көруі мүмкін. Ал тілдік реформа кабинетте шешілмейді. Тілдік реформа сол тілде сөйлейтін халықтың бойынан өтуі керек. Өйткені қоғамның тілсіз күні жоқ. Сол сияқты тілдің де қоғамсыз дами алмайтыны белгілі. Дегенмен, «Шымшық сойса да, қасапшы сойсын» деген тәмсілге сүйенсек, әліпбиді лингвистер, оның ішінде тілдің дыбыстық жүйесі мен заңдылығынан мол хабары бар мамандар жасағаны дұрыс. Әліпбидің осы күні 300-ден астам жобасы жасалды. Оған лингвистерден бөлек, осы салаға мүлде қатысы жоқ адамдар да араласып жатыр. Даңғазалық көбейіп, жұрттың бәрі Байтұрсынұлындай болғысы келеді. Бір шешімге тоқтамау себебінен, әліпби жасау ісі үш жылдан бері бір орнынан қозғалмай, тұралап тұр. Бірі орыстың «В» деген әрпі керек, фамилия -ов, -ев жұрнағынсыз қалай болмақ десе, бірі «Ф» керек, философия деген сөзді қалай айтамын деп өз нұсқасын ұсынып әлек.

– Сонда әліпби жасауда бұрынғы қолданылған ескі латын әліпбиі ескерілсе дейсіз ғой...

– Сөзіміз түсінікті болуы үшін тарихқа шегініс жасайық. Қазақ халқы 4-5 әліпбиді басынан кешірді. Ертеректе руна жазуы, ортағасырда араб графикасы, одан А.Байтұрсынұлының араб графикасындағы төте жазуы, Кеңес заманында латын, одан осы күнгі кирилл әліпбиін пайдаландық. Кезінде В.Ленин бүкіл кеңестік елдің латын жазуын қолдануы жөнінде идея айтқан. Оны А.Луначарский деген ғалым дәлелдеп, еңбектерінде жазған. Ленин өмірден өткесін мәселе аяқсыз қалады да, кейін күн көсемнің сөзін жерге қалдырмай, кеңес құрамындағы 5 түркі халқына тәжірибе ретінде латын әліпбиін енгізеді. Бұл жазу 1929-1940 жылдар аралығында пайдаланылды. Осы әліпбиде бүкіл түркі халықтарының дыбыстарын қамти алатындай ортақтық бар. Сондықтан бұл әліпби түркі халықтарының ынтымақтаса түсуіне жақсы нәтиже беріп, байланыс нығая бастаған. Ал ол Кеңес үкіметіне жақпады. Дереу әліпбиді кириллицаға ауыстыру туралы шешім шығарады. Сөйтіп осы күнгі кирилл әліпбиіне өттік. Жалпы о баста түркі халықтарына латын әліпбиін енгізудің астарында оларды болашақта орыстандыру, біртұтас кеңес халқын жасау саясаты болған. Сондықтан да бұрын араб графикасын пайдаланып жүрген мұсылман халықтарына орыс тілін, орыс графикасын енгізуді бұл біраз оңайлатты. Әліпбиді алдымен латынға, кейін бастама сәтті жүзеге асқасын орыс графикасына ауыстыра қойды. Мұнан бұрынырақта кириллицаға өтудің алғашқы жобаларын Ильминский ұсынып, оған Ыбырай Алтынсаринді тартқан. Ильминский – түрколог-ғалым, педагог, бірақ патшалық Ресейдің Қазақстанды мәдени отарлауының көпжылдық жоспарын жасаушылардың бірі. Бұл жобаның нәтижелері Кеңес заманында да пайдаланылды. Н.Ильминскийдің көмегімен Ы.Алтынсарин ашқан мектеп жалпықазақтық сипат ала қоймады. Өйткені орыс графикасын көрген халық балаларымыз шоқынып кетеді деп қорыққан. Осыны ұққан А.Байтұрсынұлы халықты тез сауаттандырудың төте жолын іздеп, қазақтың төл дыбыстарынан тұратын әліпбиді араб графикасында жасады. Араб графикасы қазаққа дін арқылы орта ғасырдан бері таныс. Бұл жазуды оқи алмаса да Құран кітаптан, мешіттен көріп жүр. Міне, А.Байтұрсынұлы халық арасында араб графикасының осындай таныстығын пайдалана келе әліпбиді араб графикасында құрастырды. Бұл әліпби тез арада жалпыхалықтық сипат алып, халықтың тез сауаттануына жол ашты. Әліпбимен бірге қазақ тілінің күллі жүйесі қарастырылып, ғылым ретінде қалыптасты, әдеби нормаланды. Ғалым тіліміздегі барлық әдеби норманы ауызекі сөйлеу тілінен алып жасады. А.Байтұрсынұлы бұл туралы былай дейді: «Еділден бастап Ертіске дейін, Оралдан бастап Ауғанға шейін қазақта тіл де бір, емле де бір. Қойшы, түйеші, биеші емлесі деген қазақта жоқ нәрсе. Тоқсандағы шалының, тоғыздағы баласының – бәрінің емлесі біреу-ақ». Осы тұста орыстың Л.Шерба деген ғалымы А.Байтұрсынұлының әдеби тілді ауызекі сөйлеу тілі арқылы нормалауына қарсы пікір білдіріп, «қазақта Байтұрсынұлы деген біреу ауызекі тілді әдеби тіл етіп жатыр. Онысы дұрыс емес. Әдеби тіл – хатқа түскен тіл. Ауызша айтылған сөз әдеби норма бола алмайды» дейді. Ал А.Байтұрсынұлы: «Өз тіліміздің шығарып емле түзгенше, халықтың айту ауанынан шықпаймыз. Басқаларда даяр емле бар ғой, соны алайық деп, қисық емлемен тілімізді қисайтпаймыз. Тілдің ауанына қарамай қаріптің, емленің ауанына бұрып, тілдің көркін бұзған, әдеби тілмен жазамыз деп, жат тілмен жазып, өз тілінен айырылған басқа түріктердің ізіне түсіп, тілімізді аздырғанымызды мақұл көрмейміз» дейді. Л.Шерба кейіннен А.Байтұрсынұлын мойындап, оны теңдесі жоқ реформатор деп бағалаған. Тілдің өзінің қорғаныш иммунитеті болады. Бірақ түрлі сыртқы және ішкі факторлардың әсерінен бұл иммунитет те әлсірейді. Соның бірі тілімізге жат дыбыстардың енуін айтуға болады. Бұл қазақтың «Бір қарын майды бір құмалақ шірітеді» деген мәтеліне дәл келеді. Айталық, тілімізге ислам діні, араб тілі арқылы енген «Ә», «Х», «Ф», «Һ», орыс тілінен енген «В», «Ц», «Щ», «Ю», «Я», «Ч» дыбыстары тілдік жүйені бұзды. Қазір біз соны жөндей алмайтын, қазақ сөзін сауатты жаза алмайтын деңгейге жетіп қалдық. Өзге тілден сөз алу үдерісі тоқтады. Сондықтан да бізге тілдік реформа керек. Баяғы қалпымызға түсу қажет. Қайта түсу үшін өз тіліміздің жүйесіне, заңдылығына сай төл әліпби жасамай болмайды.

– Сіздің ойыңызша, әліпби тек төл дыбыстардан құралу керек пе?

– Иә, А.Байтұрсынұлы көрсетіп берген төл 28 дыбыстан тұратын ғана әліпби жасалу керек. Өзге тілдің дыбысынан құралған әліпби керек емес. Дүниеде бір халық екінші халықтан сөз алады, бірақ дыбыс алмайды. Мысалы, французбар ағылшыннан сөз алады, бірақ қалай жазамыз деп оның дыбысын алмайды. Орыстарда да солай. Қазір ағылшын тілінің көп қолданылатын «Briefing» сөзін орыстар өз тілінің заңдылығымен «брифинг» деп алады. Соған еріп біз де солай ала саламыз. Неге өз тіліміздің заңдылығымен «брейфейң» деп алмасқа? «Самаурын» деген үлгімен сөзді басып-жаншып, өзімізге ыңғайлы етіп алуға болады ғой. Оған тілдің мүмкіндігі жетіп тұр. Жетпей тұрған құлдық санамыз. Төл дыбыстардан тұратын әліпби жасасақ, тіліміздің жүйесі бұзылмайды, ата-бабамыз сөйлеген тілге барамыз. Шетелден кірген сөздерді қалай жазамыз деген дау болып жатыр. Бірі шетелден енген сөзді өзімізге ыңғайлап айтайық десе, бірі сол түпнұсқа тілде аламыз дейді. Түпнұсқа тіл деген болмайды. Дүниеде әр халықтың тілі өзіне ғана түпнұсқа.

– Жаңа әліпби жасау үшін латын графикасын пайдалануға не себеп болды?

– Латын графикасын әлем халықтарының көбі пайдаланып отыр. Оның себебі де бар. Айталық, кирилл әліпбиінің иесі – орыстар, грузин жазуының иесі – грузиндер, армян жазуы – армяндікі, араб графикасы – арабтікі, иероглиф – қытайдікі. Әрқайсының өз иесі бар. Ал латын графикасының иесі жоқ. Латын халқы да, ұлты да жоқ. Латын қазір өлі тіл саналады. Сондықтан иесі жоқ жазуды әр халық өзінің тілдік жүйесіне, дыбыстық ауанына ыңғайлап алады. Бұл күнде латын графикасын өздеріне біршама ыңғайлы етіп алған тіл – ағылшын тілі. Қалған француз, неміс, түрік, өзбек, әзербайжанның, т.б. латын графикасын пайдалануында шешілмей жатқан проблемалары бар. Мысалы, ағылшын тілінде 46 дыбыс бар, сол дыбыстарды 26 латын графикасына сыйғызып отыр. Олар кейде екі әріпті бір дыбыспен де береді. Ал французбар үш әріптен, неміс төрт әріптен бір дыбыс шығарады. Өздерінің тіл заңдылығына орай солай жасап отыр. Ал бізде «бір дыбыс – бір әріп» деген ұғым графикалық санамызда бұрыннан қалыптасып қалған. «Бір дыбыс – екі әріп» деген ұғым біздің санамызға сыймайды. Ол бізде болған да емес. Сондықтан бірінші кезде ұсынылған әліпбидің кемшілігі де сол болды. Ол әліпбиді жасаушылар бір дыбысты екі әріппен бергісі келді. Мысалы, «Ш – SH» нұсқасы. Бұл әліпби бойынша кейбір сөздер дұрыс оқылмай, күлкі тудырса, кейбір сөзде бірнеше нұсқада оқылды. Мысалы, «ashana» дегенді «асхана» деп те, «ашана» деп те оқуға болады. Одан кейін әріпүсті диакритикалар – умлаут (Ää, Öö, Üü), макрон (Ūū), бревис (Ğğ), тильда (Ññ) белгі қою туралы ұсыныстар айтылды. Бұлар қазіргі жетілдірілген әліпби нұсқаларында пайдаланылып жүр.

Біздің тіліміздегі Байтұрсынов көрсеткен 28 дыбыс бар. Ағылшындар 46 дыбысын 26 әріпке сыйғызып отырғанда, біз 28 дыбысымызды сыйғыза алмай отырмыз. Екі-ақ әріп жетпей тұр. Бірақ әліпби жасаушылар қазір жетпей тұрған жерден латын графикасындағы «С», «W» деген таңбаларды пайдаланбай алып тастап отыр. Тіл маманы ретінде айтарым, қазір ұсынылып жүрген әліпби нұсқаларын лингвист ғалым жасамаған сияқты. Әліпби жасау ісінің үш жылға созылуының себебі де осында болуы керек. Ана сөзді, мына сөзді қалай жазамыз деп жат дыбыстарды қайта қосып жатырмыз, алып жатырмыз. Мұндай әліпбидің, біріншіден, ғылыми негізі жоқ, екіншіден, тіл жүйесіне сай емес, сондықтан болашағы да бұлыңғыр ма деп ойлаймын. Бірақ бізге кері шегінуге болмайды, латын графикасына негізделген қазақ әліпбиін жасауымыз және болашақта пайдалануымыз керек. Осыған байланысты жұртшылық арасында түсінбестіктен туындап жүрген бір мәселеге жауап бере кетейін. Ол біз қазақ тілін тастап, латын тіліне көшейік деп жатқанымыз жоқ. Біз латын графикасында жасалған жаңа қазақ әліпбиін жасап, тіліміздің өркендеткелі жатырмыз.

– Латын әліпбиі қабылданған кезде әліпбиді қалай үйренеміз деген үлкендерде сенімсіздік бар. Халықтың жаңа әліпбиге үйренуі қанша уақытқа созылуы мүмкін?

– Қай кезеңде болмасын, әліпби ауыстыру жеке адам үшін түк те проблема емес. Жеке адам кез келген әліпбиді бірнеше сағатта-ақ үйреніп алады. Өзіме бір аудиторияны жаңа әліпбиге үйрет десе, екі-ақ сағатта бәріне түсіндіріп шығар едім. Әліпбиді үйреніп алған соң, оның емлесін бірте-бірте меңгеріп кетеді. Бір адамның басында тіпті бірнеше әліпби жүруі де мүмкін. Ал мемлекет үшін көп қаржы, шығынды талап етеді. Қаншама күш керек. Бірақ тілге реформа жасалса, ұлттық санамызда да сілкініс, үлкен өзгерістер болмақ.

Әңгімелескен
Айдана ЖҰМАДИНОВА,
«Сыр бойы»

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyikz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп,
«ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы
«Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 26524 | Тапсырыс №576 | Кезекші редактор Әділжан ҮМБЕТ